5 Nauryzbaeva, G.A. Kitaphana isi tarihy: oku kuraly [History of library science: a manual]. Almaty, (2022): 258 b. – (In Kaz)

6 Kenesarina, G.T. Biblioteki Kazahstana v sovetskij period: 1917-1991 gg [Libraries of Kazakhstan in the Soviet period: 1917-1991]. Almaty, (2005): 325 b. – (In Rus)

7 Myrzaly, M. Ajmaktagy algashky kitaphana [Jelektrondy resurs]. «Aktobe» gazeti, 10 akpan 2023 zhyl. https://aqtobegazeti.kz/?p=124808 – (In Kaz)

8 Aktobe oblysy kitaphanalarynyn anyktamalygy [Directory of libraries of Aktobe region] / kurast. K.S. Rajymbaeva; red. G.F. Hamzina. Aktobe, (2011). – 233 b. – (In Kaz)

9 Elamanov, K. Shezhireli onir (Yrgyz zheri men eli zhajly derekti zhinak) [Chronicle region (documentary collection about the land and country of Irgiz)]. Aktobe, (2002): 447 b. – (In Kaz)

10 Afanas'ev, V. Sobytija i sud'by: zametki Aktjubinskogo kraeveda [Events and destinies: notes of the Aktobe local historian]. Aktjubinsk, (1992): 86 s. – (In Rus)

11 Bazylkyzy, G. Aktobedegi algashky kitaphana [jelektrondy resurs]. «Aktobe» gazeti, 20 tamyz 2009 zhyl. https://aqtobegazeti.kz/?p=2978 – (In Kaz)

12 Aktobe: Jenciklopedija [Aktobe: Encyclopedia]. Aktobe: TOO «Otandastar-Poligrafija», (2002): 786 s. – (In Rus)

13 Gosudarstvennyj arhiv Aktjubinskoj oblasti (GAAO). F. 59, opis' 1, delo 57. – (In Rus)

14 Bibliotechnoe delo v Kazahstane 1946-1975 [Librarianship in Kazakhstan 1946-1975]. Sb dok. i mat./sost. N.S.Shakirova. Alma-Ata, (1991): 342 s. – (In Rus)

15 GAAO. F. 32, opis' 1, delo 151. – (In Rus)

16 S.Bajishev atyndagy Aktobe oblystyk ambebap gylymi kitaphanasynyn tarihy [Jelektrondy resurs] / https://baishev.kz/kz/kitapkhana-turaly/kitapkhana-tarikhy.html – (In Kaz)

17 GAAO. F. 13, opis' 1, delo 42. – (In Rus)

18 Bokanov, R. Istoricheskij opyt podgotovki i vospitanija kadrov sel'skih uchrezhdenij kul'tury Kazahstana (1946-1960 gg.): avtoref. ... k.i.n. [Historical experience of training and education of personnel of rural cultural institutions of Kazakhstan (1946-1960): abstract ... Candidate of Historical Sciences]. Alma-Ata, 1992. – 22 s. – (In Rus)

Мәден Асылбек Төреханұлы*[1]
Тарих ғылымдарының кандидаты, «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ, Қазақстан Республикасы, 030000, Ақтөбе қ., А.Молдағұлова даңғылы, 34, maden.assylbek80@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-4498-8105
Аманкелді Ақерке Мұратбекқызы[2]
Магистрант, «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ, Қазақстан Республикасы, 030000, Ақтөбе қ., А.Молдағұлова даңғылы, 34, akerke4kz@mail.ru, ORCID ID: 0009-0000-7472-8801

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНДА КІТАПХАНА ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ТАРИХЫ (1880-1980 ЖЖ.)

Аңдатпа. Мақалада 1880-1980 жылдар аралығындағы Ақтөбе облысындағы кітапхана ісінің қалыптасуы мен даму тарихы жан-жақты қарастырылады. Зерттеу архивтік құжаттар, ғылыми әдебиет және өлкетанулық дереккөздер негізінде жүргізілді.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

Өңірлік кітапхана жүйесінің эволюциясы кезең-кезеңімен сипатталады: алғашқы мектептік, шіркеу жанындағы және қоғамдық кітапханалардан бастап, кеңестік кезеңдегі орталықтандырылған жүйеге дейінгі даму жолдары ашып көрсетіледі. Ыбырай Алтынсарин бастаған ағартушылардың алғашқы кітапханаларды ұйымдастырудағы, халыққа білім берудегі және сауаттылықты арттырудағы рөліне ерекше мән беріледі. Кітап қорын толықтыру, материалдық-техникалық жабдықтау, кәсіби кадрлар даярлау, кітапхана-автомобильдер енгізу, автоматтандырудың алғашқы кезеңдері де жан-жақты сипатталады. Сонымен қатар, кітапханалардың әлеуметтік қызметі – тұрғындардың білімін, мәдени деңгейін көтерудегі, тарихи сана мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастырудағы маңызы көрсетіледі. Зерттеу қорытындысында кітапхана ісін аймақтық деңгейде әрі қарай ғылыми тұрғыда зерттеудің өзектілігі атап өтіледі.

Кілт сөздер. Ақтөбе облысы, кітапхана тарихы, ағарту ісі, кітап қоры, кеңестік кезең.

Maden Asylbek Turekhanovich[*1]
Candidate of Historical Sciences, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, 34 A.Moldagulova Avenue, Aktobe, 030000, Republic of Kazakhstan, maden.assylbek80@gmail.com, ORCID ID: 0000-0003-4498-8105
Amangeldy Akerke Muratbekovna[2]
Master's student, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, 34 A.Moldagulova Avenue, Aktobe, 030000, Republic of Kazakhstan, akerke4kz@mail.ru, ORCID ID: 0009-0000-7472-8801

THE HISTORY OF THE FORMATION AND DEVELOPMENT OF LIBRARY SERVICES IN THE AKTOBE REGION (1880–1980)

Abstract. The article examines the history of the formation and development of library services in the Aktobe region between 1880 and 1980. The study is based on archival documents, scholarly works, and local historical sources, which allow for a comprehensive analysis of the evolution of the regional library network. It traces the development from the first school, parish, and public libraries in the pre-revolutionary period to the creation of a centralized system during the Soviet era. Special attention is paid to the role of educators, particularly Ibray Altynsarin, in establishing libraries and promoting literacy. The article highlights key issues such as the expansion of book collections, material and technical support, librarian training, the introduction of mobile libraries, and the early stages of automation. It emphasizes the social role of libraries in eliminating illiteracy, raising educational and cultural standards—especially in rural areas—and fostering civic awareness. The study concludes with a call for further regional research on libraries as important socio-cultural institutions.

Keywords. Aktobe region, library history, public education, book collection, Soviet period.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

ҒТАХА 03.26.00 **DOI: https://doi.org/10.62724/202520104**

Опаев Баймурат Абдрешитович[*1]
Тарих бойынша философия ғылымдарының докторы PhD, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Қарақалпақстан бөлімі Қарақалпақ гуманитарлық ғылымдар ғылыми-зерттеу институты, Өзбекстан Республикасы, 230100 Нукус қаласы, Әмір Темір көш., 179а, bajmuratopaev@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-7931-9724

ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚАЗЫЛАР СОТЫ (XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

Аңдатпа. Қазақтар, өзбектер және қарақалпақтар Қарақалпақстанда ежелден бері тамыры терең достық қарым-қатынаста өмір сүріп, ынтымақтастықты сақтап келеді. Ұзақ тарих бойында олар бірге жасасып, татулықты ту етті. XIX ғасырда тарихи жағдайларға байланысты бұл ұлттар алдымен Хиуа хандығының қол астына өтті, кейіннен Ресей империясының құрамына кірді. Қазақ қоныстарының әрбір өңірінде рулар өз арасынан әділ билік айтар қазы сайлаған. Ұлан-байтақ далада көшпелі тірлік кешкен қазақ халқы атадан балаға мирас болып жалғасқан әдет-ғұрып нормаларын қастерлеп сақтап, олардың арасында қазылар соты өз мәртебесін жоғалтпады. Бұл мақала Төменгі Әмудария өңіріндегі қазақ қазыларының қызметіне арналған және онда XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақтардың қоғамдық-саяси өмірінен мәліметтер ұсынылған. Мақалада Хиуа хандығында салық төлеген қазақ қазыларының әлеуметтік жағдайы қарастырылады. «Халық соты» институтының ерекшеліктері талданып, онда шариғат нормалары мен жергілікті әдет-ғұрыптардың қалай үйлескені зерттеледі. Бұл жұмыс Хиуа хандығы және Ресей империясының құқықтық жүйесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мақалада сондай-ақ қазақ қазыларының билік жүргізу тәжірибесі мен шешім шығару үдерісіндегі әділдік принциптері кеңінен баяндалады. Қазылар тек даулы мәселелерді шешіп қана қоймай, қоғамдағы тәртіп пен тұрақтылықты сақтауға үлкен үлес қосқан. Сонымен қатар, мақалада қазақ, өзбек және қарақалпақ халықтарының рухани байланыстары мен өзара ықпалдастығы, ортақ құндылықтарға негізделген татулығы тарихи деректермен дәлелденеді. Бұл зерттеу көпэтносты өңірдегі бейбіт қатар өмір сүру мәдениетін зерделеуге негіз бола алады.

Кілт сөздер. Қазылар, «халық соты», Хиуа хандығы, Әмудария бөлімі, қазақтар, шариғат, әдет, Қазы Бойра, Жәнібекұлы Қазы Иш-Мұхаммед, Қазы Құдур.

Кіріспе. Қарақалпақстан географиялық тұрғыдан Төменгі Әмудария бойында жайласқан. 1811 жылға қарай Хиуа хандығы Төменгі Әмудария аймағындағы барлық халықтарды толығымен өз билігіне қаратты. XIX ғасырда Төменгі Әмудария бойындағы қазақтардың дәстүрлі құқықтық жүйесі қалыптасқанымен, Хиуа хандығының ықпалымен шариғат заңдарына сәйкес шешім қабылдайтын қазылар сотының рөлі арта бастады.

Қарақалпақстандағы қазақтардың қазылар соты тарихы – Орталық Азияның осы бір ерекше аймағындағы құқықтық мәдениеттің қалыптасуы мен дамуының қызықты беттерін ашатын тақырып. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қарақалпақстан қазақтарының өмірінде қазылар соты дәстүрлі әдет-ғұрып құқығы мен ислам шариғатының өзара әрекеттесуінің көрінісі ретінде маңызды рөл атқарды.

Қазылар соты – дауларды шешудің, әділдікті қамтамасыз етудің және қоғамдағы тұрақтылықты сақтаудың халықтық институты. Ол ғасырлар бойы мұсылман қоғамында

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

қалыптасып, жергілікті халықтың әдет-ғұрыптарына, салт-дәстүрлеріне негізделген. Қарақалпақстандағы қазақтардың қазылар соты да осы дәстүрлі құқықтық жүйенің бір бөлігі болды және оның өзіндік ерекшеліктерімен сипатталды.

Зерттеудің өзектілігі Қарақалпақстан қазақтарының құқықтық мәдениетін, дәстүрлі сот жүйесінің қызметін және оның қоғамдық өмірдегі рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл тақырыпты зерттеу арқылы біз Қарақалпақстандағы қазақ халқының құқықтық ойлауының қалыптасу ерекшеліктерін, әдет-ғұрып құқығының исламмен және басқа да мәдени ықпалдармен өзара әрекеттесуін анықтай аламыз.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу барысында проблемалық-хронологиялық, салыстырмалы-тарихи, ретроспективті әдістер қолданылды. Проблемалық-хронологиялық әдіс арқылы зерттеу тақырыбы белгілі бір хронологиялық шеңберде қарастырылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы әр түрлі тарихи құбылыстар мен процестерді салыстыру арқылы олардың ортақ және айырмашылық белгілері анықталды. Ретроспективті әдіс арқылы өткенге көз жүгіртіліп, сол дәуірдегі жағдайдың қалыптасуы талданды. Қазылар сотының шешімдері, қаралған істердің саны және түрлері туралы мәліметтерді талдау үшін статистикалық әдіс қолданылды. Бұл әдіс сот практикасының сандық көрсеткіштерін анықтауға көмектесті.

Зерттеу жұмысының дереккөздері ретінде Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіндегі қазылар сотына қатысты құжаттар, сол кезеңдегі орыс ғалымдарының еңбектері, кеңестік және одан кейінгі кезеңдегі ғалымдардың тақырыпқа байланысты мәліметтері пайдаланылады. Автор осы материалдар мен деректерді тарихи салыстыру әдісі, тарихи байқаулар және дискурсивті талдау арқылы қарастырады. Сонымен қатар, архив деректері мақаланың мақсатына сай қолданылып, тиімді пайдаланылады. Атап айтқанда, төңкеріске дейінгі Хиуа хандарының мұрағатына қатысты И-125 қорындағы қазылар туралы жазбалардан және Түркістан генерал-губернаторлығының Сырдария облысына тиесілі И-17 қорынан қазақ қазыларына қатысты деректер табылды. Осы жоғарыда аталған деректер қазақ дәстүрлі қазылық институтының қызметін, оның құрылымын және әлеуметтік рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, архив құжаттарында қазақ қазыларының жергілікті билік органдарымен қарым-қатынасы, олардың арасындағы өзара әрекеттесу сипаты туралы мәліметтер де кездеседі. Бұл мәліметтер қазақ қоғамындағы билік жүйесінің жұмыс істеу механизмін, дәстүрлі және отарлық билік институттарының арақатынасын айқындауға септігін тигізеді.

Сонымен қатар, тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектер зерттеуге тартылды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Бұл мақала XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Қарақалпақстандағы қазақтар арасындағы қазылар институтын зерттеу нысаны ретінде қарастырады. Зерттеуде қазылардың қалай сайланғаны, олардың жауапкершілігі, сот ісін жүргізу ерекшеліктері, әдет-ғұрып құқығы, шариғат ережелері мен Ресей империясының заңдары арасындағы байланыс, қазылардың қазақ қоғамындағы маңызы, олардың әділдік, тыныштық пен тұрақтылықты сақтаудағы рөлі сияқты мәселелерге көңіл бөлінеді.

Қарақалпақстандағы қазақтар арасындағы қазылар соты туралы ғылыми зерттеулер бірнеше бағытта жүргізілген. Ресей империясы дәуірінде Әмудария бөлімінің басшысы болған О.А. Шкапский Орталық Азияның көшпелі халықтары арасындағы әйелдердің әлеуметтік жағдайы және шариғат сотын зерттеді [10]. Сол бөлімнің тағы бір басшысы А.С. Галкин Хиуа оазисінің әскери-статистикалық бейнесін сипаттап жазды [2]. Ал И.И. Крафт Түркістан өлкесі мен далалық аймақтардағы сот жүйесі туралы еңбек жазды [5]. Бұл еңбекте қазақтардың билер мен қазылар сотының қызметіне де ерекше көңіл бөлінген.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

Қарақалпақстандағы қазақ қазылары туралы ақпараттың көп бөлігі жергілікті зерттеушілердің монографияларында шашыраңқы мәліметтер ретінде кездеседі. Атап айтқанда, У. Шәлекеновтің «Әмудария төменгі ағысындағы қазақтар» атты кітабында Қарақалпақстандағы қазақ руларының қоныстану аймақтары мен патшалық Ресей кезеңіндегі қазыларды сайлау туралы мәліметтер келтірілген [9]. Ю.Э. Брегельдің еңбектерінде Хиуа хандығындағы салық салу жүйесі, соның ішінде қазақтар мен қарақалпақтардан алынатын зекет (шаруа салығы), салғыт (жер салығы) мөлшері, сондай-ақ олардың мал-жаны, қой саны мен өңделетін жер көлемі туралы деректер берілген [1]. П.П. Иванов еңбектерінде Хиуа хандығы дәуіріндегі салық салу жүйесі мен басқа да салаларға қатысты деректер кездеседі [4]. Өз кезегінде, О. Жалилов Хиуа хандығы архивінде сақталған жазба құжаттардағы ақпаратты талдаумен айналысады[3]. Олардың арасында қазылық қызметке қатысты құжаттар да бар. Р. Қосбергенов қарақалпақ халқының отарлық кезеңдегі қазылар сотындағы жаңалықтар мен оларды бұл қызметке даярлаудағы өзгерістерді баяндайды [6]. Ал, А.Төреев XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қарақалпақ өңірінде қазақтардың жеке қазы сотын құруға ұмтылғанын жазады [8]. Ресей империясы кезеңінде Қарақалпақстанға Орал казактары қоныс аударылды. Ресей үкіметі ұйымдастырған бұл көші-қонның мақсаттары мен салдарын А.С. Тасмағамбетов өз еңбегінде жан-жақты сипаттап берген [7].

Осы өңірде қазақ халқының өмірі көбінесе көшпелі немесе жартылай көшпелі сипатта болды. Осыған байланысты, олар өздерінің дәстүрлері мен ислам шариғатының қағидаларын мұқият сақтады. Хиуа хандығы дәуірінде қазақтар мен қарақалпақтар тығыз байланыста болып, өзара мәдени және тілдік ықпал жасасқан. Олардың бірге өмір сүргендігінің айқын дәлелі ретінде Хиуа хандарының мұрағаттарында сақталған салық төлеушілердің тізімдерінде екі халықтың да қатар аталуын келтіруге болады. Бұл деректерді қарақалпақ халқының тарихын зерттеуші П. П. Иванов [4], Ю. Э. Брегель [1] және О. Х. Жалилов [3] сынды ғалымдар Хиуа құжаттарына сүйене отырып растаған.

Төменгі Әмудария жағалауындағы қазақ қазылары мемлекеттік істерге араласып, сот жүйесінде маңызды рөл атқарған. Қазылар жергілікті халық арасында беделді, әділдігімен танымал болған. Олар дауларды шешу, жер мәселелерін реттеу, сауда-саттық қатынастарын қадағалау сияқты істерді жүргізген. Қазылар соты қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық жүйенің бір бөлігі ретінде қалыптасып, дамыды. Қазылар сотының тарихы қазақ халқының құқықтық мәдениетін, әдет-ғұрыптарын зерттеуде маңызды дерек көзі болып табылады.

Хиуа хандығының салық кітаптарында қарақалпақтармен бірге қазақтардың да салық төлеуші ретінде тіркелгені анықталды, олардың арасында қазылардың да есімдері кездеседі. Атап айтқанда, қазақ қазыларынан Қазы Бойра, Жәнібекұлы Қазы Иш-Мұхаммед және Қазы Гудур сынды тұлғалардың есімдері жазылған. Бұл мәліметтер Хиуа хандығындағы қазақтардың әлеуметтік-экономикалық ахуалын және олардың басқару жүйесіне қатысуын көрсететін маңызды дерек. Қазылардың салық төлеушілер арасында болуы, олардың хандыққа қатысты жауапкершілігін және ықпалды тұлғалар екендігін дәлелдейді.

Аталған Қазы Бойра (بويره), Қазы Иш-Мұхаммед Жәнібекұлы және Қазы Гудур сол кезеңдегі Хиуа хандығындағы қазақ қоғамының құқықтық жүйесінде маңызды рөл атқарған бірегей тұлғалар. Олардың қызметі арқылы қазақтардың Хиуа хандығымен қарым-қатынасының жаңа қырлары ашылады. Бұл мәліметтер тарихшылар үшін құнды дерек көзі бола алады.

Қазы Бойра (بويره) – тегі қазақ, табын руынан шыққан тұлға. 1869 жылы Ақтубадағы күреңде (Хиуа хандығының салық жинайтын орны) оның иелігіндегі 100 қой есепке алынған [1, 166 б.]. Бір жылдан кейін, 1870 жылдың тамыз-қыркүйек айларында

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

қарақалпақтар мен қазақтардан жиналған зекет кітабында Қазы Бойраның 14 бас ірі қара малы мен 66 бас қойы тіркеуге енген [1, 172 б.]. 1871 жылдың шілдесінен 19 тамызына дейінгі аралықта жүргізілген зекет есебінде оның 120 қойы бар екені анықталған [1, 210 б.]. 1872 жылдың тамыз айынан 13 қыркүйегіне дейін Хожелі маңындағы күреңіндегі шопандарда (خوا جه ییل نیک اطرا فیندا غی چا ر والارنیک کورانکی) оның 60 бас қойы саналды [1, 250 б.]. Хиуа хандығындағы қарақалпақтардың тарихын зерттеген Жалилов Қазы Бойраның Хожелі маңында тұратынын айтады.

Қазы Иш-Мұхаммед Жәнібекұлы – қазақ, әлім руынан. 1869 жылы Ақтубадағы күреңде (اق دویء کورانکی) [168 ,1 б.] тіркелген. 1870 жылдың тамыз-қыркүйек айларында қазақтар мен қарақалпақтардан жиналған зекет есебінде оның 120 бас қойы есепке алынып, одан екі тилла (Хиуа хандығының алтын монетасы) кешірілген [1, 172 б.]. Қарақалпақтар мен қазақтардан 1871 жылдың шілдесі мен 19 тамызы аралығында жиналған зекет есеп кітабында Қазы Иш-Мұхаммедтің 95 бас қойы саналған [1, 210 б.]. Сонымен қатар, Ақтубадағы Беклербегі күреңінде оның 60 бас қойы және 6 бас ірі қарасы есепке алынған [1, 241 б.]. 1872 жылдың тамызы мен 13 қыркүйегі аралығында Ақтубадағы Беглербегі мен Ерназар аталық күреңінде (أق توه بکلاربکی أغا بلان ارنظار اتالق نی کورانکی) қарақалпақтар мен қазақтардан жиналған зекет есебінде оның 70 бас қойы тіркелген [1, 285 б.].

Қазы Кудар (Қазы Гудар, Қазы Кудур (قودار)) ишан – қазақ, әлім руынан шыққан тұлға. 1869 жылы қыркүйекте қарақалпақтар мен қазақтардан жиналған зекет есебінде оның 100 бас қойы есепке алынып, салық төлеуден босатылған [1,164 б.]. 1870 жылы тамыз-қыркүйек айларында қарақалпақтар мен қазақтардан жиналған зекет кітабында 75 бас қойы саналған, одан 2 тилла кешірілген [1, 172 б.]. 1871 жылдың шілдесінен 19 тамызына дейін қарақалпақтар мен қазақтардан жиналған зекет есебі кітабына 80 қойы мен 1 ірі қара малы тіркеліп, 5 тиын шегерілген[1, 238 б.].

Бұл деректер XIX ғасырдың екінші жартысындағы Хиуа хандығындағы қазақтардың экономикалық жағдайы мен әлеуметтік рөлін айқындай түседі. Қазы Бойра, Қазы Иш-Мұхаммед Жәнібекұлы және Қазы Құдыр ишан сияқты тұлғалардың мал шаруашылығымен айналысқаны олардың хандық жүйесінде белгілі бір дәрежеде ықпалды болғанын көрсетеді.

Зекет төлеуден босатылу немесе жеңілдіктер алу олардың діни қызметімен немесе қоғамдағы беделімен байланысты болуы мүмкін. Қазылардың әлім және табын руларынан шығуы осы рулардың Хиуа хандығындағы қазақтар арасындағы маңыздылығын дәлелдейді. Бұл мәліметтер қазақтардың Хиуа хандығының экономикалық және әлеуметтік өміріне қосқан үлесін бағалау үшін құнды дерек көзі болып табылады. Жоғарыда аталған қазақ қазылары Ресей Хиуа хандығын жаулап алғаннан кейін де қызметтерін жалғастырды.

Әмудария өзенінің төменгі жағасын қарақалпақтар, өзбектер, түрікмендер, қазақтар мекендеген, бұл аумақ 1873 жылға дейін Хиуа хандығының құрамында болған. 1873 жылы Ресей империясы Хиуа хандығын жаулап алғаннан кейін осы жылдың 12 тамызында Гандимиян бітім шарты бойынша, оның шарттарына сәйкес, Әмудариянның оң жағалауындағы жерлер Ресей империясына берілді, және осы аймақта Түркістан генерал-губернаторлығының Әмудария бөлімі құрылды. Әмудария бөлімінің құрылуы ғасырлар бойы бірге өмір сүрген Хиуа хандығының халқын жасанды түрде екіге бөлді. Хиуа хандығына жататын Әмудариянның сол жағалауында Мойнақ, Қыпшақ, Қылыш – Ниязбай, Көне Үргеніш, Қоңырат, Қытай, Маңғыт, Хожелі, Шоманай бектіктері орналасқан.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

1873 жылға дейін шекті руының табын, алаша, адай, тілеуқабақ рулары негізінен Әмудариянның сол жағалауын мекендеген болса, XX ғасырдың аяғында олардың едәуір бөлігі Әмудария бөлімінің аумағына қоныстанды [9, 61].

Бөлімнің әкімшілік орталығы 1874 жылы Әмудариянның оң жағалауында құрылған Петро-Александровск қаласы болды. Әмудария бөлімі Шорахан және Шымбай учаскелері болып 2 бөлікке бөлінді.

Шымбай учаскесіне 12 болыс – Нөкіс, Шымбай, Кегейлі, Көкөзек, Бесжап, Есім, Дәуқара, Көккөл, Нәупір, Таллық, Қоңырат, Жаңабазар болыстары, ал Шорахан учаскесіне 7 болыс – Шорахан, Төрткүл, Шайх-Аббас-Уәли, Бийбазар, Мыңбұлақ, Тамды, Сәріби болыстары кірді. Бұл болыстардың көпшілігінде қазақтар мекендеген.

Әмудария бөлімінде байұлы тайпасының рулары Қоңырат болысындағы 23 шаңыраққа жуығын есептемегенде, мүлдем болмаған. Жетіру тайпасынан табын руы негізінен Нөкіс, Бибазар, Қоңырат болыстарына және ішінара Кегейлі, Таллық болыстарына қоныстанса, ал тама руы Мыңбұлақ болысына орналасқан. Төрелер алғашында Дәуқара болысына, кейіннен Нөкіс пен Назархан өңіріне қоныстанған, ал қырғыз руы Көккөл болысына орналасқан [9, 64-65 б.].

Әмудария бөлімінде қазылар соты сақталып қалды. Бірақ ол «халық соты» деп аталған. Сот істері қазылардың қолында болды. Алайда, бұрынғыдай әр бектіктің қарамағында бір қазыдан емес, орталықтандырылды. Мысалы, Әмудария бөлімінің Шымбай учаскесі 1876 жылы сайлаудан кейін 5 сот учаскесіне бөлінді:

1-учаске – Нөкіс болысы;
2-учаске – Дәуқара болысы;
3-учаске – Қоңырат және Таллық болыстары;
4-учаске – Кегейлі және Нәупір болыстары;
5-учаске – Шымбай, Есім және Көккөл болыстарынан тұрады.

Бұл учаскелердің әрқайсысында қазылар қызмет атқарды. Қазылар да болыс, ақсақалдар сияқты болыстық сайлау съезінде халық тарапынан үш жыл мерзімге «сайланып» қойылды [5, 14 б.].

Қазылық сайлауы сандыққа асық тастау негізінде өткізілген. Асықтар қара және ақ түсті болып, ақ түс үміткерді қолдау, ал қара оған қарсы дауыс беру белгісі болды. Хиуа хандығы кезінде қазылық ұзақ мерзімге тағайындалса, патшалық Ресей жаулап алғаннан кейін империя құрамындағы Әмудария бөлімінде қазылар үш жылға сайланған. Ал кеңестік кезеңде бір жылға сайланатын болды.

1865 жылы 6 тамызда қабылданған «Түркістан өлкесін басқару туралы уақытша Ереже» бойынша әскери губернатор бекітетін қазы лауазымдарына сайлау өткізілді. 1876 жылы халық судьяларын сайлауды ұйымдастыру кезінде халықтың лауазымды тұлғаларының ұлтына қатысты тілектері де ескерілді. Құрылған бес сот округінде аумақтардың орналасуы мен халқының құрамына қарай үш қарақалпақ, бір қазақ және бір өзбек қазысы сайланды[6, 127 б.].

Төменгі Әмудария жағалауындағы қазақтардың тарихын зерттеген У. Шәлекеенов Патшалық Ресей үкіметінің сайлау жүйесі туралы былай дейді: «Әмудария бөлімінде қазы формальды түрде сайланбалы қызмет болып саналса, шын мәнінде болыс губернаторлары мен патша шенеуніктеріне көбірек пара берген адам сайланды»[9, 71 б.].

Ресей империясы жаулап алғанға дейін қазылыққа медресе бітіріп, шариғатты жетік меңгерген адамдар тағайындалған. Одан кейін Ресей империясының отаршылары қазыларды сайлау арқылы тағайындаған соң, шариғатты жақсы білмейтін патша шенеуніктері қазы болды. Халық сотына сайлау әділ өтпеді, қазылыққа патша үкіметіне қолайлы адамдар тағайындалды.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

Жоғарыдағы дерек бұны растайды: «Көбінесе қазылыққа сауатсыз адамдар сайланды, бірақ шағым берушілер арасында жоғары діни оқу орындарының түлектері де болды». Әкімшілікті сайлау тек формалды түрде өтті. Сайлаудың алдында пара мен парақорлық болды; нәтижесінде бұл қызметтерге үнемі қанаушы таптардың өкілдері сайланды. Мерзімі біткен соң шенеуніктер отбасы туыстарының қолдауымен бұл қызметке қайтадан сайланды немесе ұлына немесе інісіне берді [9, 69 б.].

Ресейге қарасты Әмудария бөлімінде қазақ қазыларынан: Тамды болысында Тұрамбет Айтуаров, Іңгірбай Булатбаев, Қазанқап Шігітбаев, Аңқара Күншағаров, Шымбай болысында Досмағамбет Нұрдәулетов, Қоңырат болысында Есім қазы Құтлымұратов, Көкөзек болысынан Көшкінбай қазы Тоқмағамбетовтар «халық сотында» қызмет етті.

Өз заманының сауатты қазыларының бірі, әділдік жолында халқына адал қызмет еткен қазақ ұлтынан Көшкінбай қазы Тоқмағамбетов 1872 жылы қазіргі Қараөзек ауданының Бесжап ауылында дүниеге келген. Қазы болған жылдары қарапайым халықтың арыз-шағымын тыңдап, шариғат жолымен шешіп, ел құрметіне бөленгенін замандастары айтады.

Ешім қазы 1861 жылы Қоңырат бектігінің 4-ауылында дүниеге келген, ұлты қазақ, діни сауаты бар, медресе бітірген, Қоңырат бектігінде қазы болған. 1930 жылы наурызда Кеңес үкіметіне қарсы шықты деген айыппен түрмеге жабылады. Қоңырат бектігінде қазы болып, кейін би қызметін атқарып, ел бірлігін сақтауға, халықтың құқығын қорғауға, Кеңес өкіметінің қысымшылық саясатына қарсы бас көтерген азаматтарды қолдауға белсене қызмет еткен.

Көшпелі қазақтар арасында билер соты сақталып қалды. Жартылай көшпелі және көшпелі халықтың халық соттары – билер соты әртүрлі түсіндірілетін әдет-ғұрып ережелерін қолданды. Ресми түрде жалақысы жоқ билер мен қазылар іс жүзінде әдет бойынша әрбір азаматтық істің 10 пайызын өндіріп алатын. Қазы өзінің 100 дурре (Дурре – шариғаттың нақты үкімдері бойынша бір жануардың үш қатар терісінен тоқылған, қысқа сабы бар кең әрі қалың қамшы. Шариғат бойынша дурре жазасы кезінде оның шынтағын кеудесінен ажыратуға құқығы болмаған [5, 61 б.]) жаза және 6 тәулікке дейін бас бостандығынан айыру құқығын пайдаланды. Кез келген талап арыздар мен қатаң жазасы жоқ істер бойынша соңғы шешімді қазы шығарады. Қазылардың шешіміне қанағаттанбағандар биге жүгінген, кейін қазылар съезінің шешіміне ауыстырылған. Бұл съездер жеке қазылардың құзырынан тыс күрделі істер бойынша да юрисдикцияға ие болды.

Олардың айтуынша, қазылардың шешімдері көбінесе парасаттылыққа емес, жергілікті әдет-ғұрыптар мен ықпалды адамдардың қысымына негізделген. Бұл жағдай сот жүйесіне деген сенімді төмендетіп, әділетсіздікке жол ашты. У. Шалекенов атап өткендей, қазылардың білім деңгейінің төмендігінен діни білімі бар адамдардың шағымдарының қаралуы қиындады. Өйткені қазылар шариғат заңдарын жетік білмегендіктен, даулы мәселелерді шешуде қиындықтарға тап болды.

Осының салдарынан халық арасында заңгерлік кеңес алуға деген сұраныс артты. Адамдар өз құқықтарын қорғау үшін білікті мамандарға жүгінуге мәжбүр болды. Бұл жағдай сот жүйесіндегі реформалардың қажеттілігін көрсетті. Сонымен қатар, қазылардың сауатсыздығы жергілікті басқару органдары мен діни институттар арасындағы қарым-қатынасты шиеленістірді. Гиршфельд пен Галкин атап өткен: «Сайлаудың басталуына қойылатын талаптардың төмендігінен Әмудария өлкесіндегі халық судьяларының білім деңгейі өте алуан түрлі. Ең танымал қазылардың қатарында Хиуа медреселерінің толық курсын бітіргендер бар. Соған қарамастан, білімі төмен,

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

шариғаттың құқықтық ережелерімен жеткілікті түрде таныс емес қазылары бар, ал көшпелі халықтың қазылары арасында көбісі мүлде сауатсыз» [2, 9 б.].

Демек, XX ғасырдың басында Әмудария өлкесіндегі халық судьяларының білім деңгейінің ала-құлалығы байқалған. Бұл жағдай, бір жағынан, қазылардың сайлану тәртібінің жеңілдігімен түсіндірілсе, екінші жағынан, аймақтағы әлеуметтік-мәдени айырмашылықтармен байланысты болды. Сондықтан Әмудария өлкесіндегі халық судьяларының білім деңгейіне қатысты мәселе – тек тарихи факт қана емес, сонымен қатар сол кездегі қоғамның әлеуметтік-мәдени келбетін, құқықтық жүйесінің кемшіліктерін көрсететін маңызды дерек.

Патша үкіметінің қазылар сотында жүргізген реформаларының нәтижесінде халық соттарында әділетсіздік пен жемқорлық күшейді. Мұндай жағдай қазақ қазыларының арасында да кездесіп, оны архив құжаттарындағы деректер растайды. Мысалы, Таллық болысының судьясы Ақжігіт Күчекбаев пара алды деп айыпталды[12]. Шорахан болысына қарасты Төрткүл болысының биі Исмаил Құлмұхамедовке құжаттарды қолдан жасады деген айып тағылды [11]. Алайда қазылар сотының да беделі бұрынғыдай емес еді. Патша үкіметінің қысымымен билер өз шешімдерінде тәуелсіз бола алмай, кейде үкімет мүддесін қорғауға мәжбүр болды. Бұл жағдай халықтың қазыларға деген сенімін азайтып, қоғамдағы тұрақсыздықты күшейтті.

Сайлаудағы әділетсіздіктер ақыр соңында халық көтерілістеріне әкелді. Осындай көтерілістердің бірі 1898 жылы Таллық болысында болды. Осы көтерілістен кейін патша үкіметі жергілікті халықтың талаптарына келісуге мәжбүр болды. Осы тарихи оқиғадан кейін Әмудария бөлімінің басқа да жерлерінде болыс, ақсақал, қазы сайлауларын қайта өткізуді немесе тиісті әкімшілік бірліктерден бөлініп шығуды талап етті. Есім болыстығынан Көкөзек, Нәупір болыстығынан Бесжап, Кегейлі болыстығынан Жаңабазар болыстығы бөлініп шықты.

1899 жылы 5 сәуірде Шымбайда 119 үйлі қазақ, Кегейлі болыстығының 300 үйлі қазақ шаруашылықтарының талабымен өздеріне қазы тағайындап беруге мәжбүр болды [8, 39-40 б.].

Орал казактарының Төменгі Әмудария жағалауына көшірілуі, оларға бұл аймақта құнарлы жерлер, үйлер, ақша берілуін жергілікті халық өздерін кемсіту деп қабылдады. Сонымен қатар көшіріліп әкелінгендер мен жергілікті халық арасында түрлі жанжалдар болып тұрды. Балық аулауда да орал казактары жеңілдіктерге ие болып, жергілікті халықты қол астында ұстап, езді. Қазылар сотының алдында олардың құқықтары жоғары тұрды. Мысалы, 1911 жылдың 21 қаңтарында оралдық казактар Константин Куприяхин мен Степан Волновқа тиесілі балығы бар қайық суға батып кеткен. Олар Хожелі қаласы бегінің жергілікті балықшыларды кінәлап, барлық шығынды кінәсіз жергілікті балықшылардан өндіріп алуды талап еткен [13].

Орал казактары мен жергілікті халық арасында дау туындаған жағдайда, оларды татуластыру қазыларға жүктелген. Талапкерлерге өзара келісім бойынша халық қазысы мен отырықшы жергілікті халықты айналып өтіп, егер қазының шешіміне екі тарап та қанағаттанбаса, олардың істерін талдау үшін орыс сотына жүгіну құқығы берілді. Уақыт өте келе орал казактары осы аймаққа бейімделді, тіпті кейбіреулері ислам дінін қабылдады.

А. С. Тасмағамбетовтың пікірінше, «Осы тұста Орал казактарының толқулары орынды болды. Үкімет жоғарыда аталған шаралармен орал казактарына қарсы бірден екі міндетті шешті: бір жағынан, «бүлікшілерді» жазалады, екінші жағынан - Түркістан өлкесін орыс тілді тұрғындардың егіншілікпен отарлауын бастады. Сонымен қатар, бұл отарлаушылардың жергілікті жағдайларға жақсы бейімделгенін, түркі тілдес халықтардың (қазақтар, қарақалпақтар, өзбектер, түрікмендер, татар, башқұрттар)

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

арасында ұзақ уақыт өмір сүріп, олардың тұрмыс-салтына үйренгенін атап өту керек» [7, 224 б.].

Судьяның шешімі түпкілікті болып табылды және оған шағым жасауға болмайтын еді. Әмудария әкімшілігі билердің сот істеріне біршама бақылау орнатуға тырысты, бірақ одан ештеңе шықпады. Дегенмен, оңтүстік жағалаудың тұрғындары батыс жағалаумен салыстырғанда заң тұрғысынан өздерін еркін сезінгенін айту керек.

XX ғасыр басында елдің тұрмыс жағдайының нашарлауы, ірі капитал иелерінің күш көрсету жолымен өнімді, суармалы жерлерді өз меншігіне айналдыра бастауы халықтың наразылығын күшейтті. Орман қадағалаушысы 1916 жылғы 17 маусымдағы баяндамасында: «… Қазіргі уақытта Арал теңізінде балық аулау мен теңіз шаруашылығының дамуына байланысты талқылаулар мен сот құжаттары арқылы жерге жаппай иелік ету басталды» деп жазады. Балық аулаудың қарқынды дамуы жерге талас-тартыстарды тудырып, теңіз жағалауындағы аумақтарды бөліске салу мәселесін күн тәртібіне шығарды.

Қорытынды. Қорыта келгенде, Қарақалпақстандағы қазақтардың қазылар соты XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қоғамдық өмірдің маңызды институты болған. Ол дәстүрлі құқықтық нормаларды сақтауға, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге және дауларды шешуге ықпал еткен. Төменгі Әмудария жағалауындағы қазақтардың қазылар соты – дәстүрлі құқықтық мәдениетіміздің құнды мұрасы. Ол қазақ қоғамындағы әділдік пен татулықты сақтауда маңызды рөл атқарған, дауларды шешудің тиімді институты болған.

Дегенмен, Патша үкіметінің уақытында бұрынғыдай қазыларды медресе бітірген, шариғатты жақсы білетін, терең білімге ие адамдардан емес, патша үкіметіне мақұл келетін адамдардың сайлануы қазыларға деген сенімді жойды. Бұл жағдай шариғат сотын жаңғыртуды қажет етті. Осы себепті жәдидшілер қозғалысы қазылар сотында реформа жүргізуді талап етіп шықты.

Бұл сот жүйесінің тарихын зерттеу – өткенге деген құрмет қана емес, бүгінгі күн үшін де маңызды. Өйткені қазылар сотының тәжірибесінен біз дауларды шешудің бейбіт жолдарын, халықтың даналығын және әділдікке деген ұмтылысын көреміз. Бұл құндылықтар қазіргі заманда да өз маңызын жоғалтпаған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Брегель, Ю.Э. Документы архива хивинских ханов по истории и этнографии каракалпаков [Текст] / Ю.Э. Брегель. – Москва: «Наука», 1967. – 541 с.

2 Гиршфельд и Галкин. Военно-статистическое описание Хивинского оазиса. Ч. I. [Текст] / Гиршфельд и Галкин. – Ташкент, 1902. – 280 с.

3 Жалилов, О. XIX-XX аср бошларидаги қорақалпоқ тарихидан (Хива давлат ҳужжатлари асосида) [Текст] / О. Жалилов. – Тошкент: «Фан», 1986. – 112 б.

4 Иванов, П.П. Қарақалпақлар тарийхының очерки [Текст] / П.П. Иванов. – Нөкис: «Билим», 2021. – 320 б.

5 Крафт, И.И. Судебная часть в Туркестанском крае и степных областях [Текст] / И.И. Крафт. – Оренбург, 1898. – 214 с.

5 Қосбергенов, Р. Қарақалпақ халқының колониаль дәўирдеги мәденияты ҳәм турмысы [Текст] / Р. Қосбергенов. – Нөкис: «Қарақалпақстан», 1970. – 112 б.

6 Қосбергенов, Р. Қарақалпақлардың Россияға қосылыуы [Текст] / Р. Қосбергенов. Нөкис: «Қарақалпақстан», 1972. – 224 б.

7 Тасмагамбетов, А.С. История конфессии Казахстана в конце XVIII-начале XX вв. (по материалам ислама и православия) [Текст] / А.С. Тасмагамбетов. – Уральск, Редакционно-издательский центр ЗКГУ им. М.Утемисова, 2012 – 368 с.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

8 Төреев, А. XIX әсирдиң ақыры XX әсир басында қарақалпақ үлкесинде дийханлар ҳәрекети [Текст] / А. Төреев. – Нөкис: «Қарақалпақстан», 1991. – 180 б.

9 Шалекенов, У. Казахи низовьев Амударьи [Текст] / У. Шалекенов. – Ташкент: «Фан», 1966 – 336 с.

10 Шкапский, О. Положение женщины у кочевников Средней Азии [Текст] / О. Шкапский // Среднеазиатский вестник. Ташкент. – 1896 – № 6, 7.

11 ЦГА РУз. Ф. И-17, оп. 1, д. 5125, л. 1 и об.

12 ЦГА РУз. Ф. И-17, оп. 1, д. 5685, л. 1.

13 ЦГА РУз. Ф.И-125, оп-1, д-295, л. 13 и об.

REFERENCES

1 Bregel', Ju.Je. Dokumenty arhiva hivinskih hanov po istorii i jetnografii karakalpakov [Documents of the archive of the Khiva khans on the history and ethnography of the Karakalpaks]. Moskva: «Nauka», (1967): 541 s. – (In Rus)

2 Girshfel'd i Galkin. Voenno-statisticheskoe opisanie Hivinskogo oazisa. Ch. I. [Military statistical description of the Khiva oasis. Ch. I.]. Tashkent, (1902): 280 s. – (In Rus)

3 Zhalilov, O. XIX-XX asr boshlaridagi korakalpok tarihidan (Hiva davlat ҳuzhzhatlari asosida) [From the history of Karakalpak in the XIX-early XX centuries (on the basis of Khiva state documents)]. Toshkent: «Fan», (1986): 112 b. – (In Usb)

4 Ivanov, P.P. Karakalpaklar tarijhynyn ocherki [Essays on Karakalpak history]. Nokis: «Bilim», (2021): 320 b. – (In KKP)

5 Kraft, I.I. Sudebnaja chast' v Turkestanskom krae i stepnyh oblastjah [The judicial part in the Turkestan territory and steppe regions]. Orenburg, (1898): 214 s. – (In Rus)

5 Kosbergenov, R. Karakalpak halkynyn kolonial' daўirdegi madenijaty ham turmysy [The judicial part in the Turkestan territory and steppe regions]. Nokis: «Karakalpakstan», (1970): 112 b. – (In KKP)

6 Kosbergenov, R. Karakalpaklardyn Rossijaga kosylyuy [Accession of karakalpaks to Russia]. R. Kosbergenov. Nokis: «Karakalpakstan», (1972): 224 b. – (In KKP)

7 Tasmagambetov, A.S. Istorija konfessii Kazahstana v konce XVIII-nachale XX vv. (po materialam islama i pravoslavija) [The history of the denomination of Kazakhstan in the late XVIII-early XX centuries. (based on the materials of Islam and Orthodoxy)]. Ural'sk, Redakcionno-izdatel'skij centr ZKGU im. M.Utemisova, (2012): 368 s. – (In Rus)

8 Toreev, A. XIX asirdin akyry XX asir basynda karakalpak ylkesinde dijhanlar ҳareketi [Peasant activity in the Karakalpak region in the late XIX and early XX centuries]. Nokis: «Karakalpakstan», (1991): 180 b. – (In KKP)

9 Shalekenov, U. Kazahi nizov'ev Amudar'i [Kazakhs of the lower reaches of the Amu Darya]. Tashkent: «Fan», (1966): 336 s. – (In KKP)

10 Shkapskij, O. Polozhenie zhenshhiny u kochevnikov Srednej Azii [The position of women among the nomads of Central Asia]. Sredneaziatskij vestnik. Tashkent. – 1896 – № 6, 7. – (In Rus)

11 CGA RUz. F. I-17, op. 1, d. 5125, l. 1 i ob.

12 CGA RUz. F. I-17, op. 1, d. 5685, l. 1.

13 CGA RUz. F.I-125, op-1, d-295, l. 13 i ob.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

Опаев Баймурат Абдрешитович[*1]
Доктор философских наук PhD, Каракалпакстанский отдел Академии Наук Республики Узбекистан, Каракалпакский Научно-исследовательский институт гуманитарных наук, Республика Узбекистан, 230100 г. Нукус, ул. Амира Темира., 179а,
bajmuratopaev@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-7931-9724

СУД КАЗИЕВ КАЗАХОВ В КАРАКАЛПАКСТАНЕ (КОНЕЦ XIX - НАЧАЛО XX ВЕКА)

Аннотация. Казахи, узбеки и каракалпаки в Каракалпакстане издревле живут в глубоко укоренившихся дружеских отношениях и поддерживают сотрудничество. На протяжении долгой истории они сосуществовали и сохраняли мир. В XIX веке, в силу исторических обстоятельств, эти народы сначала попали под власть Хивинского ханства, а позже вошли в состав Российской империи. В каждом регионе казахских поселений роды избирали из своей среды казы – судью, способного выносить справедливые решения. Казахский народ, ведущий кочевой образ жизни в бескрайней степи, бережно хранил традиционные нормы, передаваемые от отца к сыну, и среди них суды казиев не утратили своего статуса. Данная статья посвящена деятельности казахских казиев в Нижнеамударьинском регионе и содержит сведения об общественно-политической жизни казахов в конце XIX и начале XX веков. В статье рассматривается социальное положение казахских казиев, плативших налоги в Хивинском ханстве. Анализируются особенности института «народного суда», исследуется, как в нем сочетаются нормы шариата и местные обычаи. Эта работа позволяет глубже понять правовую систему Хивинского ханства и Российской империи. В статье также подробно рассматривается опыт правосудия казахских казиев и принципы справедливости в процессе принятия решений. Казии не только разрешали спорные вопросы, но и вносили значительный вклад в поддержание порядка и стабильности в обществе. Кроме того, в статье приводятся исторические данные, подтверждающие духовную связь и взаимное влияние казахского, узбекского и каракалпакского народов, а также их добрососедские отношения, основанные на общих ценностях. Это исследование может служить основой для изучения культуры мирного сосуществования в многонациональном регионе.

Ключевые слова. Казы, «народный суд», Хивинское ханство, Амударьинский отдел, казахи, шариат, обычай, Казы Бойра, Казы Иш-Мухаммед Жанибекулы, Казы Кудур.

Opaev Baimurat Abdreshitovich[*1]
Doctor of Philosophy PhD in history, Karakalpak Research Institute of Humanities of the Karakalpak branch of the Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan, Republic of Uzbekistan, 230100 Nukus, Amir Temir STR., 179A,
bajmuratopaev@gmail.com, ORCID ID: 0000-0001-7931-9724

COURTS OF KAZAKH CADIS IN KARAKALPAKSTAN (LATE 19TH - EARLY 20TH CENTURY)

Abstract. Kazakhs, Uzbeks, and Karakalpaks in Karakalpakstan have long lived in deeply rooted friendly relations and maintained cooperation. Throughout their long history, they have coexisted peacefully. In the 19th century, due to historical circumstances, these peoples first fell under the rule of the Khiva Khanate, and later became part of the Russian Empire. In each region of Kazakh settlements, clans elected a cadi - a judge from among themselves capable of

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

delivering fair decisions. The Kazakh people, who led a nomadic lifestyle in the vast steppe, carefully preserved traditional norms passed down from father to son, and among these, the cadi courts did not lose their status. This article is dedicated to the activities of Kazakh cadis in the Lower Amu Darya region and contains information about the socio-political life of Kazakhs in the late 19th and early 20th centuries. The article examines the social status of Kazakh cadis who paid taxes in the Khiva Khanate. It analyzes the characteristics of the “people's court” institution and explores how Sharia norms and local customs are integrated within it. This study provides a deeper understanding of the legal systems of both the Khiva Khanate and the Russian Empire. The article also provides a detailed analysis of the judicial practices of Kazakh qazis and the principles of fairness in their decision-making processes. The qazis not only resolved disputes but also played a significant role in maintaining order and stability in society. Furthermore, the article presents historical evidence of the spiritual ties and mutual influence among the Kazakh, Uzbek, and Karakalpak peoples, as well as their neighborly relations grounded in shared values. This study serves as a valuable foundation for understanding the culture of peaceful coexistence in a multiethnic region.

Key words. Cadi, “people's court”, Khiva Khanate, Amu Darya division, Kazakhs, Sharia, custom, Cadi Boyra, Cadi Ish-Muhammad Janibekuly, Cadi Kudur.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

МРНТИ 03.20 **DOI: https://doi.org/10.62724/202520105**

Рысбекова Салтанат Туякбаевна*[1]
Доктор исторических наук, ассоциированный профессор, ЧВПОУ «Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет», Республика Казахстан, 090006, г.Уральск, проспект Н.Назарбаева 208, info@ffirpc.kz,
ORCID ID: 0000-0002-5307-309X
Абдрахманова Райса Лесовна[2],
Кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, ЧВПОУ «Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет»,
Республика Казахстан, 090006, г.Уральск, проспект Н.Назарбаева 208,
info@ffirpc.kz, ORCID ID: 0000-0002-0149-5012

МОДЕРНИЗАЦИЯ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ КАК ФАКТОР ИЗМЕНЕНИЯ ТРАДИЦИОННОГО ОБЩЕСТВА (1920-1930-Е ГГ.)

Аннотация. В статье на основе анализа источников и историографии исследуются вопросы ликвидации неграмотности и модернизации системы образования в Казахстане как сложный и многогранный процесс. Исторический период 1920-х-1930х сопряжен со строительством нового социалистического общества, что позволяет рассматривать ликвидацию неграмотности как часть более широкого процесса социальной модернизации. В ходе модернизации претерпела изменения вся традиционная система образования, обусловленная кочевым образом жизни и низкой плотностью населения. В корне были измененны достижения и традиции мусульманской школы. В силу этого, в статье описаны и документы, отражающие реакцию местного населения на образовательные инициативы. И они не всегда были положительными, встречались даже случаи саботажа работы пунктов по ликвидации безграмотности. Эти документы позволяют понять, как традиционное общество воспринимало модернизационные инициативы советской власти. Особое внимание в статье уделено просветительской роли казахской интеллигенции по развитию национальных школ и казахского языка, а также последствия изменения алфавита в исследуемый период. Вместе с тем, в статье выявлены и региональные особенности данного процесса. Показаны изменения не только количественных показателей, такие как уровень грамотности, но и качественные изменения в обществе. Также в исследовании освещены наиболее значимые наработки отечественных ученых по выявлению, как недостатков, так и прежде всего прогрессивных моментов модернизации. Ведь сегодня Казахстан имеет один из самых высоких уровней грамотности в мире, что является прямым следствием образовательных реформ советского периода. Также, если в традиционном казахском обществе доступ девочек к образованию был ограничен, то сегодня женщины в Казахстане активно участвуют в образовательной, экономической и политической жизни страны. Все эти процессы в комплексе привели к общему подъему культуры и образования Казахстана. Материалы и методы, использованные в исследовании, позволяют комплексно подойти к изучению кампании по ликвидации неграмотности в Казахстане в 1920–1930-е годы, выявить ее специфику и последствия для традиционного казахского общества.

Ключевые слова. Образование, культура, интеллигенция, традиция, модернизация, грамотность, октябрьская революция, советская власть.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

Введение. Модернизация системы образования в Казахстане в 1920-1930 годы была одним из ключевых элементов советской политики, направленной на создание нового социалистического общества, на формирование личности с новыми моральными и духовными принципами. Для решения данной государственной задачи и необходимо было провести всеобщую ликвидацию безграмотности. Для казахского общества этот процесс имел глубокие исторические последствия, в силу этого тема исследования является актуальной. В Казахстане, где существовал особый традиционный уклад жизни с преобладанием кочевого и полукочевого населения, задача ликвидации неграмотности приобретала свои конкретные особенности.

Отсюда цель статьи - проанализировать советскую модернизационную политику и процесс ликвидации неграмотности в Казахстане в 1920–1930-е годы как фактор изменения традиционного общества, выявить её специфику, методы реализации и последствия для казахского общества. Исходя из цели ставятся решение нескольких задач. Прежде всего, используя статистику дать обзор и проанализировать деятельность учреждений по ликвидации безграмотности, как по Казахстану в целом, так и в региональном плане. Рассмотреть вклад национальной интеллигенции в образовательные реформы, их борьбу за национальную школу. Определить влияние изменения алфавита на уровень образования и развитие традиционного казахского общество. Определить историческое значение данных образовательных реформ, их влияние на кризис традиционного общества, а также положительные и отрицательные стороны модернизации.

Материалы и методы исследований. Исследование вопросов модернизации системы образования в 1920–1930-е годы и процесса ликвидации неграмотности в Казахстане базируются на источниках, включающих в себя архивные материалы, статистические данные, программные и нормативные документы, а также работы отечественных историков.

Методологически исследование опирается на историко-социологический подход, позволяющий рассмотреть ликвидацию неграмотности как часть более широкого процесса социальной модернизации. Сравнительный анализ позволяет выявить специфику реализации кампании в Казахстане. Социокультурный метод дает возможность анализировать влияние образовательных реформ на культуру, язык и традиции казахского общества.

Результаты и их обсуждение. Период 1920-1930-х годов в Казахстане стал временем радикальных преобразований, затронувших все сферы общественной жизни, и прежде всего образование. После Октябрьской революции 1917 года и установления советской власти начался процесс модернизации, направленный на ликвидацию неграмотности, создание новой системы образования и трансформацию традиционного общества. Эти изменения были частью масштабного проекта советского государства по построению социалистического общества.

В ходе исследования архивные материалы позволяют проследить динамику кампании, региональные особенности и трудности, с которыми сталкивались организаторы. Отчёты Народного комиссариата просвещения Казахской АССР за 1920–1930-е годы содержат информацию о количестве открытых ликпунктов, числе обучающихся, уровне грамотности до и после проведения кампании.

Важным источником являются документы, отражающие реакцию местного населения на образовательные инициативы. Программные же документы, такие как декреты Советской власти, играют ключевую роль в понимании целей и методов кампании по ликвидации неграмотности.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

Работы отечественных историков позволяют актуализировать архивные материалы и программные документы, а также выявить долгосрочные последствия кампании по ликвидации неграмотности. Так, если в советский период, модернизацию системы образования рассматривали как часть успешной политики советской власти по ликвидации неграмотности и созданию нового социалистического общества. Акцентировали внимание на достижениях, таких как рост уровня грамотности и создание сети школ. В современный период, отечественные историки и демографы: М. К. Козыбаев [1], К.Н.Нурпеисов [2], Ж. Б. Абылхожин [3], Ж. Кудакбаева [4], К.К. Кунантаева [5], М.Татимов и Т.Какишев [6] (данные по данной проблематике М.Татимова и Т. Какишева взяты с монографии З.Кабдулова) предлагают, вместе с тем, и критический взгляд на процесс ликвидации неграмотности. Они подчёркивают, что модернизация сопровождалась разрушением социальных структур и утратой многих элементов традиционной культуры, в частности мусульманского образования. Уделяют большое внимание раскрытию роли Алашской интеллигенции в сохранении национальной идентичности, а также вопросам измения алфавита.

Аңдатпа. Бұл мақалада орыс православ шіркеуінің қазақ жерлері Ресей империясының құрамында болған тұста (XIX ғ. – XX ғ. басы) патша үкіметімен арақатынасы, оның Қазақстандағы отарлық басқару жүйесіндегі орны мен қызметі тарихи тұрғыда талданады. Патша билігінің шіркеуді мемлекеттік аппараттың бір бөлігіне айналдыру урдісі (қасиетті синодтың құрылуы, епархиялық басқарудың енгізілуі, обер-прокурор институтының рөлі) сипатталады. Автор қазақ жеріне қызметін таратқан епархияларға қатысты материалдар негізінде Қазақстандағы православие шіркеуінің әкімшілік және миссионерлік қызметін саралап, оның отарлық саясатпен байланысын ашады. Шіркеу әкімшілігі мен жергілікті билік құрылымдарының өзара әрекеттестігі, миссионерлік іс-шаралар, діни бақылау мен рухани кеңістікті басқару тетіктері қарастырылады. Мақалада тарихи-салыстармалы және тарихи-жүйелік әдістерді қолдана отырып белгіленіп қаралып отырған саладағы үрдістер жан-жақты зерделеніп, шіркеудің патшалық билікпен институционалдық байланыстары мен миссиясының мазмұны талданады. Сонымен қатар, синодтық басқару кезеңінің ерекшеліктері мен оның отарлық саясат шеңберіндегі ықпалы нақты мұрағаттық деректер мен баспасөз материалдары арқылы негізделеді. Зерттеу нәтижесінде православие шіркеуінің рухани мекеме ғана емес, сонымен қатар қазақ жерлерінің Ресей империясының құрамына кірген тұста отарлық билік мүдделеріне қызмет еткен әкімшілік құрылым ретінде көрініс тапқаны анықталады.

Кілт сөздер. Патшалық билік, орыс православ шіркеуі, епархиялық басқару, әскери-азаматтық билік, православиелік миссионерлік, діни басқару, мемлекеттік бақылау, Ресей империясы.

Кіріспе. Қазақстан аумағының Ресей империясының құрамына еңуі отарлық әкімшілік-басқару құрылымының орнауымен қатар жүріп, сонымен бірге дін саласына да тікелей әсер етті. Ресей мемлекеті мен орыс православ шіркеуінің өзара қарым-қатынасы I Петр реформалары нәтижесінде түбегейлі өзгеріп, шіркеу патша билігінің бақылауындағы мемлекеттік институтқа айналды. Бұл кезеңде қасиетті синодтың құрылуы және обер-прокурорлық басқару жүйесінің енгізілуі шіркеу мен мемлекеттің тығыз институционалдық байланысын қалыптастырды. Орыс православ шіркеуі өзінің діни ұйым ретіндегі қызметінен басқа ресми рухани идеологияны тарату арқылы отарлық саясаттың жүзеге асуына атсалысты. Қазақстандағы шіркеу қызметі – оның ішінде миссионерлік жұмыс, шоқындыру саясаты, оқу-ағарту және жергілікті халықты рухани бағындыру тетіктері – империялық биліктің стратегиялық құралдарының бірі болды. Осы тұрғыдан алғанда, православие шіркеуінің қызметін қарапайым діни өмір шеңберінде емес, кең ауқымды саяси және идеологиялық контекстте зерттеу қажеттігі туындайды.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

Зерттеудің өзектілігі – орыс православ шіркеуінің қаралып отырған кезеңдегі отарлық билік жүйесімен байланысын Қазақстан кеңістігіндегі нақты тарихи жағдайлар негізінде зерделенуінде. Бұл мәселе қазіргі таңда рухани отарлану, дін мен билік арасындағы өзара әрекеттестік, және діни институттардың саяси функцияларын түсіну үшін маңызды. Зерттеудің мақсаты – синодтық басқару жүйесі кезеңінде православ шіркеуінің империялық билікпен байланысын талдау, оның Қазақстандағы миссиясын, әкімшілік құрылымын және отарлық саясатпен ықпалдасу тетіктерін анықтау. Мақалада тарихи-салыстырмалы және тарихи-құжаттық әдістер қолданыла отырып, Орынбор, Омбы, Түркістан епархияларына қатысты материалдар, ведомстволық деректер, миссионерлік жазбалар мен ресми басылымдар негізінде талдау жүргізілді. Бұл зерттеу шіркеудің отарлық билікпен біте қайнасқан әрекетін көрсету арқылы оның Қазақстандағы тарихи рөлін жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді.

Қазақстан аумағында православие тарихының Ресей империясы құрамында болған кезеңіндегі тарихнамасы туралы сөз болғанда, бұл мәселе шартты түрде ғана қарастырылады. Әсіресе, орыс православ шіркеуінің патшалық билікпен өзара қарым-қатынастарына келсек, бұл тақырыпқа тікелей арналған зерттеулер жоқ, тек жанама түрде байланысы бар бірнеше еңбектерді атауға болады. Мәселен, Қазақстандағы православие тарихына қатысты мәселелер кеңірек тарихи тақырыптар аясында В.А. Яковлев [1], Н.М. Чернавский [2], И. Голошубин сынды зерттеушілердің еңбектерінде қозғалған [3]. В.А. Яковлевтің «Түркістанның шіркеулік өмірінен» атты еңбегінде XIX ғасырдың 60-жылдарынан XX ғасырдың басына дейінгі кезеңдегі Оңтүстік Қазақстандағы орыс православ шіркеуінің тарихына қатысты деректер келтірілген. Н.М. Чернавский революцияға дейінгі кезеңдегі Орынбор өлкесіндегі діни өмірді және осы аймақтағы православие тарихын зерттеген негізгі тұлғалардың бірі болды. Ал И. Голошубин «Омбы епархиясының анықтамалық кітабы» атты еңбегінде Омбы епархиясына қарасты өңірлердегі, атап айтқанда, Ақмола және Семей облыстарының православие приходтарын қамтыған шіркеулік өмірге қатысты материалды жинақтап, талдаған.

Кеңестік дәуірдегі тарихнамаға келсек, бұл мәселе бойынша арнайы зерттеулер мүлде болмаған. Бұрынғы Ресей империясы аумағындағы православие тарихына арналған жалғыз еңбек Н.М. Никольскийдің «Орыс шіркеуінің тарихы» атты еңбегі болып келді [4]. Идеологиялық ықпалға байланысты бұл еңбекте революцияға дейінгі орыс православие шіркеуі мемлекеттік аппараттың бір бөлігі, әлеуметтік-экономикалық институт ретінде қарастырылды. Автор орыс шіркеуінің тарихын қос дінділік пен еретиктерге қарсы күрес призмасы арқылы көрсетеді.

Ал еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстандағы православие тарихын конфессиялық тұрғыдан (тек миссионерлік қызмет емес) зерттеген еңбектердің бірі ретінде Л.В. Тимофееваның «Жетісу аумағындағы орыс православ шіркеуінің тарихы (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасыр)» атты еңбегін атауға болады [5]. Бұл еңбек аймақтық сипатқа ие болғанымен, Жетісудағы православие тарихының кейбір беттерін ашып көрсетеді, бұл да зерттеліп отырған мәселе үшін маңызды. Қарастырылып отырған кезеңдегі Қазақстандағы православие тарихына арналған өзге де отандық зерттеулер, негізінен, көбіне шіркеудің тікелей миссионерлік қызметіне арналған. Мысалы, солардың ішінде келесі авторлардың жұмыстарын атап кетуге болады Г.К. Батырхановтың [6], З.Т. Садвакасованың [7], З.Е. Кабульдиновтың [8], М.Ш. Егембердиевтің [9] және басқаларының.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу барысында дереккөздер ретінде Орынбор, Омбы және Түркістан епархияларына қатысты материалдар пайдаланылды. Атап айтқанда, хаттар, нұсқаулар, есептер, діни ведомствоның ресми

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

корреспонденциялары талданды. Сонымен қатар, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы «Оренбургские епархиальные ведомости» секілді басылымдардағы жарияланымдар зерттеу нысанына алынды. Бұл дереккөздер орыс православ шіркеуінің әкімшілік құрылымын, миссионерлік қызметін және империялық билікпен өзара байланысын ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмысында тарихи-салыстырмалы, тарихи-жүйелі және тарихи-генетикалық әдістер қолданылды. Тарихи-салыстырмалы әдіс Қазақстандағы епархиялық басқару жүйесін Ресейдің орталық және шет аймақтарындағы шіркеу құрылымымен салыстыра отырып, православ шіркеуінің қызмет ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік берді. Тарихи-жүйелі әдіс шіркеу мен патша әкімшілігі арасындағы қарым-қатынас тетіктерін, олардың функционалдық міндеттері мен бағыныштылық иерархиясын кешенді түрде талдауға қолданылды. Тарихи-генетикалық әдіс арқылы Орыс православие шіркеуінің синодтық басқару жүйесінің қалыптасуы мен оның отарлық аймақтарда орнығу үдерісі хронологиялық тұрғыда зерделенді.

Сондай-ақ, контент-талдау әдісі қолданылып, шіркеу әкімшілігі мен миссионерлердің жазбаша есептері мен баяндамаларындағы ұстанымдар, терминология және миссионерлік риторика талданды. Бұл тәсіл Қазақстандағы рухани өмірді бақылау, діни саясатты жүзеге асыру және православиелік миссияны ұйымдастыру тетіктерін анықтауға негіз болды.

Нәтижелер және оларды талқылау. Саяси билік және оның әрекеттеріне қарасты мәселелер бізде әдетте мемлекеттің және қоғамның зайырлы өмірімен байланыстырылады. Алайда, тарих көрсетіп отырғандай, бұл мәселелер діни конфессиялардың өмірі мен қызметіне тікелей қатысты болуы мүмкін, ал олар арқылы бүкіл қоғамның рухани өміріне де әсер етеді. Бұл тұрғыда белгілі мысалдардың бірі – орыс шіркеуі тарихындағы «синодтық» кезең. Бұл кезеңге бастаманы XVIII ғасырдың бірінші ширегінде патша I Петр енгізген шіркеу реформалары берді. Ол реформалар патриархтық басқару жүйесін жойып, православ шіркеуін Ресей империясының монархына бағындырды. Бұл кезең екі ғасырды қамтып, XX ғасырдың басына дейін созылды.

Петр реформаларына сәйкес, патриархтықпен қатар орыс шіркеуін басқарудағы соборлық ұстанымы да жойылды, ал оның орнына құрылған қасиетті синод сыртқы жағынан ғана соборлық сипатқа ие болып, канондық негіздерге сай келмеді. Мұндағы соборлық бастама зайырлы-әкімшілік әріптестікпен алмастырылды. Бұл әріптестік түрі тек ішкі бюрократиялық ұйымдастыру жүйесі болып табылды. Петр енгізген синодтық басқару жүйесінде әр епархиядан өкілдік болмады, тіпті мүлде өкілдік болмады, өйткені синод мүшелерін үкімет тағайындады және ол іс жүзінде шіркеулік емес, мемлекеттік мекеме ретінде қызмет етті.

Епархиялық басқаруда консисториялар құрылды, олар төрт-бес дін қызметкерінен тұратын алқа ретінде жұмыс істеді. Бұл мүшелер епископтың таңдауы бойынша синодпен және бір зайырлы шенеунікпен тағайындалатын. Бұл органның жұмысы негізінен қарапайым зайырлы шенеуніктермен жүзеге асырылып, шіркеу әкімшілігіндегі күрделі бюрократиялық жүйелерді білмейтін благочинныйлардың қызметін бағыттап отырды.

Қасиетті синодты шын мәнінде басқарған және оның жұмысына бағыт берген — обер-прокурор болды. Синод тарихындағы барлық обер-прокурорлар тек зайырлы тұлғалар болып, мемлекеттің шіркеуден үстемдігін іс жүзінде жүзеге асыруға жауапты болды. Жергілікті жерлерде рухани консисторияның хатшысы шіркеу ісінде сөзсіз басты тұлғаға айналды. Консистория жарғысы бойынша ол тікелей архиерейге бағынышты болғанымен, оны тек обер-прокурор ғана тағайындап немесе қызметінен босата алатын.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

Консистория жұмысы туралы хатшы обер-прокурорға, архиерейді айналып өтіп, есеп беретін. Барлық ақпарат оның иелігінде болды, ол кез келген іске бағыт бере алатын, ал оның арқа сүйер тұлғасы — обер-прокурор болатын. Мұндай ықпалды әрі нақты беделді тұлғамен тек санаулы архиерей ғана ашық қақтығысқа бара алатын [10, 90 б.].

Орыс шіркеуінің өмірі мен қызметін басқарудағы мұндай түбегейлі өзгерістер оның рухани болмысына да елеулі әсерін тигізді. Синод қызметі алғашқы жылдарынан бастап-ақ сыртқы, бюрократиялық-полицейлік сипатқа ие болды: «әртүрлі заңбұзушылықтарды анықтау, ырымшылдық пен еркін ойлауды әртүрлі нысандарда жою». Синод епископтарға негізінен дәл осындай – тергеу және жою тәсілдері туралы нұсқаулар беретін. Православ шіркеуі мүшелерінің барлық діни міндеттері баптар мен параграфтар бойынша нақты белгіленіп, тізіліп берілді. Мұнда храмда өзін қалай ұстау керек, иконалардың алдында қалай тұру, мерекелерді өткізу, күнәларды мойындау және православиелік сенімге адалдықты қадағалау тәртібі де толық әрі нақты сипатталған болатын. «Рухани өмірдің реттеуге көнбейтін нысандары мен құбылыстарына полицейлік ережелер орнатуға талпыну» шіркеу саласына «құрғақ бюрократизмнің жансыз тынысын» енгізді [11, 67 б.].

Бұл мәселеге байланысты көзқарастар әртүрлі: Петрдің шіркеу реформаларын тікелей айыптаудан бастап, оларды тарихи қажеттілік ретінде ақтауға дейінгі пікірлер бар. Алайда, бір нәрсе анық – осы реформалардан кейін орыс шіркеуі қарапайым мемлекеттік мекеме дәрежесіне дейін түсірілді, оның қызметі енді ең алдымен мемлекеттік мүддеге бейімделетін болды. Шіркеуді басқару жүйесі көп ұзамай күрделі мемлекеттік механизмнің бір бөлігіне – «православиялық конфессиялар басқармасына» айналды.

Шіркеу қызметіндегі зайырлы-әкімшілік негіздердің үстемдігі, шіркеу басқаруының мемлекеттік жүйеге бағынышты болуы, империя шеткерілеріндегі шіркеу өміріне де әсерін тигізді. Бұл құбылыс православие дінінің Ресей империясына қосылған аумақтарда таралуы мен ұйымдық дамуына, сондай-ақ осы өңірлердегі, атап айтқанда Қазақстандағы, православиялық институттардың қызметіне, православиялық миссионерлікке де өз әсерін тигізді.

Қазақстанның солтүстік-батыс аудандары XVIII ғасырдың өзінде Орынбор өлкесінің құрамына ене бастады. Бұл кезде мұнда Орынбор губерниясы құрылып жатқан еді. Шіркеу-әкімшілік жағынан алғанда, Орынбор губерниясы аумағы дербес епархия құрылғанға дейін, яғни XVIII ғасырдың соңына дейін, әртүрлі епархиялық орталықтарға бағындырылды. XVIII ғасырдың соңында Орынбор өлкесі шегінде дербес епархия құрылды**.** Алайда әскери-азаматтық біртұтастыққа қарамастан, Орынбор өлкесі шіркеу-әкімшілік жағынан әлі де айтарлықтай бытыраңқы күйде қалды. Бұл жағдай азаматтық және рухани биліктің өзара қарым-қатынастарын едәуір қиындатты. Сонымен қатар өлкедегі православ халықтың көбеюі мен шіркеулер санының артуы епархиялық басқару үшін бұл кең аймақты басқаруды күрделендірді. Осы аталған себептер 1859 жылы Орынбор епархиясын екі дербес епархияға – тікелей Орынбор және Уфа епархияларына бөлінуіне алып келді.

Бұл екі дербес кафедраны құру мәселесі негізінен Орынбор генерал-губернаторы Катениннің бастамасы болатын. Бастапқыда Орынбор кафедрасына бір викарлық құру жоспарланды, викарийдің Орынбор қаласында орналасуы көзделді, өйткені бұл қалада ересейшілер (раскольниктер) көп шоғырланған еді. Осыған байланысты 1858 жылдың наурызында Орынбор архиепископы Антоний I Синодқа ресми ұсыныс жіберді. Алайда генерал-губернатор Катенин епархияны толықтай екіге бөлу бастамасын алға тартып, бұл ұсынысты Синодтың обер-прокуроры алдында жеке түрде қолдап, өлкеде епархиялық биліктің Орынбор қаласында орналасуымен толық дербес епархия құруды

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

талап етті. Синод Катениннің ұсынысымен келісті, және осы мәселе жөніндегі баяндама 1859 жылдың 21 наурызында император тарапынан бекітілді [12, 134 б.]. Демек, бұл жерде біз Қазақстандағы сол тұста православиялық діни құрылымдық мәселеден бастап ақ жергілікті әскери-азаматтық билік өз үстемдігін жүргізе бастағанын көреміз.

Аталған оқиғалар осы кезеңде империя шеткерілеріндегі ресми православ шіркеу ұйымдарының қызметінде маңызды бір ерекшелікті байқауға мүмкіндік береді. Яғни, бұл жерде епархиялық мәселелерге әскери-азаматтық биліктің белсенді әрі ықпалды араласуы айқын байқалады. Бұл туралы православие тарихын зерттеген белгілі орыс ғалымы Николай Чернавский былай деп жазады: «Мұның себебі – Орынбор өлкесі ерекше жағдайдағы шет аймақ ретінде Ресей патшалығының қоластына жуырда ғана қосылғандықтан, бұл аймақты тыныштандыру және түрлі ұлт өкілдерінен құралған халықты реттеу үшін ерекше, кейде шұғыл шараларды қажет етті. Сол себепті 1881 жылы генерал-губернаторлық таратылғанға дейін бұл өңір жоғары әскери-азаматтық және тіпті саяси өкілетке ие тұлғалардың ашық басқаруында болды. Алғашында бұл әскери губернаторлар болса, кейін генерал-губернаторлар болды» [13, 4 б.].

Осы ерекше мәртебесіне орай әскери-азаматтық билік епархиялық басқару ісіне елеулі ықпал етіп қана қоймай, кейбір маңызды шіркеу істері бойынша олардың пікірі шешуші рөл атқарды. Бұл өз кезегінде жергілікті әскери-азаматтық және рухани билік арасындағы қарым-қатынасқа да әсер етті. Бұл туралы Н. Чернавский былай дейді: «Тіпті сырттай да бұл жағдай епископтардың генерал-губернаторға алғашқылардың бірі болып мерекелік сәлемдесу үшін баруынан, ал кейін генерал-губернатордың епископқа жауап ретінде баруынан көрініс тапты». Осыны дәлел ретінде ол 1854 жылғы оқиғаны мысалға келтіреді: генерал-губернатор Перовскийдің талабымен православ емес жергілікті халық арасында басталған миссионерлік әрекеттер тоқтатылды. Синод бұл жайлы естісімен: «бұдан кейін де мұндай жағдайларда өлкелік басты басшының нұсқауларын басшылыққа алу қажет» деп бұйрық берді [13, 5 б.]. Демек, бұл жерде Қазақстандағы әскери-әкімшілік биліктің орыс православ шіркеуінің миссионерлік әрекетіне сол сәттегі бұл жердегі саяси ахуалға байланысты өз ықпалын тигізіп отырғандығын көреміз. Соның ішінде кей сәтте бұл әрекетті бәсеңдетуге де байланысты.

Жалпы алғанда, генерал-губернаторлар мен әскери губернаторлардың билігі әртүрлі ведомстволар бойынша әкімшілік шараларға бірлік пен ортақ бағыт беруге бағытталды. Бұл ведомстволар 1865 жылғы жергілікті әкімшілік реформасына дейін, яғни билік бірлігі мен орталықтандыру қағидаты енгізілгенге дейін, бір-бірінен оқшау, тәуелсіз жұмыс істейтін. Осы себепті, ортақ мәселелер бойынша олармен байланыс орнатқанда, епархиялық билік көзқарастардың айырмашылығына байланысты қиындықтарға тап болатын. Мысалы, Орынбор өлкесінде генерал-губернатордан бөлек, губерниялық мекемелер ретінде Орынбор губерниялық басқармасы, Орынбор және Орал казак әскерлерінің басқармалары, «Орынбор қырғыздары» басқармасы жұмыс істеді. Сонымен қатар, шіркеу салу, приходтар ашу және дін қызметкерлерін қамтамасыз ету мәселелері мемлекеттік мүлік палатасының шешіміне байланысты болатын.

Бұл тұрғыда, Орал казак әскерінің кеңсесі де ерекше тәуелсіздікке ие болды. Ол әу бастан Орал казактары жеріндегі шіркеу істерін дербес жүргізіп келді. Сондықтан оның бұл құқықтарын біртіндеп алып, оларды консисторияның қарауына беру, яғни әскери кеңсені епархиялық басқару істеріне араласудан мүлде босату – Орынбор епископтарының Орал әскерімен жүргізген әкімшілік саясаты бірнеше онжылдыққа созылды.

Бұл мәселеге байланысты Орынбор епархиясы жетекшілерінің бірі Антоний 1861 жылы Синодқа былай деп шағымданды: «Бұл жерде епархиялық істерге араласу қалыпты әрі терең тамыр жайған жағдайға айналды. Орынбор епархиясының құрамына

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

генерал-губернатордың басқармасы, Орынбор казак әскерінің полктік және станицалық басқармалары, Орал әскери кеңсесі мен оның дистанциялық бастықтары кіреді. Бұл мекемелер мен тұлғалар бұрын епархиялық орталық Уфа қаласынан алыс болғандықтан, тек шіркеу істерін ғана емес, дін қызметкерлері мен шіркеу қаржысын да өз қалауларынша басқаруға әбден дағдыланған. Соңғысы тіпті әлі күнге дейін әскери биліктің меншігі саналады» [13, 8 б.]. Ол әрі қарай былай дейді: «...Ал дін қызметкерлеріне келсек, әсіресе Орал әскері бойынша оларды тағайындап, орнынан алуды тіпті әскери басшылықтың өзі жүргізетін. Басшылар өз аймақтарын аралаған кезде дін қызметкерлерінен де әскери адамдар сияқты құрмет күтетін: кейбір шіркеулерде оларды қоңырау соғумен және крестпен қарсы алып, дін қызметкерлері құттықтау сөздер айтатын. Шіркеулер салу туралы мәселелерде казак басшылары мұның жергілікті епископтың құзырында екенін естен шығарып, оған тек ескерту ретінде ғана мәлімдейтін. Полк командирлері полктарды тексеру кезінде приходтардың жай-күйі мен шіркеу қаржысы туралы дін қызметкерлерінен толық есеп талап етіп, есеп кітаптарына өз ескертпелерін жазып, приходтар мен қоныстарды өз беттерінше бір приходтан екіншісіне ауыстырып жататын» [13, 8 б.].

Келтірілген материалдар көрсеткендей, шіркеулік мәселелерді қарастырғанда әскери-азаматтық билік өкілдері рухани мекемелерді айналып өтіп, өз қалауларынша әрекет еткен. Бұл жағдай Қазақстанның оңтүстігінде де орын алып отырды. Мысалы, Орынбор генерал-губернаторы басқармасынан Түркістан облысының әскери губернаторына жіберілген нұсқауда былай делінген: «…Бұл ретте, аса қадірлі Варлаам жіберген дін қызметкерлері – Победононцев (Тимофей), Вознесенский, Егротов, Ширяев және Тихомиров – Әскери губернатор генерал-майор Романовскийдің бұйрығымен Епархиялық басқарма белгілеген орындарға емес, басқа жерлерге тағайындалғаны белгілі болды. Бұл туралы облыс билігі аса қадірге иемен не алдын ала, не кейіннен келісімге келмеген» [14, П. 1 тер.].

Синодтың обер-прокуроры бұл жағдайды Орынбор генерал-губернаторына хабарлай отырып, Түркістан облысындағы дін қызметкерлерінің Орынбор епархиялық басқармасына бағынуын белгіленген тәртіп бойынша бұзбауды сұрады [14, П. 2].

Түркістан өлкесінде бөлек православ епархиясының құрылуы да көп жағдайда жергілікті әскери-әкімшілік билікке байланысты болды. 1869 жылғы мамырда бұл туралы өтінішті Синодтың обер-прокуроры граф Д.А. Толстойдың атына Түркістан генерал-губернаторы К.П. Кауфманның өзі жолдаған [15, 9-10 бб.].

Қазақстандағы православ шіркеуінің миссионерлік қызметінің сипаты мен көлемі де көбіне жергілікті әскери-әкімшілік басшылыққа байланысты болды. Тіпті, кей жағдайда олар белгілі бір «бөгде діндегіні» қабылдауға қатысты шешімді өз бетінше қабылдап, бұл мәселе бойынша бірізділіктің сақталмауын туғызды, әсіресе XIX ғасырдың 60–70 жылдары. Мысалы, 1873 жылы Түркістан епископы Софоний облыс басшылығына «бөгде діндіні» православиеге қабылдау туралы бастаманы тек жергілікті дін қызметкерлері көтеруі керек екенін айтып, жоғары шенділердің бұл іске араласпауын сұрады [16, П. 20]. Осыған байланысты Түркістан генерал-губернаторы Сырдария облысының әскери губернаторына жолдаған нұсқауында былай делінген: «…Православиеге қабылдау ісі діни қызметкерлердің міндетіне жатады. Олар прозелиттермен шіркеу ережелері, азаматтық заңдар мен жергілікті епархиялық басқарма нұсқауларына сәйкес жұмыс істеуі керек. Сондықтан аса қадірлі Софонийдің өтінішін орынды деп есептеп, бұл талапты нақты орындауды сұраймын» [16, П. 20 тер.]. Демек, қазақ жеріндегі миссионерлікті жүзеге асыру барысында әскери-азаматтық билікпен православиялық шіркеудің арасында қайшылықтар болғанын байқаймыз. Бұл

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

жағдайдың миссионерлікке кедергі келтіретінін православиялық дін өкілдері алға тартып көрсетіп отырды.

Бұл кезеңдегі Қазақстандағы орыс православ шіркеуінің миссионерлік бағытына қарасақ, оны тек шіркеудің бастамасы ретінде қарастыруға болмайды. Шынында да, бұл қызмет едәуір дәрежеде империялық үкіметтің ішкі саясатының құралына айналды. Миссионерлік жұмыстың саяси мақсаттарға бағындырылуы, әрине, орыс православиялық шіркеуінің жергілікті халық арасында өз миссионерлік қызметін таза шіркеуілік бағытта жүргізуіне мүмкіндік бермеді. Бұл тұрғыда бұл миссионерлікті толықтай діни миссионерлік деп айтуда қиын. Мұндай жағдай сол тұста орыс православ шіркеуінің мемлекеттік құрылымға бағынышты болуынан туындап отырғанын атап кетуге болады. Ал бұл өз кезегінде қазақ жерінде православиялық миссионерліктің тұрақты және жүйелі түрде жүргізуіне кедергі болғаны да белгілі. Осындай тұстар аталған миссионерліктің нәтижесіне де өз әсерін тигізіп отырды.

Мәселен, сол кезеңдегі түрлі деректер шет аймақтарда қызмет атқарған приходтық дін қызметкерлерінің бір бөлігі «патшалық» миссионерлік ұстанымдарын қабылдамағанын көрсетеді. Бұл өңірлердегі жоғары шенді дін иелері приход қызметкерлерінің «миссионерлік еңбектен қашады, мұндай іске араласудан тартынады» деп жиі шағымданған [17, 3-5 бб.]. Олар сонымен қатар былай деген: «Біздің миссионерлерімізде бірлік, бірыңғай әдіс жоқ. Сондықтан да, олардың жанқиярлық еңбектеріне қарамастан, нақты нәтижелер көрінбейді» [18, 697 б.]. Бұған қоса, орыс-қазақ мектептерінде қызмет еткен кейбір мұғалімдер де жоғарыдан түскен миссионерлік тапсырмалардан бас тартуға тырысып, бұл іске оқушыларды араластырмауға ұмтылған. Көп болмағанмен, деректерге қарасақ, мұндайлар да болған. Олар негізінен халық арасында ағартушылық жұмыстармен айналысты, ал кейбіреулері XX ғасырдың басында ар-ождан бостандығы мен қоғамдық-саяси прогресті ашық қолдаған [19, 55 б.]. Кейбір православиялық дін қызметкерлері діни миссионерлікке саясатты араластырудан бас тартып отырған. Мұны ағартушылық саладан да байқаймыз. Демек, осыдан бұл істе сол кездегі Қазақстанда жүйелілік жағы олқы болғанын байқаймыз.

Сол кезеңде империяның шет аймақтарында православ миссионерлік қоғамының (бұдан былай ПМҚ) комитеттері мен бөлімшелері ашылғанда, алдымен жергілікті әкімшіліктің қолдауын алуға тырысқан. Мұны Қазақстан аймақтарына да қарасты айтуға болады. Мысалы, Түркістан епископы Аркадий ПМҚ комитетін ашу мәселесі бойынша өлкенің генерал-губернаторы Духовскийге жолдаған хатында былай деп жазады: «…Осыны хабарлай отырып, Сізден, қадірлі мырза, төмендегі өтініштерге көңіл аударуыңызды сұраймын: біріншіден, өзіңіз Миссионерлік қоғамның мүшесі болуға келісер ме едіңіз, екіншіден, өзіңізге бағынысты шенеуніктерге осы қоғамға мүше болуға ниеттілер бар ма екен деген ұсыныс білдіруіңізді өтінемін…» [20, П. 1 тер.].

Ал өлкенің әскери-әкімшілік басшысы Верный қаласында ПМҚ епархиалдық комитетін ашу туралы бастамаға байланысты әскери министрге жолдаған хатында былай деп көрсетеді: «…Сондай-ақ, келешекте мұндай мәселелер, яғни өлкеміздің азаматтық басқаруына тікелей қатысы бар әрі дініден гөрі саяси мәнге ие мәселелер, жергілікті рухани билік тарапынан генерал-губернатормен алдын ала келісілмей шешілмегені жөн болар еді…» [21, П. 9 тер.]. Демек, тағы да біздің көріп отырғанымыз сол тұста Қазақстанның әр аймағында православиялық миссионерлікті қарқындату немесе бәсеңдетуді жергілікті әскери-азаматтық билік осы жердегі саяси-әлеуметтік жағдайға қарай көбіне өздері реттеп отырған.

Жалпы алғанда, XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында Қазақстан аумағында православиялық миссионерліктің жүргізілуінде өз ерекшеліктері болды. Бұл жерде діни мақсаттарға қарағанда алдыменен Ресейге қосылған аумақтарды саяси, экономикалық

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

және мәдени-этникалық жағынан ассимиляциялау сияқты империялық мақсаттар үстем болды. Дегенмен, әрине, сол негізгі мақсаттарға бағытталып православиялық миссионерлік жүргізілді. Брақ бұл үрдіс сол кезде қазақ жерінде өз мақсатына жетті деп айту киын. Мұның дәлелі – қазақтар арасында шоқыну жаппай емес, жеке-жеке ғана болғаны. Оның өзінің әртүрлі объективтік және субъективтік себептер болды.

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақтар арасында православиялық миссияның нәтижесіз болуын бірнеше факторлармен түсіндіруге болады. Олардың қатарына: Қазақстан жерінің ауқымдылығы, қазақтардың көшпелі өмір салты, татар молдалары мен Орталық Азия дінбасыларының белсенді миссионерлік қызметі, суфилер мен ишандардың дәстүрлі ықпалы мен маңызды рөлі, сондай-ақ кей кезеңдерде сыртқы және ішкі саяси жағдайлардың ескерілуі жатады. Дегенмен де, басты себептердің бірі ретінде 1912 жылы «Сібір жаңалықтары» журналында (№7–8) жазылған мына үзіндіні келтіруге болады: «Сенім мәселелерінде өзгеше ойлауға ұзақ уақыт тыйым салу, бұл жолдан тайғандарды полиция шараларымен қудалау үстем шіркеудің өкілдерін ерекше жағдайға қойды. Олар рухани әкімшілікке айналып, ұстаздық қызметтен айырылып, тек бақылаушы қызметпен шектелді. Ал енді шын мәнінде үйрету керек болғанда, нақты күш табылмады...» [22, 58 б.].

Бұл үзіндіде сол кезеңде империядағы орыс емес өзге халықтардың арасындағы православиялық миссионерліктің тиімсіздігінің негізгі себебтерінің бірі нақты көрсетілген. Өзін үстем дін ретінде пайдалана отырып, шын мәнінде «рухани әкімшілікке» айналған орыс шіркеуі миссионерлік қызметте сендіру мен саналы таңдау қағидаттарына емес, көбіне әкімшілік тәсілдерге сүйенді.

Осылайша, ресми орыс православ шіркеуінің бүкіл құрылымы зайырлы мемлекеттік жүйенің торына шырмалып, оның біріншіден, дербес әрекет етуге, екіншіден, шынайы рухани бағытта жұмыс істеуге мүмкіндігі болмады. Шіркеу басқаруы тұйық кеңселік сипатқа ие болды: «рухани көшбасшылар» халықпен негізінен қағаз арқылы ғана байланыс орнатты. Ал шіркеу мен халық арасындағы тірі қарым-қатынасқа зайырлы ресми құрылым үнемі араласып, кей сәттерде, өз жағдайларын бірінші кезекте ойлап, кедергі де болып отырды.

XX ғасырдың басында мұндай жағдайды Ресей монархиясының жоғары билік өкілдері де мойындай бастады. Сол кездегі министрлер комитетінің төрағасы С.Ю. Витте былай деп атап өтті: «…Бізде шіркеу өлі, бюрократиялық мекемеге айналды, шіркеулік қызметтер Құдай үшін емес, жердегі құдайлар үшін атқарылады, православие – шын мәніндегі пұтқа табынушылыққа айналып кетті. Міне, бұл – Ресей үшін басты қауіп. Біз бірте-бірте басқа христиан діндерін ұстанушыларға қарағанда аз христиан бола бастадық. Біз біртіндеп бәрінен де аз сенетін халыққа айналудамыз...» [23, 59 б.]. Сәйкесінше, осындай саяси билік жүйесіне шырмалған шіркеу ұйымының қызметі империяның шет аймақтарында да дін саласына тән емес ерекшеліктер мен салдарға алып келді. Осы жоғарыда айтылғандар – сол салдардың кейбір көріністері.

Қорытынды. I Петр реформалары орыс православ шіркеуін патриархтық басқару жүйесінен зайырлы, мемлекеттің тікелей бақылауындағы бюрократиялық құрылымға айналдырды. Бұл өзгеріс шіркеудің рухани және басқарушылық қызметін мемлекеттік билікке бағындырды және оның тәуелсіздігін жойды. Қасиетті синодтың құрылуы шіркеу істерін мемлекет бақылауына толық енгізіп, оның басқару жүйесін кешенді түрде бюрократияландырды. Обер-прокурор институты арқылы шіркеу ісіне мемлекеттік бақылау күшейді, бұл діни қызметтің мемлекеттік саяси мақсаттарға бейімделуіне әкелді.

Қазақстан аумағында осы қаралып отырған кезеңде православ шіркеуі қарқынды тарала бастап қызметін кеңейте түсті. Өзінің канондық ұстанымдарына сәйкес жергілікті

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

халық арасында миссионерлік жұмыстарын жүргізуге де талпынды. Олардың өтү барысы және нәтижелері жөнінде соңғы кезде зерттеушілірдің бірталай жұмыстары жарық көрді. Ал бұл мақалада көрсетілген тақырыпқа сәйкес осы үрдістің бір қырының ерекшеліктері қаралып талданды. Ал бұл ерекшеліктер патша билігімен орыс православ шіркеуінің арасындағы қарым-қатынасынан туындап отырды. Қазақ жерінде Ресей империясының әскери-азаматтық билігінің нығаюімен православие шіркеуінің таралуы жергілікті халық арасында миссионерлік қызметті бастап, мемлекет пен шіркеудің бірлескен ықпалымен жүргізуге мүмкіндік берді және жүргізілді. Бұл ауқымды үрдістің өту барысында жоғарыда аталған ерекшеліктер де орын алып отырды. Олар, өз кезегінде, жалпы қазақ жерлерін отарлау үрдісінің, соның ішінде миссинерлік үрдістің, сипатына өз ықпалын тигізіп отырғанын байқаймыз.

Сонымен бірге, айтылғаннан сол тұста патша билігімен орыс православ шіркеуінің арасында тек қарама-қайшылықтар болды деп санауға болмайды, әрине. Бұлар алапат империялық жүйенің ішіндегі құрамдас бөліктері болатын. Дегенмен де, жоғарыда көргеніміздей солардың өз араларындағы қарым-қатынастарының ерекшеліктері кейбір үрдістерге өз әсерін тигізіп отырды, соның ішінде, мысалы, империяның шет аймақтарындағы православиялық миссионерлікке. Бұл аймақтағы миссионерлік қызмет көбінесе отарлау саясатының құрамдас бөлігі ретінде жүргізіліп, жергілікті халықтың дінге және мәдениетке интеграциялануына бағытталды. Осылайша, шіркеудің миссионерлік қызметі саяси-әкімшілік бақылаумен тығыз байланысып, православиялық діннің кеңейуін көздеді және соған ықпал етті. Шет аймақтарда негізінен бұл екі институттың қызметі бір бағытта болғаны, әрине, түсінікті. Осы кезеңде орыс православ шіркеуінің зайырлы мемлекеттік билікпен тығыз байланысы оның діни қызметінің ерекшелігін қалыптастырды. Мемлекеттің шіркеу қызметін бақылау саясаты мен әкімшілік құрылымдары Қазақстандағы діни ландшафттың өзгеруіне ықпал етіп, православ дінінің отарлау және интеграциялық құрал ретінде қолданылуын күшейтті. Бұл үрдіс Қазақстандағы этнодіни ахуалды өзгертіп, православ дінінің ресми және әлеуметтік мәртебесін нығайтуға бағытталды..

Сонымен бірге, орыс православ шіркеуінің әкімшілік-бюрократиялық құрылымға айналуы оның жалпы қызметінде, соның ішінде миссионерлік қызметінде бірнеше өзгеше көріністердің пайда болуына әкелді. Осындай жағдайда, мысалы, сол тұстағы қазақ жеріндегі православиялық миссионерлікті нақты канондық діни миссионерлік деп айту қиын еді. Бұл кезеңдегі православ шіркеуі мен мемлекеттік биліктің қарым-қатынастары Қазақстандағы православиялық миссияның сипаты мен бағыттары, бірінші кезекте, империялық саяси мақсаттардың жүзеге асырылуына бағышталғанынан туындап отырды. Жоғарыда көргеніміздей мұның өзі орыс православ шіркеуінің ішінен тұтастай қолдау тапты деп айталмаймыз. Ал бұл, өз кезегінде, аталған миссионерліктің жүзеге асыру барысына өз әсерін тигізіп отырды.

Жалпы соңғы кезде қазақ жерінде тараған діндердің тарихына қарасты көптеген жұмыстар жазылуда. Бұл, әрине, қажет нәрсе. Сол жұмыстар әрі қарай жалғасын тауып, зерттеушілер көтеріліп отырған тақырыптардың мазмұнына тереңдей түсүі керек. Тарихи үрдістер жан-жақты қаралып, оларға толықтай сипат беру үшін сол үрдістердің мүмкіндігінше барлық ерекшеліктері қаралып талданғаны дұрыс. Сол себепті, жоғарыда жазылған да осы бағыттағы әрекеттер қатарына жатады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Яковлев, В.А. Из церковной жизни в Туркестане [Текст] / В.А. Яковлев. – Верный, 1902.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

2 Чернавский, Н.М. Общий обзор истории Оренбургской епархии [Текст] / Н.М. Чернавский // Оренбургские епархиальные ведомости. – 1899. – № 20; Он же. Из истории Оренбургской епархии. – Казань, 1906.

3 Голошубин, И. Справочная книга Омской епархии [Текст] / Н. Голошубин. – Омск, 1914. – 1250 с.

4 Никольский, Н.М. История Русской церкви [Текст] / Н.М. Никольский. – М.: АСТ, 2004. – 604 с.

5 Тимофеева, Л.В. История Русской православной церкви на территории Жетысу (вторая половина XIX – XX век): дис. … канд. ист. наук: 07.00.02. [Текст] / Л.В. Тимофеева. – Алматы, 2007. – 155 с.

6 Батырханов, Г.К. Ресейдің Қазақстандағы жүргізген мисионерлік саясаты (XIX г. екінші жартсы-XX ғ. басы): тар. ғыл. канд. диссер.: 07.00.02. [Текст] / Г.К. Батырханов. – Алматы, 1997

7 Садвакасова, З.Т. Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (II половина XIX-начало XX вв.) [Текст] / З.Т. Садвакасова. – Алматы: «Дарын», 2005. – 277 с.

8 Кабульдинов, З.Е. Миссионерская деятельность правительственной церкви в Семипалатинской области и сопредельных российских округах [Текст] / З.Е. Кабульдинов // Состояние и перспективы развития краеведения в современных условиях: материалы респ. науч.-прак. конф. – Павлодар, 2002. – С.224 – 230

9 Егембердиев, М.Ш. Ресей империясының Онтүстік Қазақстандағы орыстандыру саясаты (XIX ғ. екінші жартсы-XX ғ. басы): тар. ғыл. канд. диссер.: 07.00.02. [Текст] / М.Ш. Егембердиев. – Алматы, 2007

10 Левандовский, А. Под «железной пятой» [Текст] / А. Левандовский // Свободная мысль. – 2000. – № 2. – С. 90.

11 Витте, С.Ю. О современном положении Православной церкви [Текст] / С.Ю. Витте // Православная община. – 1998. – № 1. – С. 67.

12 Камзина, А.Д. Миссионерская деятельность Русской православной церкви среди старообрядцев в Оренбургской епархии в XVIII – первой половине XIX вв. [Текст] / А.Д. Камзина // История православия на Урале: сб. ст. – Екатеринбург, 2005. – С. 134.

13 Чернавский, Н. Из истории Оренбургской епархии [Текст] / Н. Чернавский. – Казань, 1906. – С. 4.

14 Приказ № 776 Оренбургского генерал-губернатора военному губернатору Туркестанской области от 28 января 1867 г. [Текст] // Центральный государственный архив Республики Казахстан (ЦГА РК). Ф. 1. Оп. 1. Д. 1370. Л. 1 об.

15 Яковлев, В.А. Из церковной жизни в Туркестане [Текст] / В.А. Яковлев – Верный, 1902. – С. 9–10.

16 Приказ № 1365 генерал-губернатора Туркестана военному губернатору Сырдарьинской области от 29 мая 1873 г. о переводе народов иных вероисповеданий в православие [Текст] // ЦГА РК. Ф. 1. Оп. 22. Д. 514. Л. 20.

17 Скворцов, В.М. Миссионерский жезл. [Текст] / В.М. Скворцов // СПб., 1912. – Вып. 1. – С. 3–5.

18 Миссионерский съезд в Казани [Текст] // 13–26 июня 1910 г. – Казань, 1910. – 697 с.

19 Кудряшов, Г.Е. Православное миссионерство на Средней Волге: история и оценка деятельности [Текст] / Г.Е. Кудряшов // История христианизации народов Среднего Поволжья: оценки и мнения: межвуз. сб. науч. тр. – Чебоксары, 1988. – С. 55.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

20 Епископ Туркестанский и Ташкентский Аркадий. Письмо генерал-губернатору Туркестана Духовскому № 99 от 31 мая 1900 г. [Текст] // ЦГА РК. Ф. 1. Оп. 18. Д.56. Л.1 об.

21 Письмо генерал-губернатора Духовского военному министру № 481 от 15 сентября 1900 г. [Текст] // ЦГА РК. Ф. 1. Оп. 18. Д. 56. Л. 9 об.

22 Коптев, А. Миссионерская деятельность в Сибири [Текст] / А. Коптев // Сибирские вопросы. – 1912. – № 7–8. – С. 58.

23 Витте, С.Ю. Из воспоминаний [Текст] / С.Ю. Витте // Православная община. – 1998. – № 1. – С. 59.

Тасмагамбетов Асет Сембаевич*1
Доктор исторических наук, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, 090006, г. Уральск, проспект Н. Назарбаева, 194, t.asset63@mail.ru ,
ORCID ID: 0000-0003-0497-3822

ВЗАИМОТНОШЕНИЯ ЦАРСКОЙ ВЛАСТИ И РУССКОЙ ПРАВОСЛАВНОЙ ЦЕРКВИ В КАЗАХСТАНЕ И ЕЕ МЕСТО В КОЛОНИЗАЦИИ КАЗАХСКИХ ЗЕМЕЛЬ (XIX – НАЧАЛО XX ВЕКА)

Аннотация. В данной статье рассматриваются взаимооотношения русской православной церкви с царским правительством в казахских землях в период их нахождения в составе Российской империи (XIX в. – начало XX в.), а также её роль и функции в системе колониального управления в Казахстане с исторической точки зрения. Описывается процесс превращения церкви в часть государственного аппарата царской власти (создание святейшего синода, введение епархиального управления, роль института обер-прокурора). Автор, пользуясь материалами, имеющими отношение к епархиям, распространявшим свою деятельность на казахские земли, анализирует административную и миссионерскую деятельность православной церкви в Казахстане, раскрывает её связь с колониальной политикой. Всесторонне рассматриваются взаимодействие церковной администрации с местными властными структурами, миссионерская деятельность, механизмы религиозного контроля и управления духовным пространством. В статье на основе историко-сравнительного и историко-системного методов, проводится анализ институциональных связей церкви с царской властью и содержания её миссии. Особенности синодального управления и его влияние в рамках колониальной политики обоснованы на основе конкретных архивных данных и материалов печати. В результате исследования выявлено, что православная церковь предстала не только как духовное учреждение, но и как административная структура, обслуживавшая интересы колониальной власти в период вхождения казахских земель в состав Российской империи.

Ключевые слова. Царская власть, русская православная церковь, епархиальное управление, военно-гражданская власть, православное миссионерство, религиозное управление, государственный контроль, Российская империя.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

Tasmagambetov Asset Sembayevich[*1]
Doctor of historical sciences, West Kazakhstan innovation and Technology University,
090006, Uralsk, N. Nazarbayev Ave., 194, t.asset63@mail.ru ,
ORCID ID: 0000-0003-0497-3822

RELATIONS BETWEEN THE TSARIST GOVERNMENT AND THE RUSSIAN ORTHODOX CHURCH IN KAZAKHSTAN AND THEIR ROLE IN THE COLONIZATION OF KAZAKH LANDS (19TH – EARLY 20TH CENTURY)

Abstract. This article examines the relationship between the Russian Orthodox Church and the tsarist government in the Kazakh territories during their incorporation into the Russian Empire (19th century – early 20th century), as well as the Church's role and functions within the colonial administration system in Kazakhstan from a historical perspective. The study describes the process of the Church's transformation into a part of the tsarist state apparatus (including the establishment of the Holy Synod, the introduction of diocesan governance, and the role of the office of the Ober-Procurator). Using materials related to the dioceses that extended their activities to the Kazakh lands, the author analyzes the administrative and missionary activities of the Orthodox Church in Kazakhstan and reveals its connection with colonial policy. The article comprehensively explores the interaction between church administration and local authorities, missionary work, mechanisms of religious control, and the management of spiritual space. Employing historical-comparative and historical-systemic methods, the article analyzes the institutional ties between the Church and the tsarist regime, as well as the content of its mission. The specific features of synodal governance and its impact within the framework of colonial policy are substantiated through concrete archival data and printed sources. As a result of the study, it is concluded that the Orthodox Church appeared not only as a spiritual institution but also as an administrative structure serving the interests of the colonial government during the incorporation of the Kazakh territories into the Russian Empire.

Key words. Tsarist government, russian orthodox church, diocesan administration, military and civil authority, orthodox missionary work, religious administration, state control, RussianeEmpire.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

МРНТИ 03.09.03 **DOI: https://doi.org/10.62724/202520108**

Ужкенов Ернар Муратович *1
Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник,
Институт востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Республика Казахстан, 050016, г. Алматы, улица Курмангазы, 29, e81g@mail.ru , ORCID ID: 0000-0003-2577-1373

УПАДОК ЗОЛОТООРДЫНСКИХ ГОРОДОВ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА НА ИСТОРИЧЕСКИХ КАРТАХ: СПЕЦИФИКА И ХРОНОЛОГИЯ ПРОБЛЕМЫ

Аннотация. Настоящая статья ставит целью изучение хронологии функционирования золотоордынских городов на территории Западного Казахстана, а также выявление специфики и причин их упадка, анализируя сведения исторических карт, письменных источников и археологических данных. Несмотря на свою периферийность, данные города, если судить исходя из сведений европейских карт могли продолжать свое существование довольно долго, несмотря на крах существовавшей централизованной империи. Имперский импульс оказался настолько мощным, что позволил городам продолжать выполнять свои функции, даже в пределах других государств, таких как Ногайская Орда или Казахское ханство. Несмотря на скудность письменных источников, карты помогают уточнению хронологических данных, компенсируя тем самым отсутствие письменных сведений и могут служить основой для реконструкции существования оседло-земледельческой культуры и городской практики.

Данные исторических карт позволяют не только предположить о длительности функционирования оседлой жизни, но и существовании развитой городской практике, начало которой в советской историографии традиционно относилось к началу колонизации территории Приуралья казаками и русскими поселенцами. В статье на основе анализа карт Fra Mauro, Дженкинсона и других, а также летописных данных и археологических находок, обосновывается постепенный упадок этих городов к XVII веку, связанный с ослаблением торговых путей и влиянием кочевых групп.

Ключевые слова. Средневековье, Золотая Орда, Западный Казахстан, город, кочевники, оседлость, культура, история.

Благодарность. Данная статья подготовлена в рамках выполнения научного проекта AP23489009 «История оседлых поселений Западного Казахстана в золотоордынский период: реконструкция материальной культуры повседневности».

Введение. Историческое прошлое до сих пор подвергается изучению и анализу. Многие узловые моменты нашей истории пересматриваются благодаря новым данным и применению новых способов изучения. Применение новых технологий позволяет как можно более полно восстановить древние географические условия, которые во многом помогают более объективно реконструировать исторический фон и контекст. Также важным условием для переосмысления определенных моментов прошлого является и современные тенденции, которые устраняют или меняют общую направленность мифов и стереотипов в отношении отдельных исторических событий. Так, малоизученным, но огромным рубежным событием нашей истории является распад Золотой Орды – империи, которая на протяжении не менее двух веков влияла на общий ход мировой

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

истории. Сложившееся в исторической науке СССР формационный подход во многом предопределил необходимую «конечность» любого исторического периода. Так, гибель Римской империи стала основой для разделения двух формаций – от рабовладельческого строя к феодальному. При этом в советской историографии IV – VI вв. все же воспринимались как переходные [1, с. 316] или даже до VII века [2, с. 47]. В целом, именно эта традиция стала основой для деления истории мира от Античности до Средневековья, которая позднее была принята и казахстанской научной школой. Будучи основана выходцами из советской школы, в казахстанской исторической школе до сих пор есть разделение на древний и средневековый периоды, хотя тот же экономический базис для всех государств кочевников оставался неизменным – кочевое скотоводство. Не менялся и общественный строй кочевников, что побуждает историков поставить под сомнение необходимость такого деления на периоды. Изменилась лишь форма политической организации, хотя она произошла далеко от принятой даты – империя гуннов, государства Кангюй и Усунь сложились задолго до VI в. И хотя земледельческие общины были уже давно инкорпорированы в ранние сакские общества и вышеуказанные государства, лишь только Золотая Орда практиковала строительство новых населенных пунктов в массовом объеме. Если города Южного Казахстана были в монгольское время лишь восстановлены, то массовое строительство городов в традиционно аридной зоне – явление новое для истории Казахстана. Можно предположить, что природно-климатические условия вполне позволяли занятию земледельческим трудом, однако не всегда и не везде.

Большие потоки рабской рабочей силой, так или иначе должны были привести к строительству необходимых сооружений, а торговля награбленными трофеями позволила перенаправить основные торговые артерии в новый столичный домен – Нижнее Поволжье. Необходимость обеспечения новых торговых маршрутов привела к активизации градостроительной практики властей новой Империи. Первыми оседлыми жителями стали военнопленные из числа жителей среднеазиатских городов, что и стало основой для облика новых городов, которые стали калькой прежних мест проживания переселенцев. Обеспечение бесперебойной торговли ремесленными изделиями стало основой благосостояния жителей западноказахстанских населенных пунктов. Учитывая, что известны сведения о переезде ремесленников из Европы в золотоордынские города, можно предположить, что условия для особо ценных специалистов были намного лучше. Однако и основная масса ремесленников вполне неплохо себя чувствовала, так как в централизованном государстве могла продавать свою продукцию далеко за привычные ранее пределы [3, с. 34]. Помимо ремесленников, дополнительным источником дохода являлся и избыточный урожай, получаемый, по-видимому, с огородов и приусадебных участков. Сохранившийся арсенал аграрных орудий, особенно в Нижнем Поволжье указывает на то, что большой ассортимент земледельческих продуктов был одним из основных элементов ежедневного питания. Однако необычайно низкая цена на скотоводческие продукты позволяли кормить оседлое население ранее недоступной мясной продукцией. Эти сравнительно лучшие условия для оседлого населения способствовали постепенному демографическому росту, а приток новых рабов обеспечивал дешевую рабочую силу, что и стало стимулом к росту городского населения. Именно население городов и оседлых центров стало основой для центростремительных сил Золотой Орды. Не имея даже защитных сооружений, оседлое население становилось легкой добычей для противостоящих кочевых группировок. Начавшаяся «Великая замятня» продемонстрировала всю слабость основы оседло-земледельческой культуры в регионе, когда без поддержки центрального правительства, города стали зависимыми от различных группировок. Помимо этого, отлаженная прежде

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

система поставки продуктов питания также ослабляла позиции местных элит в населенных пунктах, а прекращение торговли не позволяла реализовывать свою продукцию в обмен на муку и мясо.

Материалы и методы исследований. Для изучения проблемы упадка золотоордынских городов Западного Казахстана в настоящем исследовании были использованы разнообразные материалы и методы, позволяющие реконструировать хронологию и специфику функционирования оседлой культуры в регионе. Основным источником данных послужили исторические карты, созданные европейскими картографами в период с XV по XVII века. Среди них особое внимание уделено следующим картографическим произведениям: карта Fra Mauro (1459), карта Московии Сигизмунда Герберштейна (1549), карта России, Московии и Тартарии Энтони Дженкинсона (1562), карта Генриха Хондиуса и Исаака Масса (1634), карта Джона Спида "A Newe Mape of Tartary" (1627), а также карта Пьера Дюваля "Le Grand Continent" (1684) и др., хранящиеся в цифровых архивах Национальных библиотек и европейских музеев. Карты были получены с ресурсов, предоставляющих доступ к отсканированным копиям оригинальных рукописей, таких как David Rumsey Map Collection и Gallica (BnF). Письменные источники представлены русскими летописями, прежде всего Типографской летописью, изданной в составе ПСРЛ, том 24. Эти карты были проанализированы с целью выявления упоминаний городов Западного Казахстана, таких как Сарайчик, Lajck, Risan, Cosmai и Olgaria, а также для определения изменений в их статусе и локализации во времени.

В качестве дополнительного источника привлечены письменные свидетельства, включая русские летописи, в частности Типографскую летопись, содержащую сведения о походе вятчан на Сарай в 1471 году, а также данные из русских источников XVI–XX веков о событиях в регионе. Несмотря на скудность письменных материалов, они использовались для подтверждения и уточнения информации, извлеченной из картографических источников. Кроме того, в работе учтены результаты археологических исследований, проведенных в рамках проекта AP23489009 «История оседлых поселений Западного Казахстана в золотоордынский период: реконструкция материальной культуры повседневности», что позволило дополнить картографические данные материальными свидетельствами оседлой жизни.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, «Уфа ғылым және технологиялар университеті» ФГБОУ Стерлитамак филиалы, Ресей Федерациясы, 453100, Башқұртстан Республикасы, Стерлитамак қ., Комсомольская көшесі 67, l.b.abdullina@struust.ru, ORCID ID: 0000-0002-7131-7019

Гайфуллина Миляуша Фаниловна[*2]
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, «Уфа ғылым және технологиялар университеті» ФГБОУ Стерлитамак филиалы, Ресей Федерациясы, 453100, Башқұртстан Республикасы, Стерлитамак қ., Комсомольская көшесі 67, m.f.gayfullina@struust.ru, ORCID ID: 0009-0000-0437-4104

Саттарова Лиана Сибагатовна 3,
Аға оқытушы, «Уфа ғылым және технологиялар университеті» ФГБОУ Стерлитамак филиалы, Ресей Федерациясы, 453100, Башқұртстан Республикасы, Стерлитамак қ., Комсомольская көшесі, 67, l.s.sattarova@struust.ru, ORCID ID: 0000-0002-2213-8276

Л.Н. ТОЛСТОЙДЫҢ «КАЗАКТАР» ӘҢГІМЕСІНДЕГІ ОЛЕНИННІҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ІЗДЕНІСТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада «Казактар» хикаясының басты кейіпкерінің өзін-өзі іздеу жолы концептуалды түрде «Мен» – «Мен-басқалар» – «біз» парадигмасы ретінде қарастырылады. Бұл кейіпкердің дүниетанымындағы үш деңгей-күйі. Зерттеудің мақсаты Олениннің жан дүниесіндегі рухани өзгерістерді, даму үдерістерін зерделеу. Олениннің рухани дамуындағы қарама-қайшылықтар, ішкі жан-дүниесінің тартысы, рефлексияға бейім жас жігіттің «жан тарихын» құрайды. Оның рухани ізденістерінің жолы – кейіпкер санасындағы өзгерістер және оның мәнін білуге деген ұмтылысының бір түрі. Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи, әдеби талқылау және психологиялық әдістер қолданылды. Зерттеу нәтижесі «басқалармен» диалог арқылы өзіңіздің «Меніңізді» түсіну процесі және оның бәріне қатысы бар екенін білу және «Мен» – «біз» бөлігі ретінде ұсыну.

Адам -бұл «әлемде болу» ғана емес, ол негізінен «басқалармен бірге болу». Қарым-қатынас, қауымдастық - адамның маңызды атрибуттары. Ол өзінің табиғаты бойынша «басқалар үшін жаратылыс». Шынайы болмыс қауымдастығы кедергілердің болуына қарамастан, өзінен асып кетуді және «басқаның» жеке басын түсінуді (түсінуді), сондай-ақ «Мен», «басқалар» және «Біз» парадигмаларына кіретін жауапкершілік пен адалдық сезімдерін қамтиды. Бұл Толстойдың ақиқаты.

Мақала материалдарын университеттегі тарихи-әдеби және теориялық-әдеби курстарды, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі білім беру мекемелеріндегі орыс әдебиетін оқыту тәжірибесінде қолдануға болады.

Кілт сөздер. Олениннің рухани-адамгершілік ізденістері, әдеби сипаты, «Казактар» повесі, Л.Н. Толстойдың поэтикасы.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

Abdullina Lilia Bakirovna[1]
Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Sterlitamak Branch of Ufa University of Science and Technology, 67 Komsomolskaya Street, Sterlitamak, 453100, Republic of Bashkortostan, Russian Federation, l.b.abdullina@struust.ru,
ORCID ID: 0000-0002-7131-7019
Gayfullina Milyausha Fanilovna[*2]
Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Sterlitamak Branch of Ufa University of Science and Technology, 67 Komsomolskaya Street, Sterlitamak, 453100, Republic of Bashkortostan, Russian Federation, m.f.gayfullina@struust.ru,
ORCID Identification Number: 0009-0000-0437-4104

Sattarova Liana Sibagatovna[3]
Senior Lecturer, Sterlitamak Branch of Ufa University of Science and Technology, 67 Komsomolskaya Street, Sterlitamak, 453100, Republic of Bashkortostan, Russian Federation, l.s.sattarova@struust.ru, ORCID ID: 0000-0002-2213-8276

OLENIN'S SPIRITUAL AND MORAL QUEST IN THE STORY «COSSACKS» BY L.N. TOLSTOY

Abstract. In this article, the search path of the protagonist of the story "Cossacks" Olenin is conceptually considered as a kind of paradigm "I" – "I-Others" – "We", which represents three levels-states in the hero's worldview. The stages in Olenin's spiritual development, paradigmatically interconnected, make up the "history of the soul" of a contradictory and reflective young man. The path of Olenin's spiritual quest is a kind of striving of the hero's consciousness to know himself, his essence. This is the process of comprehending one's "I" through dialogue with "Others", and realizing one's involvement in Everything and presenting one's "I" as a part of Everything – "We".

Man is not only "being in the world," but he is also, mainly, "being with others." Sociability and community are essential attributes of a person. By its very nature, it is "being for others." A genuine community of being presupposes, despite the presence of obstacles, going beyond oneself and understanding (comprehending) the personality of the "Other", as well as a sense of responsibility and devotion, which include both "I" and "Others" and "We". This is the Tolstoyan truth.

The materials of the article can be used in the practice of teaching historical and literary and theoretical literature courses at the university, as well as Russian literature in educational institutions of various levels.

Key words. Olenin's spiritual and moral quest, literary character, the story «Cossacks», the poetics of L.N. Tolstoy.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

ҒТАХА 17.01.33 **DOI: https://doi.org/10.62724/202520202**

Абдульманов Алтынбек Абуталиевич*1
Филология ғылымдарының кандидаты, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Қазақстан Республикасы, 090000, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 194, Altynbek10@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-3448-7251

ӘБДУӘЛИ ҚАЙДАРОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада филология ғылымдарының докторы, академик Әбдуәли Қайдаровтың 1993 жылы жарық көрген «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» атты еңбегінде баяндалған ғылыми принциптерге терең талдау жасалады. Тәуелсіздік алған тұста ұлттық тіл саясаты жаңа бағыт алып, қазақ терминологиясын жүйелеу, бірізділендіру, ғылыми негіздеу мәселесі күн тәртібіне шықты. Осы кезеңде Ә.Қайдаров ұсынған он бір қағидат – терминологиялық саланы реформалауға бағытталған ғылыми тұжырымдар жүйесі ретінде танылды. Мақалада аталған еңбектің теориялық негіздерін зерделеу арқылы автор алдына оның ғылыми-методологиялық мәнін ашу, ұлттық терминжасамдағы орнын көрсету және қазіргі мемлекеттік терминология саясатына ықпалын анықтау мақсатын қояды.

Осы мақсатты жүзеге асыру барысында зерттеудің бірнеше міндеттері айқындалады: біріншіден, Ә.Қайдаров тұжырымдаған он бір қағидаттың мазмұнын саралап сипаттау; екіншіден, бұл принциптердің бұған дейінгі ғылыми ұстанымдармен сабақтастығын анықтау; үшіншіден, аталмыш қағидаттардың терминологиялық жұмыстарды жүйелеудегі рөлін көрсету; сондай-ақ, осы тұжырымдарға қатысты ғылыми қауымдастықтағы пікірлер мен ұстанымдарды жинақтап, мысалдармен негіздеу.

Мақалада осы міндеттерді шешу үшін бірнеше ғылыми әдіс қолданылады. Ең алдымен, салыстырмалы талдау әдісі арқылы Ә.Қайдаров ұсынған қағидаттар мен кеңестік кезеңдегі терминологияға негіз болған ережелер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар сараланады. Сонымен қатар, контенттік талдау әдісі арқылы ғалымның еңбегіндегі тұжырымдарға жан-жақты талдау жасалып, негізгі идеялары жүйеленеді. Қағидаттарды реттеу мен мазмұндық құрылымын айқындауда жинақтау мен жүйелеу**,** ал олардың тарихи және әлеуметтік-мәдени маңызын ашуда тарихи-ғылыми әдіс қолданылады. Бұл әдістердің үйлесімді пайдаланылуы зерттеудің ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді.

Мақалада ғалымның ұсынған қағидаттарының әрқайсысына жеке тоқтала отырып, олардың практикалық маңыздылығы мен терминологиялық жұмыстарды үйлестірудегі қызметі талданады. Осы тұжырымдардың бірқатары ұлттық тілді дамыту, мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру сияқты кең ауқымды мәселелермен де сабақтасып жатқандығы көрсетіледі. Әсіресе, Ә.Қайдаровтың терминология мәселесін дер кезінде көтеріп, ұлттық терминжасамға бағыт берген ғылыми ізденістері, кейінгі зерттеулер мен Мемлекеттік терминологиялық комиссияның қызметіне ықпал еткені нақты дәйектермен дәлелденеді.

Сонымен қатар, мақалада бұл қағидаттардың ғылыми қауымдастық тарапынан әркелкі қабылданғаны да көрсетіледі. Мәселен, Өмірзақ Айтбаев, Шерубай Құрманбайұлы сынды танымал ғалымдар олардың ғылыми негізділігін мойындай отырып, кейбір тұстарға қатысты сын-пікірлер білдірген. Бұл пікірлер мақаланың ғылыми объективтілігін арттырып, ұсынылған принциптердің жан-жақты қарастырылуына мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижесінде, Ә.Қайдаров еңбегінің ұлттық

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

терминологияны жүйелеудегі векторлық бағыты, методологиялық мәні және қазіргі кезең үшін де өзектілігі ғылыми негізде тұжырымдалады.

Кілт сөздер. Қағидат, терминология, қазақ тілі, халықаралық терминдер, балама, терминжасам, тілге тірек

Кіріспе. Кеңес дәуірі тұсында қазақ терминологиясының ұлттық сипатта дамуына түрлі саяси-идеологиялық шектеулер мен тегеурінді қысымдар әсер етіп, бұл салада табиғи, ішкі ұлттық заңдылықтарға сүйенген дамуға жол берілмегені бүгінде баршаға аян. Сол кезеңде ұлттық тіл саясаты екінші орында қалып, интернационализм ұранының көлеңкесінде қазақ тілі, оның ішінде терминология саласы елеусіз күйде дамыды. Термин жасау үдерісінде қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктерінен гөрі орыс тілі мен басқа еуропа тілдерінің құрылымдарына жүгіну басым болды. Нәтижесінде қазақ терминологиясы өз табиғи арнасынан алшақтап, шет тілдік үлгілерге тәуелді күй кешті.

1991 жылы Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы тіл саясатының жаңа кезеңін бастап берді. Егемендік алған алғашқы жылдары-ақ тіл мәселесі, оның ішінде терминология саласы мемлекеттік маңызға ие бола бастады. Осы тарихи кезеңде қазақ тілінің ғылыми, ресми және қоғамдық қызметін арттыру мақсатында ұлттық терминологияны жаңғырту, жүйелеу, дамыту қажеттілігі күн тәртібіне шықты.

Осындай маңызды кезеңде қазақ терминологиясының даму бағытына жаңаша көзқарас ұсынған, батыл пікір айтып, ұлттық терминжасам мәселесін алғашқылардың бірі болып ғылыми тұрғыдан көтерген көрнекті ғалым – академик Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаров болды. Ол Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ұлттық терминология мектебінің тарихи тәжірибесіне сүйене отырып, оның ғылыми мұраларының жалғасуы қажет екенін ерекше атап өтті. Ғалым өз еңбектерінде қазақ тілінің ішкі заңдылықтарын негізге ала отырып, термин жасаудың ғылыми-теориялық және әдіснамалық ұстанымдарын тұжырымдады. Бұл – қазақ терминологиясы дамуының жаңа кезеңіне жол ашқан маңызды ғылыми бетбұрыс болды.

Академик Ә.Қайдаровтың «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» атты 1993 жылы жарық көрген еңбегі – тәуелсіздік жағдайындағы қазақ терминологиясын ұлттық негізде қалыптастыру жолындағы алғашқы және маңызды ғылыми қадамдардың бірі болып табылады. Бұл еңбекте ұсынылған терминологиялық принциптер мен тұжырымдар бүгінгі күні де өзектілігін жоғалтқан жоқ, керісінше, ұлттық тілдік саясатты жүзеге асыруда бағыт-бағдар бола алады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі – қазақ терминологиясын ұлттық негізде қайта жаңғырту мен дамытудың ғылыми-теориялық негіздерін саралау, Ә.Қайдаровтың терминологиялық мұрасын зерделей отырып, оның қазіргі терминология ғылымындағы орнын айқындауға ұмтылу болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Бұл зерттеу жұмысының негізгі материалдық негізін ҚР ҰҒА академигі, көрнекті тілші-ғалым Әбдуәли Қайдаровтың 1993 жылы жарық көрген «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» атты еңбегі құрайды. Аталған еңбекте қазақ тіл біліміндегі терминжасам мәселелеріне жаңаша тұрғыдан қарау қажеттілігі көтеріледі және автор тарапынан бірқатар терминологиялық принциптер ұсынылады. Осы ғылыми тұжырымдар зерттеу жұмысының негізгі сипаттау және талдау объектісі ретінде алынды.

Сонымен қатар, Ә.Қайдаровтың көзқарастары мен ұсыныстарына қатысты пікір білдірген, қазақ терминологиясы мәселелерімен айналысқан белгілі ғалымдар Ө.Айтбайұлы, Ш.Құрманбайұлы, Р.Шойбеков, Н.Уәли, Е.Жанпейісов, Б.Момынова сынды зерттеушілердің ғылыми еңбектері де кешенді түрде қарастырылды. Бұл

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

еңбектерде қазақ терминологиясының даму тарихы, қазіргі жағдайы мен болашағы, термин жасаудағы принциптер мен әдіснамалық ұстанымдар жан-жақты талданады. Осы еңбектердегі ғылыми пайымдар мен тұжырымдар зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі ретінде пайдаланылды.

Зерттеу жұмысы барысында төмендегідей әдістер қолданылды:

- Сипаттау әдісі – зерттеу нысаны болып табылатын терминологиялық принциптер мен ұстанымдарды нақты сипаттап, олардың мазмұнын ашу мақсатында қолданылды;
- Талдау әдісі – терминжасамға қатысты ғылыми еңбектердегі ой-пікірлерді жүйелеу, олардың өзара айырмашылығы мен ұқсастықтарын анықтау үшін пайдаланылды;
- Салыстыру әдісі – әртүрлі авторлардың пікірлерін салыстыра отырып, ұқсас және қарама-қайшы тұстарын саралау үшін қолданылды;
- Баяндау әдісі – зерттеу барысында жинақталған теориялық материалдарды логикалық жүйеде жеткізу мақсатында қолданылды;
- Жүйелеу әдісі – терминологиялық принциптерді біріздендіріп, ғылыми жүйе тұрғысынан қарастыру үшін пайдаланылды.

Жалпы алғанда, зерттеу жұмысы қазақ терминологиясының теориялық негіздерін терең түсінуге, терминжасам үдерісін ғылыми тұрғыдан талдауға және қазіргі терминологиялық тәжірибені саралауға бағытталды.

Нәтижелер және оларды талқылау. 1993 жылы Алматы қаласы, Рауан баспасынан «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» деген шағын кітапша жарық көрді. Шағын болса да келешектегі қазақтың ұлттық терминологиясының солақай саясат салдарынан ауытқып кеткен арнасын түзеуіне зор үлес қосты деп бүгінгі күні батыл айта аламыз. Кітаптың алғы сөзі кіріспесінде-ақ елдің егемендігі мен тәуелсіздігі айтылған сәтте тілдің тағдыры әр қашан талқыланып отыратындығы көрсетілген. Мемлекеттік мәртебеге ие болсақ та, тіліміздің әлі де толық қанды азат емес екендігін ескертіледі. Тілге тірек болар үш тағанды атап көрсетеді. Оның біріншісі – жазу-сызуы (Ұрпақ арасын жалғастырар алтын көпірі); Екіншісі – ономастикасы (жер бетіндегі ескерткіші); ал үшіншісі – терминологиясы (оның баю, жаңару көзі). Ғалым осы төрт таған мықты болмай тілдің дамуы осал екендігін, тілдің жағдайы бүгінгі күні де берік еместігіне назар аударады. Қоғамның түрлі саласына еніп, қоғам тілінің жан-жақты жетілуіне сеп болып жүретін, тілді арнаулы сипатта қолдануға икемдейтін, қала берді ұлттық тілді әлемдік өркениетпен ұштастырып мақсатты түрде қолдануға жұмсайтын терминология мәселесі аса өзекті екендігін алға тартады. Сондықтан дәл тәуелсіздік алған таңда бұл мәселеге қайта оралуға үш түрлі себеп бар деп тізбектейді.

Әбдуали Туғанбайұлының айтуынша, бірінші себеп – әрбір өркениетті ел ғылыми-техникалық прогрестің айнасы іспетті терминологияның тап-тұйнақтай сындарлы болуына ерекше мән беріп, заман талабына сәйкес оқтын-оқтын оның бағыт-бағдарларын анықтап, үрдісін байқап, ширатып-шыныктырып отыруға тиіспіз екен.

Ғалымның белгілеген екінші себебі – қазақ әдеби жазба тілі – мемлекеттік тілдің негізі болса, терминология мен ғылым тілі – оның жон арқасы, бүкіл рухани-мәдени өміріміздегі жаңалықтардың бәрін сергек сезініп, сол ыңғайда өзгеріп отыруға бейімді құбылыс; сондықтан да мемлекеттік әдеби тіліміздің бүгінгі күйі мен ертеңгі жағдайы терминологияның реттілігімен, жүйелілігімен, тұрақтылығымен және қолданыс аясының кеңдігімен өлшенеді [1, 2] Ал үшінші себеп – қазақ тілі терминологиясы әр түрлі жағдайларға байланысты бүгін де дағдарысқа ұшырап отыр: оның ғылыми принциптері жаңа үрдіске бағыт-бағдар беріп, алда жүріп отырудың орнына артта қалып, термин практикасы аяқ асты болып бара жатыр. Осының нәтижесінде әркімнің өз білгенінше термин жасауы немесе оны ауыстыру, алмастыруы тәрізді бейберекет

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

«бұқаралық» әрекетке (анархияға) жол беріле бастады, оны ең алдымен, Мемлекеттік терминологиялық комиссиясының өз міндетін жөнді атқара алмай отырғанынан деп көрсеткен [1, 4].

Әбдуәли Қайдаровтың бұл ғылыми еңбегінде айрықша орын алған негізгі дүниесі – қазақ терминологиясының принциптері жайында айтылған ғылыми тұжырымы болды. Академик өз сөзінде: «Біз, терминология саласында қолданылып жүрген принциптер бола тұрса да, өз тарапымыздан оларға балама ретінде он бір принциптің жобасын ұсынып отырмыз және олар бұрынғы қалыптасқан дәстүрдің де, жүз беріп отырған жаңа үрдістің де тиімді жақтарын қамтиды ғой деп ойлаймыз», - деген [1, 5].

Ә.Қайдаровтың **бірінші көрсеткен қағидаты** (принципі) бұрын-соңды терминтануда болмаған дүние. Бұл – егемен ел, тәуелсіз мемлекеттің басты белгілерінің (атрибуттарының) бірі – мемлекеттік тілі десек, оның негізгі тіректерінің бірі – терминологияны жан-жақты дамытуға, реттеуге, қалыптастыруға, кеңінен қолдануға сол мемлекеттің өзі қамқорлық жасауы керек. Бұл арада ғалымның айтпағы – мемлекет тарапынан нақты да тиімді көмек беруі, үкімет басшылығының идеологиялық насихаттауы, қаражат бөлу қажеттілігі. Ә.Қайдаров Мемтерминкомның ресми түрде жалпы термин «шаруашылығына» толық жауап беретін, термин жасау, терминдерді ауыстыру, реттеу, қалыптастыру, жариялау, қолдану сияқты түрлі ұшы-қиырсыз жұмыстардың ұйымдастырушысы, үйлестірушісі, бағдарлаушысы, бақылаушысы ретінде үлкен мәртебеге, құзіретке ие болуы керек екендігін шегелеп тұрып айтып отыр. Бұған дейінгі уақытта аталмыш комиссияның терминология мәселесіндегі түйткілді мәселелерді шешуге дәрменсіз күйде болғандығын жыл-жылға шағып нақты мысалдармен атап көрсетеді. Одан әрі терминологиялық комиссияның басты міндеті негізінен, үш топқа бөлініп жүргізілсе деген өз топшылауын келтіреді: а) термин саласындағы шығармашылық; ә) терминдерді електен өткізіп, ресми бекіту; б)терминдерді қалыптастырып, тәжірибеде қолданысын реттеу.

Екінші қағидат – қазақ тілі терминологиясының жақсы дәстүрін жалғастыра, өскелең өмірдің биік талап-талғамына сай жүз беріп отырған бұқаралық үрдістің тіл үшін тиімді де қажетті жақтарын саналы түрде пайдалану. Яғни арнаулы сипаттағы сөздердің узуалдануындағы, терминденуіндегі бұқаралық сипаттың мәнін дұрыс түсіну, сөздердің жарыспалығын зерделеп, елеп-екшеп оңтайлы қолданысты табу деген сөз. Бұл қағидатның дені сөздің ең асылын шығармашылықпен аршып алып терминдік қатарға қосу қажеттілігінен шықса керек. Ғалымның келтірген екінші қағидаты өз кезінде Ақмет Байтұрсынұлы көрсеткен «термин жасауда ана тіліміздің барша байлығын сарқа пайдалану керек» деген қағидатынан өсіп шыққан көпшіліктің қолданысында болып қатысымдық сүзгіден өткізетін жаңа бағыт-бағдар десе де болады.

Үшінші қағидат – Салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану. Әрине бұл термин саласында бұрыннан келе жатқан негізгі дәстүрлі қағидат екендігі белгілі. Десекте Ә.Қайдаровтың бұл қағидатты қайта күн тәртібіне шығаруының себебі – осы негізгі қағидатның іс жүзінде орындалмай, бұрмаланып келгендігінде болды. Тілдің мүмкіндігін сарқа пайдалану түгелі оның беткі қабатындағы оңды, әбден жарамды терминтәрізді, терминүміткер сөздер саясаттың салдарынан шеткері қалдырылды. Себептерін де ғалым тізбектеп көрсете алған. Бұлар – сол заманның үрдісі, тіл саясаты мен идеология ықпалы, орыс тілінің аз ұлттар тіліне жасаған үстемдігі мен өктемдігі және «еліміздегі ұлт, ұлыс тілдері өздерінің дамудан кенжелеп қалуына байланысты ғылым тілі болып орыс тілімен терезесі тең тұра алмайды» деген пікірдің орталықта да, жергілікті мамандар арасында да қалыптасуы, терминологиялық процестің тек бір жақты, бір бағытта ғана дамуы: терминдік

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

ұғымдардың қайнар көзі орыс тілі болып саналады да, қалған жүздеген (оның ішінде қазақ тіл де бар) ұлт пен ұлыс тілдерінің бәрі тек «қабылдаушы» пассив тілдер болып келуінде, одан өзге ғасырлар бойы өз дәстүрімен еркін дамып келген ұлттар мен ұлыстар тілдерін ғылыми-техникалық прогреске икемдеу, үйлестіру, баулу мәселесімен ешкім шұғылданған жоқ, сондықтан да бірден тілге енген терминдер қатарына балама табу мүмкін болмады және ана тілінің мүмкіншілігін толық ашып, терминология тасқынына қарсы қоярлықтай ұлт кадрлары тоталитарлық үкімет тарапынан кезінде жойылған деген бес түрлі себепті тізбектеп тұрып көрсетеді [1, 10]. Ғалым еңбегінде арнаулы сипаттағы сөздердің ұлттың өз тілінің мөлшерінде жасала алатындығын Қытай, Жапон, Түркия сияқты елдердің мысалында көрсете алған. Терминнің табиғатын аша отырып оның ұлт тілінен бөлек жеке-дара элемент емес, керсінше сол тілдің құрсағында жаратылып арнайы сипатқа еніп барып дараланған сөз екендігін де жеткізеді. Осы қағидатты жүзеге асырудың жолы тіл байлығымыздың қайнар көзін, бастау-бұлақтарын толықтай аша білуімізде екендігін де аша айтқан. Тіл байлығы деген ұғымға тоқталып оның тек сөздердің санымен шешілмейтіндігін, сөздің мағына бере алу әлеуетінде екендігін айрықша атап көрсетеді. Жеке сөздердің, сөз тіркестерінің мағыналық ауқымы олардың өздерінен шамамен он есе артық дей келіп, қазақ тілінде бір миллиондай мағыналық бірлік болуы керек деген статистикалық болжам айтады. Дәл осындай сандық көрсеткішті тіл байлығы десек болады дейді академик Ә.Қайдаров. Жалпыхалықтық тілдің қайнар бастауларына тоқтала келіп терминденуге жарар бірқатар тілдік қабаттарды да атаған. Олардың қатарында кәсіби орта сөздері мен жергілікті қолданыстағы аймақтық сөздерді, көнерген сөздерді сарапқа сала отырып, саналы түрде пайдалануды ұсынады. Сөз мағынасы туралы тұшымды ойларын айта отырып сөздік қорымызға ілтипатпен қарап, сөз бірлігіне ерекше мән-мағына беруді құптайды. Терминші мамандардың бойында болуы керек басты қасиет – қазақ тіліне деген азаматтық көзқарасының түзу, оң болуы керектігін де ғалым анық атап көрсеткен. Терминжасамда шығармашылықтың ерекші орны бар екенін Ісләм Жарылғапов, Мұзафар Әлімбаев, Әбдуәли Қарақұлов, Нұртас Оңдасынов секілді авторлардың тілімізге енгізген сөз қолданыстарын мысалға ала отырып ғалым өз еңбегінде қолдайды. Алайда жасалып жатқан баламалардың бәрі асыл емес дей келе Ә.Қайдар: «олардың беталбаты қаптата бермей, ұдайы бақылап, електен өткізіп, қолдануға ресми рұқсат беріп отыратын Мемтерминком жанында арнайы топ болуы тиіс»,- деген ой түйеді [1, 10].

Әрмен қарай Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» деген еңбекте терминжасамның лексика-семантикалық, аналитикалық, семантикалық және морфологиялық тәсілдері бойынша қысқаша шолу жасап мысалдар береді. Сол арқылы тіліміздің зор мүмкіншілігін атап көрсетеді.

Төртінші қағидатында қазақ терминологиясы үшін жаңа бағыт болып есептеледі, бұл – термин шығармашылығында бұдан кейін туыстқан түркі тілдерінің (әсіресе терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық тәжірибелерінен, терминдік өрнек-үлгілерінен, оңтайлы да үйлесімді сөз жасау модельдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалану қажеттігі туралы сөз болған. Ғалым кеңес заманында үлкенді-кішілі (30 шақты) түркі тілдеріндегі тілдік ұқсастықты, әсіресе терминтәріздес лексикасының бірлігін жоюға, байланысын үзуге талпынғанын мысалдар арқылы анық көрсетеді. «Әркім өз қазанында өзі қайнады» деп түйеді. Ендігі жерде туыстас түркі халықтарымен ғылыми-шығармашылық байланыстың қажеттігі, сөз жасау үлгілерін салыстыра қарау, үлгі алу, үйлестіру, оңтайландыру мәселесі жайында көкейге қонар ойларын жеткізген. Соңында: «туыстас тілдер тәжірибесін үйрену, одан саналы түрде пайдалану принципі – жалпы түркі дүниесіне ортақ ғылыми-техникалық прогрестің, мәдениеттің үйлесе дамуына кепілдік беретін фактор», - деп қорытынды ой түйген [1, 21].

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

Бесінші қағидаты бұрыннан бар қағидатның жаңаша баяндалуы деп келтірілген. Бұл – тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ, аударуға келе бермейтін интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау. Ғалым арнай зерттеулерге сүйеніп: «жер жүзіндегі ірі-ірі бірнеше тілдерде қолданылып, халықаралық деңгейде танымал болған терминдер мен атаулар ғана «интернационалдық» мәртебеге ие бола алады» деген тұжырымды жазады. Бұндай терминдердің табиғаты жайында көп дерек айтып олардың да тіліміздегі қарапайым сөздер секілді қасиеттерге ие екендігін, шығу төркіні, отаны бар екендігін дәйектеп, қажетінше аударуға, балама табуға әбден болатындығын сан-түрлі салалық терминдердің мысалымен дәледі көрсеткен. Мәселен, ангина – баспа, мендалина – бадамша безі, капиляр – қыл тамыр т.б.

Академик бесінші қағидатқа қатысты «халықаралық деңгейде қолданылып, танымал болған, қазақша аударуға келмейтін, келсе де терминдік мағынасы дәл берілмейтін интернационалдық термин-атауларды қазақ тілінде де қалыптастыру, тұрақтандыру қажет. Шет тіл элементін қабылдай беруге, қаптата беруге шек қойылуы керек. Халықаралық терминдерді аудару не балама іздеу ісі ғылыми негізде, саналы түрде, кәсіби шеберлікпен жүзеге асырылуы қажет деген қорытынды береді.

Алтыншы қағидат – орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген термин-атауларды мүмкін болғанша қазақша аударып қолдану: аударуға келмейтіндерін бұрынғыдай сол қалпында емес, қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау. Бұл бағытта ғалым кірме сөздердің легін бүгінгі күнге дейін «орыстық», «советтік» және «интернационалдық» деп үш топқа бөліп қарап келгенімізді сөз ете келе таза орыс тіліндегі терминдердің үлесі тілімізде сөздік қордың 30 проценті деп көрсетеді. Оның ішінде 20 пайызы советтік болмысқа байланысты дүниеге келген советизмдер деп атайды (большивик, пулемет, станок, пошта, завод, сот, паром т.б.) Қайдаровтың көрсетуінше, орыс тілінің терминологиялық қоры еуропа мен шығыс елдері тілдерінің элементтерінен тұрады екен және ғылым саласында дамыған тіл, шет тілдер элементін қанша болса да көтереді. Бұл арада қазақ тілінің тағдырын олайша қарау өте қауіпті дейді ғалым [1, 26]. Ғалымның тағы бір қауіпі – орыс тілінің өктемдік әсері, Тілдегі игілікті әсер, әдетте, терезесі тең тұрған халықтардың арасында ғана болуы мүмкін. Қазақ тілі толыққанды тілге тән 50-дей қоғамдық қызметінің тек оншақтысын ғана атқарып келді деп баяндаған [1, 26]. Қағидаттың түйіні – таза орыс (славян) тілінің терминдік лексикасын қазақ тіліне толығымен аударып қолдануымыз керек.

Ғалым атап көрсеткен **жетіші қағидат** қысқартылған терминдер мен атаулар жайында болды. Бұндағы басты мәселе – салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша (кейде сөз араластырып та) кеңестік-халықаралық термин-атаулардың үлгісімен қысқартып қолдануды заңдастыру. Ғалым қысқартып сөз қолдану дәстүрі қазақ тілінде кеңестік дәуірде артқанын сөз ете келе, қысқарта сөз қолдану мәселесі әлі күнге өзекті екендігін, қиындықтар бар екендігін көрсетеді. Басты кемшілік – олардың әлі күнге түгел жиналып, зерттелмей келуі, бір жүйеге түсе алмай отыруы. Әрмен қарай автор қысқартудың басты түрлеріне тоқталып олардың түрлерінің өте көп екендігін айтады. Қорыта келе, мәселені түбегейлі шешудің бірден-бір жолы дейді Әбдуали Қайдаров: «3 мыңнан астам қысқарған термин-атаулардың бәрін жинап алып, арнайы ереже негізінде жүйеге салып, талқылып «Қазақ тіліндегі қысқарған терминдер мен атаулардың сөздігін дайындап шығару керек» [1, 32].

Ғалымның белгілеген **сегізінші қағидаты** тілдегі дәстүрлілік пен шарттылыққа қатысты. Тума термин болмайды, тілдегі терминнің бәрі де – тіліміздегі қарапайым сөздер дейді. Шарттылық негізінде термин әлеуетіне көтеріліп жаңаша қолданысқа,

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

өріске ауысуы жиі ұшырасады дей келе, «қандауыр», «ардагер», «ішімдік», «компьютер» секілді сөздердің терминдену жайын талдауға алады.

Әбдуали Қайдаровтың ұсынған **тоғызыншы қағидаты** терминологияда бұрын қағидат ретінде қаралмаған бағыт. Бұл – тіліміздегі терминдер мен атаулардың мағыналық, тұлғалық жағыннан жақындарын өзара топтастырып, салыстыра отырып, лексикалық қорда салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану. Яғни терминді жеке-дара емес тұтас терминологиялық ұясы (сема) бойынша қарастыру мәселесі. Әрмен қарай автор орыс тіліндегі бір үйір терминдерді келтіліп оларға үйірлі балама іздестіру, телу, сәйкестіру жұмысын жүргізуге тырысады. Ең бастысы – сол табылған баламаларды үйлестіру жұмысы екендігін ғалым қатаң ескертеді.

Оныншы қағидат тіліміздегі ұлттық және халықаралық термин-атаулардың сандық-сапалық ара салмағын, тепетеңдігін табиғи қалыпта сақтау мәселесіне арналған. Бұл қағидатның «стратегиялық» мәнін ашып айтады. «Тілімізде қанша термин бар, олардың қаншасы бірқұрамды (бір компонентті) жай терминдер, қаншасы көпқұрамды (көп компонентті) күрделі терминдер, қаншасы шетелдік, қаншасы аралас, қаншасы ана тіліміз негізінде пайда болған таза терминдер деген сауалға жауап беруге талпыну қажеттігінен туындаған қағидат. Терминдер мен ұлттық терминдердің табиғи ара салмағының (30 да 70 пайыз) сақталуына мән беру аса маңызды екендігін ғалым алға тартады.

Он бірінші қағидаты - терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу. Бұл әліпби мен емле қағидаларын өзгертуге байланысты қаралатын мәселе екендігін айта отырып Әбдуәли Қайдаров бұны қоғам санасын ертеден дайындап алу қажеттігін ескеру керек деген. Мәселені түбегейлі шешуде жалпы тіл емлесінің ережелерін қайта қарау аса өзекті екендігін көрсетеді. Жалпы тіл мен терминдерге бөлек ереже болмасы түсінікті, алайда ғалым сол тоқсаныншы жылдарда-ақ бұл мәселенің дайындығын, алғышартын осы терминжасауда екендігін ұғындыруға тырысқан.

Ә.Қайдаров ұсынған қағидаттар жобасы біраз пікірталасқа түсіп көптеген ғалымдарға ойтүрткі болғанын да айта кеткіміз келеді. Қағидаттардың маңыздылығы жайында пікір айтып, оларды негізінен қуаттағандардың қатарында Өмірзақ Айтбайұлы еді. Ғалым принциптердің өзара қайталануын аңғартып: «әңгіме принциптердің санында емес, мәнінде» екендігін атап көресткен [2, 278]. Ө.Айтбайұлының бұл пікірі қазақ терминологиясын дамыту барысында формализмге ұрынбай, нақты ұстанымдардың тіл табиғатына сәйкестігіне баса назар аудару қажеттігін көрсетеді. Бұл көзқарас терминжасам саласындағы ғылыми-практикалық жұмыстарда қағидаларды механикалық түрде емес, мәндік-ұстанымдық деңгейде қолдану қажет екенін ескертеді [3, 42]. Сол секілді терминология мәселесімен етене шұғылданып, қазақ терминологиясы ғылымының жетілуіне, дамуына зор үлес қосып жүрген ғалым Ш.Құрманбайұлы да, ұсынылған принциптерді зерделей отырып олардың толық қағидат сипатына келмейтін, қағидат шеңберіне симайтын не жетпейтін тұстарын көрсете отырып былайша ой түйген: «...ұсынылған қағидаттардың ішінен 3, 4, 5 – қағидаттарды терминология дамуының негізгі қағидаттарының қатарына қосуға болады деп санаймыз. Ал қалған (1, 2, 6, 7, 8, 9, 10, 11) пункттерде аталып көрсетілген мәселелер терминологияны дамытуда, жетілдіруде жалпы басшылыққа алынып, негізгі қағидаттарды жүзеге асыруға бағытталған терминологиялық жұмыстарды жүргізу кезінде ескерілуге тиіс. Дәлірек айтқанда, академик Ә.Қайдар жеке қағидат ретінде көрсеткен мәселелердің бірқатарын терминологиялық қызметке басшылық жасаудың тиімді жолдары, терминологиялық жұмыстарды республика көлемінде үйлестіру мен ұйымдастырудың тетігі ретінде тану

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

керек те, енді бірқатарын термин шығармалығын дамытудың әдіс-тәсілдері деп білген орынды болар деген ойдамыз» [3, 248].

Қорытынды. Тіл – тек қарым қатынас құралы емес, этностың рухани мәдениеттің жасаушы, сақтаушы, әрі сабақтастырушы құрал [4, 7] дегендей, ұлттың руханиятын асырар арынды көзі ғылым екендігін өз тарапымыздан қоса айтамыз. Академик Қайдаровтың Тәуелсіздік алған сәтте ұлттық терминологияның жаңа леппен қадам басып дамуына қозғау салғанын жоғары бағалаймыз. XX ғасырдың басында алғаш болып Ақмет Байтұрсынұлы іргесін қалаған ұлттық терминологияның қағидаттарын негізге ала отырып, кеңестік кезеңде халықаралық сипаттағы терминология ұстанымдарымен үндестіріле дайындалған Құдайберген Жұбановтың қағидаттарын ескере келе өзіндік сипаттағы жаңаша он бір принцип ұсынуы Тәуелсіз Қазақстан терминологиясының дамуына серпіліс бергені де сөзсіз.

Қоғамдық-саяси өзгерістер орын алған XX ғасыр аяғында кеңес үкіметі күйреген кезде тілдің мәселесін қоғамда орынды көтеріп, мемлекеттік тілімізді жетілдіру мен дамытудағы саяси-практикалық қадамдарды көрсете білгені анық. Академик Ә.Қайдаров «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» еңбегінде Тәуелсіз Қазақстан жағдайында қандай іс-қимылдар жасау қажет, қандай жұмыс бағыттарын ұстануымыз керек деген өзекті сауалдарға өзіндік жауаптар беруге ұмтылды, бастамашы болды. Ғалым дер кезінде Қазақ терминологиясын дамытудың, терминологиялық жұмыстардың өзіндік стратегиялық жоспарын құруға дайындады десе де болады.

Кейінгі жылдарда ғалым ұсынған ҚР Мемлекеттік тіл комитетін құру, Мемтерминком, ғылыми-практикалық орталықтар жұмысын жолға қою, реттеу, мәртебе беру жұмыстары жүзеге асты. Қазақ тілінің терминдік қорын жасауда ғылыми әлеуетті күшейту, заман жетістігі компьютер техникасы мен автоматтандырылған тәсілдерді кеңінен қолдану ісі де жүйелі қолға алынды. Белгілі ғалым С.Әлісжан көрсеткенінде: «Тәуелсіздік жылдарында тілмен бірге тіл білімі де түлегені анық» [5, 2]. Тәуелсіздік жылдарында Үкімет пен ғылыми қауымдастық атқарған жаңашыл бағыттар Ә.Қайдаров ұсынған қағидаттарынан ой сабақтады.

Ғалым ұсынған принциптердің барлығы бірдей нақты терминологиялық қағидат шеңберіне, талаптарына сайма-сай келе бермейді деген ғалым Ш.Құрманбайұлының пікірімен келісеміз [6, 46]. Ұсынылған он бір қағидаттың басым бөлігі іштей бірін бірі қайталап, жалпылама сипатта кеткен тұстарын, мақсатты түрдегі ғылыми-публицистикалық сарынын аңғардық.

Бүгінгі таңда ғалымдар шоғыры мен мемлекеттік органдар тарпынан қыруар еңбектер атқарылып терминдерді тізіп, сөздік құрау жұмысы үздіксіз жүргізіліп келеді. «Тілдегі сөздерді қаттап, реттеп, мағынасын түсіндіріп жүйелеудің өзі тіл атаулының өзін-өзі сақтап қалу үшін жасалған қадамы, амалы», - деген Б.Момынованың сөзі осы тұста бұл жұмыстың өзектілігін аша түседі [7, 31].

Жалпы Ә.Қайдаровтың «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» деген шағын кітапшасы өз мақсатына толық жеткен еңбек. Ғалымның ұсынған қағидаттары жалпы терминологиялық жұмыстарды үйлестіруде, тіл саясатын жүргізу мәселесінде түрткі болды, термин шығармашылығын өрбітті, ғалымның түпкі ойлары, ғылыми тұжырымдары негізге алынып практикалық жұмыстардың жүргізілуіне жол ашты.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қайдаров, Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас [Текст] / Ә. Қайдаров – Алматы: Рауан, 1993. – 43 б.

2 Айтбайұлы, Ө. Терминжасамның қайсыбір қалтарыстары [Текст] / Ө. Айтбайұлы // Терминология: теория және тәжірибе. – Астана, 2001.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

3 Айтбайұлы, Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері [Текст] / Ө. Айтбайұлы – Алматы: Арыс, 2007. – 624 б.

4 Уәли, Н., Қыдырбаев, Ө. Қазақ тілі сөз мәдениеті [Текст] / Н. Уәли, Ө., Қыдырбаев – Алматы: Мектеп, 2006. – 266 б.

5 Әлісжан, С.К. Қазақ терминологиясының даму белестері [Электронды ресурс] / С.К. Әлісжан – Астана: Назарбаев университеті, 2016. https://nur.nu.edu.kz/server/api/core/bitstreams/8f139116-a40a-4931-ac1c-0331ee76a2b7/content

6 Құрманбайұлы, Ш.Қ. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография [Текст] / Ш.Қ. Құрманбайұлы – Алматы: Сардар, 2014. – 928 б.

7 Момынова, Б. Қазақ лексикографиясына арналған зерттеулердің қалыптасуы мен дамуы [Текст] /Б. Момынова // Тілтаным. – 2015. – №1.

REFERENCES

1 Kajdarov, A. Kazakh terminologijasyna zhanasha kozkaras [A new approach to Kazakh terminology]. Almaty: Rauan, (1993): 43 b. – (in Kaz)

2 Ajtbajuly, O. Terminzhasamnyn kajsybir kaltarystary [Some pockets of Terminzhasam]. Terminologija: teorija zhane tazhiribe. – Astana, (2001): – (in Kaz)

3 Ajtbajuly, O. Kazakh til biliminin maseleleri [Kazakh language of speech culture]. Almaty: Arys, (2007): 624 b. – (in Kaz)

4 Uali, N., Kydyrbaev, O. Kazakh tili soz madenieti [Tekst]. Almaty: Mektep, (2006): 266 b. – (in Kaz)

5 Aliszhan, S.K. Kazakh terminologijasynyn damu belesteri [development of Kazakh terminology]. Astana: Nazarbaev universiteti, (2016): – (in Kaz)
https://nur.nu.edu.kz/server/api/core/bitstreams/8f139116-a40a-4931-ac1c-0331ee76a2b7/content

6 Kurmanbajuly, Sh.K. Kazakh terminologijasy: zertteuler, okulyk, sozdik, bibliografija [Kazakh terminology: research, textbook, dictionary, bibliography]. Almaty: Sardar, (2014): 928 b. – (in Kaz)

7 Momynova, B. Kazak leksikografijasyna arnalgan zertteulerdin kalyptasuy men damuy [Formation and development of research on Kazakh lexicography]: Tiltanym, (2015): №1. – (in Kaz)

Абдульманов Алтынбек Абуталиевич*1
Кандидат филологических наук, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Республика Казахстан, 090000, г. Уральск, проспект Н. Назарбаева, 194, altynbek10@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-3448-7251

АБДУАЛИ КАЙДАРОВ И КАЗАХСКАЯ ТЕРМИНОЛОГИЯ

Аннотация. В данной статье проводится углублённый анализ научных принципов, изложенных в труде доктора филологических наук, академика Абдуали Кайдарова «Новый взгляд на казахскую терминологию», опубликованном в 1993 году. В период обретения независимости, когда национальная языковая политика вступила в новый этап, остро встал вопрос систематизации, стандартизации и научного обоснования казахской терминологии. В этом контексте предложенные А. Кайдаровым одиннадцать принципов стали важным шагом к реформированию терминологической сферы. Целью настоящего исследования является теоретическое осмысление данных принципов, раскрытие их методологического значения, определение их роли в развитии

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

национального терминотворчества, а также выявление их влияния на современную государственную языковую и терминологическую политику.

Для достижения данной цели были определены следующие задачи: во-первых, содержательный анализ и систематизация одиннадцати принципов, сформулированных А. Кайдаровым; во-вторых, установление преемственности этих принципов с предыдущими научными подходами; в-третьих, выявление их значения в организации терминологической работы; и, наконец, рассмотрение мнений и откликов научного сообщества на предложенные положения, с приведением конкретных примеров.

В процессе исследования использовались различные научные методы. Сравнительный метод применялся для сопоставления принципов Кайдарова с ранее существовавшими теоретическими установками в терминологии. Содержательный (контент-) анализ позволил выявить и систематизировать основные идеи, представленные в труде «Новый взгляд на казахскую терминологию». Для структурирования и интерпретации принципов были задействованы методы обобщения и систематизации. Историко-научный подход использовался с целью оценки роли и значения данных принципов в контексте становления казахской терминологической науки в постсоветский период.

В статье подробно рассматривается содержание каждого из предложенных принципов, проводится их анализ с точки зрения практической значимости и применимости в координации терминологических процессов. Подчеркивается, что предложенные положения тесно связаны с более широкими вопросами развития национального языка и реализации государственной языковой политики. Особое внимание уделяется своевременности постановки проблем терминологии А. Кайдаровым, его вкладу в формирование научной базы и методологических ориентиров для последующих исследований, а также влиянию на деятельность Государственной терминологической комиссии.

Кроме того, в статье отмечается, что принципы Кайдарова вызвали широкий отклик в научной среде, были предметом как поддержки, так и критики. В частности, видные ученые, такие как Өмірзақ Айтбаев и Шерубай Құрманбайұлы, высоко оценили научную обоснованность этих принципов, одновременно высказывая конструктивные замечания по отдельным аспектам. Это позволило обеспечить всесторонний и объективный анализ предлагаемого подхода. В результате установлено, что труд А. Кайдарова сыграл векторообразующую роль в становлении и развитии национальной терминологии, сохраняя свою актуальность и в современных условиях.

Ключевые слова. Принцип, терминология, казахский язык, международные термины, альтернативный термин, терминообразование, опора на язык

Abdulmanov Altynbek Abutalievich*1
Candidate of philological Sciences, West Kazakhstan innovation and Technology University, Republic of Kazakhstan, 090000, Uralsk, N. Nazarbayev Ave., 194, altynbek10@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-3448-7251

ABDUALI KAIDAROV AND KAZAKH TERMINOLOGY

Abstract. This article provides an in-depth analysis of the scientific principles outlined in the work "A New Perspective on Kazakh Terminology" by Doctor of Philological Sciences, academician Abduali Kaidar, published in 1993. During the early years of Kazakhstan's independence, national language policy entered a new phase, necessitating the systematization, standardization, and scientific grounding of Kazakh terminology. In this context, the eleven

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

principles proposed by A. Kaidar marked a significant step toward the reform of terminological studies. The primary objective of this study is to examine the theoretical foundations of these principles, uncover their methodological relevance, determine their role in the development of national term formation, and assess their impact on contemporary language and terminology policy in Kazakhstan.

To achieve this goal, several research tasks were identified: first, to analyze and systematize the eleven principles formulated by Kaidar; second, to establish the continuity of these principles with earlier theoretical approaches in terminology; third, to determine their significance in coordinating terminological activities; and finally, to present and evaluate scholarly responses and critiques regarding these principles through concrete examples.

A range of scholarly methods was applied in the study. The comparative method was used to juxtapose Kaidar's principles with earlier theoretical terminological frameworks. Content analysis was employed to extract and systematize the key ideas of the work "A New Perspective on Kazakh Terminology". To structure and interpret the principles, synthesis and systematization methods were utilized. The historical-scientific method was applied to assess the role and importance of these principles within the development of Kazakh terminological science in the post-Soviet period.

The article provides a detailed examination of each of the proposed principles, analyzing their practical relevance and their applicability in coordinating terminological work. It emphasizes that these principles are closely linked with broader issues of national language development and the implementation of state language policy. Special attention is paid to Kaidar's timely contribution to raising the issue of terminology, his role in shaping the scientific foundation and methodological direction for subsequent research, and his influence on the work of the State Terminology Commission.

Additionally, the article notes that Kaidar’s principles sparked diverse reactions within the academic community and were the subject of both support and constructive criticism. Prominent scholars such as Ömirzaq Aitbayev and Sherubay Qurmanbayuly acknowledged the scientific validity of the proposed framework while offering insightful critiques of specific aspects. This diversity of perspectives contributes to a well-rounded and objective analysis of Kaidar’s approach. Ultimately, the study concludes that A. Kaidar's work played a vector-forming role in the establishment and development of national terminology and remains relevant in the current linguistic landscape.

Key words. Principle, terminology, Kazakh language, international terms, alternative term, term formation, language-based approach.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

ҒТАХА 17.71.91 **DOI: https://doi.org/10.62724/202520203**

Бекқожа Жылқыбекұлы[1]
Филология ғылымдарының кандидаты, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Қазақстан Республикасы, 020000, Көкшетау қ., bekhoja_astana@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-1225-8669

Молгаждаров Қасиет Какенұлы[*2]
Филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Қазақстан Республикасы, 020000, Көкшетау қ., kasiet_k@list.ru, ORCID ID: 0000-0002-9883-8228

КӨК ТҮРІК ДӘУІРІНДЕГІ ЕСКЕРІТКІШТЕРДІҢ ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ӨЛЕҢ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Аңдатпа. Бұл мақала көк түрік дәуіріндегі жазба ескерткіштер мен батырлық жырларының жанрлық сипаты әдебиет теориясының ғылыми танымдық тұрғысынан талданып, қазіргі қазақ поэзиясы үлгілерінің түп төркіні мен көркемдік ерекшеліктерінің тегі сол бір жазба ескерткіштерде бар ма жоқ деген мәселені айқындау мақсатында жазылғаны белгілі. Осы бір мақсатты анықтау негізінде көк түрік дәуірінің жазба ескерткіштері өлең өнеріне тән ырғақ пен ұйқас заңдылықтары тұрғысынан зерттеп-зерделеніп, қазіргі қазақ поэзиясының түр жақтағы өзіндік ерекшеліктері туралы түсініктің қалыптасуы жөнінде талдау жүргізіледі. Қазақ ауыз әдебиеті мен жазба поэзияның қалыптасуына негіз болған ырғақ пен ұйқастың алғышарттары туралы нақтылы мысалдар арқылы поэзия теориясының негізгі қағидаларына сүйене отырып, пайымдалатын бұл ғылыми еңбек көк түрік дәуірі жазбаларының мәтіндік мәнеріне үңіліп, оның өзінен кейінгі ауыз әдебиетімен жазба әдебиетке болған ықпал-әсері төңірегінде ғылыми тұжырым жасайды. Бұл барыста салыстыра-салғастырмалы зерттеу әдісін қолданудың маңызы өте зор болғандығын айта кетуге тура келеді. Бұл ғылыми жұмыстың нәтижесі ретінде адамдар алғашқы ой-сезімін бейнелеуде алдымен қара сөз жанрын кең көлемде қолданып, одан кейін тұрмыс-тіршілік пен рухани сұраныстың табиғат дүниесімен сәйкесті қажеттілігі негізінде ырғақтық өнер туындысы болған өлеңнің бірте-бірте жыраулық тұрғыда қалыптасқандығын көлденең тартуға болады. Сөйтіп бұл ғылыми еңбектің нәтижелерін қолдану барысында көк түрік жазба ескеріткіштерінің қара сөзге, ал жыраулық поэзия мен қазіргі қазақ өлең өнерінің ырғақтық құрылымы мен ұйқастық ерекшелігінің басым екендігін тұрақтандырады. Осы бір қорытынды тұжырым негізінде қазақ өлең өнерін көркемдік деңгейінің ұқсамауына байланысты сарынды өлең және дарынды өлең деп екі ірі топқа жіктеп қарастырғанда ғана, өлең өнерінің қандай өнер құбылысы екендігін түсіну қиын болмайды.

Кілт сөздер. Поэзия, көк түрік ескеріткіштері, қара сөз, эпос, ауыз әдебиеті, батырлық жырлар, жырау, дарынды өлең.

Кіріспе. Қазіргі көркемдік өресі кемелденген өлең өнері оқырман санасына ерекше әсер ететін өршіл туынды ретінде бірден қалыптаса қоймағандығын бәріміз білеміз. Өзінің бастау-қайнарын ұзақ ғасырлар қойнауынан тартатын өлең өнері өзінің бүгінгі озық үлгісіне жеткенге дейін ұзақ кезеңдер барысындағы даму сатыларынан өткені сөзсіз. Жалпы өнер атаулы адамның алғашқы қиялы мен ой-сезімінен бастау алып, ой-сезімді көркем бейнелеп беру негізінде пайда болғаны жөнінде алуан түрлі ғылыми

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

болжамдар бар. Ал өлең өнердің саналы түрде ой-сезімге әсер етуі мақсатымен дүниеге келген кезеңі өте арғы дәуір болып саналатыны да жасырын емес. Сол себепті ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы жалпы өнердің шығу тегі мен өркендеп жетілуіне қарай «тірнек өнері мен көрнек өнердің» аражігін айыруды қадағалап, өлең өнерінің адамның руханыи дүниесіне тікелей әсер ететін «көрнек өнерге» жататындығын ғылыми түрде тұжырымдап көрсеткен болатын.

Ежелден өлең десе елеңдейтін қазақ қауымы үшін, өлеңсіз өмір сүру, мәнсіз өмір өткізу мен бірдей болғаны да анық. Қазақ халқының күнделікті қуанышымен қайғы-қасыреті өлең өзегімен бірге өріліп, той-думандармен жиналыс-бас қосуларда өлең айтып, күй тарту ұлтымыздың ұлағатты дәстүріне айналғандығы бәрімізге аян. Тіпті тал бесікке таңылған сарыуыз сәбидің өзі де бесік жырының құлаққа құйылған құдыретімен дүние дүрмегіне көзін тырнап ашып, үңіліп, ол дүниеге аттанып бара жатқан маңғаз пенде де жоқтау өлеңнің күйзеліс күйімен аттандырылып, қара жер төсінен алған өзінің мәңгілік жайлы орнына өлең тыңдап жатып, жайғасатын болған. Халқымыздың өлеңге деген, міне, осындай ерекше құштарлығы ғасырлар бойы өзінің дәстүр жалғастығының арқасында Күлтегін сынды бірегей ойшылдармен Асанқайғы сынды ақылгөй даналарды дүниеге келтірді. Сөйтіп қазақ өлең өнері жыраулық дәстүрмен жалғасып, қазақ хандығының мерейін асқақтата түсумен бірге, батырлық пен ерлікті, отаншылдық рух пен егеменді елдікті баса дәріптейтін алаш ақындарының арынды легін қалыптастырды. Қазақ өлең өнеріндегі бұл алашты қалыптасқан қазан төңкерісінен кейінгі қилы-қилы, құбылмалы, қитұрқы саяси ойындардың кесапатты кесірінен, өзінің арқыраған арынды ағысынан зобалаң сала келген зорлықты, билік күштің кесірінен оңай айрылып қалып, саяси ұранға айналған кезі де болды. Еліміз егемендік алғаннан соң барып, қазақ өлең өнері өзінің аяғындағы шойын тұсауын, мойнындағы мойылғы ажырғысын сыпырып тастап, жаңаша даму беталысына бет түзей бастады. Осы барыста арындап келе жатқан ақындарымызбен кейбір әдебиеттанушыларымыз өлең өнерінің нендей өнер құбылысы екендігін меңгере алмай мең-зең болды. Әдебиет ең алдымен идеология үшін қызмет етеді деген қызыл империяның көне сүрдек көзқарасы біздің талапкер жас буын ақындарымыз емес, тіпті, қолындағы қаламының ұшы қозға айналып, айналасына едәуір таныла бастаған ақындарымыздың миына бұрынғыдай көне сарынмен сіңе бастады. Сондықтан қазақ өлең өнеріне жаңаша түсінік-көзқарас орнату – алаш ақындары жетік меңгерген өлеңдік түсінігімізді таза ұлттық негізде, қайтадан қалпына келтіру қажеттілігі дәл қазіргі күнде туындап отыр. Осы қажеттілік жөнінде көк түрік жазба әдеби үлгілерінің жанрын анықтау негізінде өлең өнерінің даму беталысы жайлы егжей-тегжейлі пікір айтып, көзқарас білдіру осы зерттеу жұмысының ең негізгі түйіні болмақ. Сол себепті біз бұл зерттеу жұмысының өзектілігі де дәл осында деп айтуымызға болады.

Өлеңтану ғылымының бастау көзі өте ерте замандардан басталса да, бірақ күні бүгінге дейін өлеңнің нендей өнер құбылысы екендігі жөнінде бір жүйеге келген, ортақ анықтамалық көзқарас әлі күнге дейін қалыптаспай отырғандығы бәрімізді қынжылтады. Өлең өнері туралы әр дәуірде, әр елде әртүрлі түсінік-көзқарастар пайда болды. Тіпті, өлең туралы анықтама беруден бойын аулақ салуға тырысқан көрнекті ақындар мен өлеңтанушылар қаншама! Сондықтан бұл зерттеу жұмысының ең негізгі ғылыми жаңалығы – жалпы қазақ қауымы арасында өлең деген түсінікті тақпақпен немесе көктүрік жазба әдеби үлгілерінің эсселік сипатымен шатастырып жүрген жаңсақ түсінікке тойтарыс беріп, нағыз, дарынды өлең анықтамасының қандай деңгейде қалыптасып отырғандығын айқындап көрсетуді қарастыру. Қазақ өлең өнерін қара сөз үлгілерімен жан-жақтылы салыстыра отырып, ондағы өлең емес ұғымдарды анықтап шығу, сонымен бірге қазақ өлең өнерінің өзекті өлшемдерін айқындау арқылы, өлеңге қойылатын талап пен талғамды теориялық жақтан бір жүйеге түсіру және қазақ өлең

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

өнеріне жаңаша бір жасампаздық леп пен лек әкелудің ұтымды жолдарын іздеу дәл осы біз тілге тиек етіп отырған ойды тақпақтап бейнелеу тәсілін нағыз өлең шығармашылығынан айырып қарастырумен тікелей байланысты. Сол арқылы өлең деген киелі өнердің ішкі сиқырлы сырымен мәнді мәйегіне терең бойлау арқылы, қазақ өлең өнерінде өлең деген ұғымның анықтамасының қалыптасу жағын жан-жақтылы қарастыру бұл зерттеу жұмысының басты жаңалығы болмақ.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Бұл мақалада тақырып негізінде зерделенген мәселені ашып көрсету мақсатында жинақтау, салыстыру әдістерінің ұстанымдары негіз етіп алынды. Сондай-ақ, мақаланы жазу барысында талдау, ой қорыту, анализ, синтездеу әдістері де қолданылды. Белгілі әдебиет зерттеушілер мен фольклортанушы және түріктанушы ғалымдардың поэзия мен эпос генезисі мен ерекшелігін талдап, зерделеген ой-тұжырымдары мен пікір-көзқарастары ерекше ескерілді. Қазақ өлең өнерін зерттеп-зерделеу барысында өлең теориясының негізгі қағидалары мен заңдылықтарынсыз әрқандай бір өлеңнің болмысына баға беру қиынға түсетіні белгілі. Бұл мақалада сондай-ақ қазақ өлең өнерін өлең теориясы тұрғысынан зерттеу әдісі қолданылды. Мақалада өлеңнің түр-пішіні мен мән-мағынасы зерделеніп, өлең шумақтарында қолданылған ырғақ пен ұйқасқа қатысты материалдар негізінде өлең теориясында өлең туралы кейбір жаңсақ түсініктердің пайда болу жағы қарастырылып, қазақ ақындарының маңдайалды жырлары мен тақпақ сипатты өлең-жырлары талдап-іріктеліп, олардан мысалдар алынды. Қазақ ақындарының өлең жинақтары мен Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінен бастап өлең теориясын зерттеп-зерделеген ғылыми еңбектер сарапқа салынды. Сонымен бірге шетел өлеңтанушыларымен қоса, өлең теориясын зерттеп-зерделеген А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов Қ. Жұмалиев, Е.Ысмайылов, М.Қаратаев, З.Ахметов, З.Ғабдолов, Р.Нұрғалиев, М.Мырзахметов, М.Жолдасбеков, С.Негимов, Қ.Мырза Әли, Т.Шапаев және түріктанушы Қаржаубай Сартқожаұлы қатарлы отандық ғалымдардың ой-пікірлері де бұл ғылыми еңбектен тыс қалмады. Мақаланы жазу барысында кешенді зерттеу, мәтіндік талдау, ақындық стильді салыстыру және өлең өнерінің мәндік ерекшеліктеріне сипаттама беру қазақ ақындарының өлең ырғағы мен ұйқасын қолдану жағына қарай отырып, олардың қазақ поэзиясындағы шығармашылық орнын белгілеу жағы да бұл зерттеу еңбегінде қарастырылды.

Зерттеу жұмысында баяндау, анализдеу әдістерімен қоса, салыстыру әдісі де қолданылды. Әсіресе қазақ поэзия жанрын аталмыш тақырып аясында зерттеудің маңыздылығы ақынның эстетикалық талғамы, даралығы, оқырмандардың өлеңнен ләззаттану жақтағы белсенділігі шығармашылықта ерекше орын алатындығы жөнінде нақтылы тұжырым жасалды. Зерттеу барысында өлең эстетикасының көркемдік көкжиегі тарихына көз жүртіп, өлең өнерінің міндеттері мен оқырман алдындағы жауапкершілігі негізінде зерттеп-зерделенді. Өлеңдегі ұйқас пен ырғақтың өлең шумақтарында әдеби шығармашылық тұрғыда және түршілдік тұрғыда қолданылу жағы басты назарға алынды. Бүгінгі таңда өлең шумақтарындағы ұйқас пен ырғақтың өлеңде қолданылуын жаңаша көзқараспен талдау – эстетика ұғымын заманауи қажеттіліктер арқылы танып, рухани құндылықтың өміршеңдігін тереңірек сезінуде өзекті мәселеге айналып отырғаны белгілі. Сондықтан сарынды өлең емес, дарынды өлең өнері бойындағы эстетикалық көзқарастардың шығармашылық құндылығын жете меңгеріп, бұл мәселені эстетикалық категориялар негізіндегі мысалдар арқылы дәлелдеп көрсетудің маңызы баса көрсетілді.

Нәтижелер мен оларды талқылау. «Қара сөз бен дарынды сөздің арасындағы парық жұмсалатын орнына, қызметіне қарай былайша айырылады: дарынды сөз адамның ойына өң береді, көңіліне күй түсіреді, қара сөзден адам тек ұғым алады» [1, 89

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

б.] деп Ахмет Байтұрсынұлы айтпақшы біз қазір қара сөз бен өлеңнің аражігін ажырата алмайтындай күйде емеспіз. Бұл арада Ахмет Байтұрсынұлы өлең мен қара сөздің аражігін айқын ажыратып бергені белгілі. Оның біреуі адамның сезіміне әсер етсе, ал екіншісі адамға хабар-ошар берумен бірге белгілі бір ұғым-түсінік сыйлайды деп отыр. Бұл дұрыс түсінік. Алайда ұйқас деген сөздің саздық сипаты сопақ етіп шыға келген жерде, ұйқасқа тұскен сөз-сөйлемнің бәрі өлең деген ұғымды қалыптастырып отырған жандардың түсінік-талғамы да жасыруға келмейтін шындық. Сөйтіп бүгінгі күні ұйқас өлең өлшемінің бірден-бір бөгенайына айналды. Ұйқастың ұтымды техникасын меңгерген жанның бәрі ақын болып шыға келді. Бұл уәжімізге дәлел ретінде бүгінгі дәуірдің шығармашылығына емес, ата-бабамыздың тасқа қашап жазып, бізге аманаттап кеткен көсемсөздеріне назар аударсақ жеткілікті.

«10. Күлтегін жоқ болса, бәрің өлімші болар едің. Інім Күлтегін қаза болды.Өзім қайғырдым. Көрер көзім көрместей, білер білігім білместей болды.Өзім қайғырдым. Уақытты Тәңірі жасар, адам баласының бәрі өлгелі туған.

11. Осылайша қайғырдым. Көзге жас келсе - кетер, көңілге шер келсе, ұмытылар. Қайғырдым. Қатты қайғырдым. Екі шад, соңымдағы туғандарымның, ұрпақтарымның, бектерімнің, халқымныңкөзі, қасы әз болады-ау деп қайғырдым» [2, 74 б.] – деп келетін «Күлтегін» жазбаларының осы бір мәтініне назар аударатын болсақ, ол ойды баяндап бенелеу тәсілі арқылы күлтегеннің қайтыс болғанын жария етумен бірге автор өзінің ішкі көңіл-күйін бүкпесіз жеткізіп, лирикалық толғам иіріміне сүңгіп отыр. Бұл мәтін қазіргі жанрлық түсінігімізше өлеңнен көрі қарасөзге жақын болып көзге түседі. Өйткені біз бұл жазбалардан үйқас ұпайын байқай алмаймыз. Сол себепті оның түп нұсқасына үңілуге мәжбүр боламыз.

«10.Kül-tigin joq erser qoup ölteči ertigiz. Inim Kül-tigin kergek boldy. Özim saqyndym. Körür közim körmez teg, biler biligim bilmez teg boldy, Özim saqyndym. Öd teŋri jasar, kisi oɤly qoup ölgeli törimis.

11. Anča saqyndym, közde jaš kelser iti da, köŋülte syɤyt kelser janduru saqyndym. Qatyɤdy sagyndym. Eki šad ulaju arqa igünim oɤlanym, beglerim, bodunym, közi qašy jablaq boldačy tip saqyndym. Joɤčy syɤytčy qyytaj, tataby bodun bašlaju» [2, 66 б.].

Бұл түпнұсқадан да үйқасқа тән нақтылы бір жүйелі ырғақты байқай алмаймыз. Тек әрбір сөйлемнің соңында келген қайталау сөздерден басқа көзге ұрып, көңілге жылы тиіп тұрған сөз ыңғайы ғана адамның сезіміне әсер етіп тұрған секілді.

Ол өдке қул қуллығ болмас ерті
Күң күнліг болмыс ерті
Інісі ечісін білмез ерті

Оғлы қақын білмез ерті [3, 51 б.] деген тармақтардан біз «болмыс ерті», «білмез ерті» тағы да «білмез ерті» деген тұйық текті сөз тіркестері сәйкестігінен басқа тоқ ұйқасқа тән ерекшелікті аңғара алмаймыз. Оның қазіргі қазақ тіліндегі аудармасын оқысақ та, сол түйсігімізден ары аса алмайтындығымыз белгілі.

Ол шақта құл-құлды болған еді,
Күң күңді болған еді.
Інісі ағасын білмес еді,
Ұлы әкесін білмес еді.

Өйткені бұл мәтін секілді жалпы көк түрік жазба ескеріткіштері ойды бейнелеу тәсілі жақтан ой-сезімді көркем бейнелеуге қанша ұмтылғанымен, онда «көне заманның бір ескерткішін қарай отырып, автор сонымен бірге мәдени және тарихи білімдерімен бөліседі, сондай-ақ мәдениет тарихы туралы ойларды қоздырады. Тарих туралы естеліктерге беріліп, пейзаж бен көне мәдениетті сипаттай отырып, ол дәуірдің гүлденуі мен құлдырауы, интеллигенцияның миссиясы мен тағдыры туралы көптеген мәселелерді

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

қозғайды. Тіл жағынан автор әсемдікке талпынады, баяндау мәнері жиі дәл жүрекке тиеді, ол тарихи және мәдени білімін сезіммен және ойлармен бағыттауға және тізуге талпынады» [4, 427 б.]. Сондықтан бұл мәтіндер ауыз әдебиетіндегі теңеу және айқындауыш сипатты сөйлемдерді жиі қолданылуға қанша тырысқанымен, жалпы мәтіннің болмысы өлеңнен гөрі қара сөзге бейім екендігін бірден аңғартады.

Қаның субча йүгірті,
Соңүкүң тағча йатды,
Бегілік уры оғлың құл болты,
Сілік қыз оғлың күң бопты,
білмедүк үчүн, йаблақының үчүн
Ечім қаған уча барды.
Аудармасы:
Қаның судай жүгірді,
Сүйегің таудай үйілді,
Бек ұлдарың құл болды
Пәк қыздарың күң болды,
Білместігіңнен, нашарлығыңнан,
Ағам қаған дүниеден өтті [3, 51 б.].

Жоғарыда мысал келтірген жолдарға біз поэтикалық ұстаным бойынша көз салатын болсақ, бұл көне жазба ескерткіш мәтінінен жолдарға бөлініп, тармақталғаннан басқа өлеңге тән ешбір белгі байқай алмаймыз. Бұл тұжырымдама «Орхон жәдігерліктерінің жанрлық ерекшеліктері туралы соңғы кезге дейін өзара қарама-қайшы екі түрлі көзқарас орын алып келді. Бірі - Күлтегін және Тоныкөк жәдігерліктері көркем әдебиетке, соның ішінде поэзияға, ешбір қатысы жоқ, Түрік қағанатының дәлме-дәл жазылған тарихы деп қарады. Екіншісі руна жазуындағы бұл жәдігерліктерді поэзиялық туындыға тән барлық белгілері бар, ежелгі түркілердің өзіндік әдеби дәстүріне негізделген көркем туынды деп таныды. Бұл екі түрлі көзқарас ұзақ жылдар бойы әдебиетшілер, тілшілер, тарихшылар т.б. арасында алуан түрлі пікір таластарын тудырып келді» [5, 97 б.] деген екіұдай пікірдің екінші бір жағы екендігі белгілі. Көк түрік жазбаларындағы бірде қатарласа, қабаттаса, бірде ыңғайласа келетін сөйлемдер тіркесі мен тізбегі белгілі бір ой-сезімді күшейтіп, әсерлі жеткізу үшін талпыныс жасады деген күннің өзінде де, ол тіке лирикалық сипатта көзге түседі де, көркем образды айшықтау мен суреткерлік шеберлік негізінде зат немесе құбылыстарды көзалдыға әкелу ыңғайына жақындамайды. Онда суреткерліктен көрі баяндау мен пайымдауға басымдылық беріледі. Сол себепті біз бұл жазба жәдігер мәтіндерін қайта-қайта ой елегінен өткізіп, сөз-сөйлемдердің логикалық біртұтас жүйесіне назар аудара қарайтын болсақ, «Қаның судай жүгірді, Сүйегің таудай үйілді» деген теңеу сипатты сөйлемдер мен кездейсоқ аш ұйқастардан онда қазақ халық ауыз әдебиетінің батырлық жырларына тән ерекшеліктердің бар екендігін шамалы ғана аңғара аламыз.

Азды көп қылдым,
Кедейді бай қылдым,
Тату елге жақсылық қылдым.
Немесе:
Бастыны еңкейтті,
Тізеліні бүктірді.
Бек ұлдары құл болды,
Пәк қыздары күң болды.
Түнде ұйықтамадым,

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

Күндіз отырмадым, – деген секілді тармақтардан біз «Қобыланды батыр» жырында кездесетін:

Белес-белес бел еді,
Тарлан атпен желеді.
Асып туған қатардан
Көбікті дағы ер еді.
Дұшпанын батыр мұқатып,
Аулына батыр кетеді.
Қалыңнан соққан қарсақтай
Салақтатып Көбікті,
Тақымында қос батыр
Ұлы сәске кезінде
Шәріне кеп енеді [6, 51 б.] – деген жыр жолдарымен «Алпамыс батыр» жырында шірене толғайтын:

Батыр туған Қаражан
Желіп кетіп барады,
Асыл туған Байшұбар
Құстай ұшып шабады.
Болаттай төрт аяғы
Шақпақтың отын жағады.
Арандай аузын ашады,
Омыраудан көбік шашады,
Дариядай болып тасады,
Қаражан қамшы басады,
Тұяғы қызды Шұбардың,
Аяғын нұқып басады.
Бір күн таман жол жүрді,
Нақ намазшам болғанда,
Үдеп бір шабыс қосады [7, 254 б.] – деген шұбыртпалы шумақтар секілді батырлық жырының сипатын бойына сіңірген ерлік пен батырлықтың көрінісін аңғара аламыз. «Бел еді», «желеді», «ер еді», «енеді» немесе «барады», «шабады», «жағады», «басады», «қосады» деген сияқты ұйқастардың «Күлтегін» мәтініне қарағанда толықтанып, аш ұйқастан, тоқ ұйқасқа қарай бет алғанын байқаймыз да, сарынды өлеңдік қисынға бір табан жақындай түскендігін аңғарамыз. Осы орайда «ежелгі эпос өзінің тұтастану үдерісінде алғашқы арналарын өлеңмен емес, қара сөзден бастап, бірте-бірте өлең жүйесіне түскен дейтін де ғылыми дәйектер бар. Кез келген батырлық жырдың сюжеттік-композициялық ерекшелігін жан-жақты танып білу үшін жанрдың шығу тегі мәселесі теориялық тұрғыдан тұжырымдалғаны жөн. Қазақ фольклортану ғылымындағы батырлық эпос жанрының генезисі мәселесі әлі де болса тереңдеп зерттеуді қажет етері даусыз» [8, 62 б.] деген ұстанымды көлденең тарта кету артық болмас.

Бұл арада қара сөз бен жырдың айырмашылығы жөнінде тоқтала кетуге тура келетін секілді. Өйткені бұл мәселе біздің «Күлтегін» жазбалары қара сөз бе, әлде жыр ма деген күдігімізді сейілтудің тетігі болмақ. Оның жанрлық сипаты әлі күнге дейін бір түйінге жинақталмаған мәселе ретінде қарастырылып келе жатқаны жасырын емес. Осы орайда біз көрнекті фольклортанушы ғалым Б.Кенжебаевтың «жырда өлеңдегідей өлшемнің, ұйқастың мәні соншалықты күшті емес. Жыр көп ретте сөз буынына, сөз ұйқасына емес, ой түйдегіне, ой ұйқасына қарай қиыстырылады. Көп жерлері, тіпті, ұйқассыз да келеді» [9, 21 б.] деген пікірін ескеретін болсақ, онда біз «Күлтегін» жазбаларына бүгінгі күннің өлеңдік өлшем көзімен қарамайтын боламыз. Өйткені қазіргі

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

өлең өлшемі тек ұйқас қана емес. Ұйқассыз таңдамалы ақ өлеңдер де ақындарымыздың шығармашылығында жиі кездеседі. Мысал ретінде Жұмекен Нәжімеденовтың «Жартылай ақ, жартылай қара өлең» атты өлеңіндегі мына бірнеше шумаққа назар аударып көрейік.

Азу күшін айналдырдым қылжаққа,
тырнақ күшін айналдырдым қылжаққа,
күшік теңеу құйрық бұлғап бір жақта,
қабылан-бояу қағынады бір жақта.
Бір адамдай айта алам-ау сөзді мен,
кейде от жатты әр сөзімде шарпысып.
Бірақ соның қақжартысы – ақ өлең,
қара өлең – қақжартысы.
Көзбен көрген шындық та
жалған десең ойдан шыққанның бәрі:
Сөздерімнің адал шындық – жартысы,
қалған жартысы – ойдан шыққан – өтірік!
Жал бітіпті жартысына солардың, жартысына бітті бел:
ылғи жарты қайран менің оқушым,
оқымауға келген шақта – бүп-бүтін,
түсінбеуге келген шақта түп-түгел [10, 349-350 бб.].

Бұл өлең жолдарында ұйқас деген ұғымның дәлдік дәрежесі көзге ерекше бір бейнеде ұрып тұрмағанымен, ондағы образды тіл мен көркем ой желісі логикалық қисын тұрғынан бір-бірімен қиюласып, адам көңіл-күйінің жартыкештік шындығын нанымды түрде бейнелеп отыр. Сондықтан оны ұйқасқа түспегендігі үшін өлең емес деп ешкім де айта алмайды. Алайда бұл жердеоның «Күлтегін» жазбаларынан ең басты айырмашылығы - оның образды да ойнақы сезімдік бояуы тіл өнері арқылы адам-көңіл күйіне жанамалай жетіп отырғандығында деуге болады. Ал «Күлтегін жазбалары» болса, «Табғач халқы жау еді. Сырт жағымызда Баз қаған – Тоғыз оғыз халқы жау еді. Қырғыз, құрыхан, отыз татар, қытай (кидан), татабы- бәрі жау еді. Әкем қаған бұнша... қырық жеті мәрте (жорыққа) аттанды. Жиырма соғыс соғысты » [2, 62 б.] дегендей бөгенайымен батырлық жырлары секілді хабар-ошар беру сипатымен, оның мәтіндік болмысы ақпарат-мәлметтік негіздерге толы екендігін бірден аңғара аламыз. Оның үстіне «аталған жазбалар бір-біріне жалғасқан түрлі кезеңдердің біртұтас дерекнамалық хронологиялық жүйесін қалыптастырады. Олардан әр кезеңнің қоғамдық, саяси, экономикалық, діни, мәдени қарым-қатынастарына байланысты деректерді табуға болады» [11, 64 б.] деген ғылыми тұжырымның нақтылы көрінісін аңғаруға болады.

Бұдан тыс ескі түрки ескерткіштер сарынымен өлең жазып жүрген ақын Темірхан Медетбекковтың өлеңдері де жыр емес, ең алдымен өлең екендін ерекше ескеруіміз керек.

Дүние жалғанның
Қаны қарайды.
(Қысылғаным-ай).
Күмән мен күдіктің
Қара жыландай
Ысылдауын-ай.
Жерімнің жан-жағынан
Әлдекімдердің
Ұлып тұрғаны-ай.
Елімнің жан-жағынан

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

Сілекей торларын
Құрып тұрғаны-ай.
Зымиян, сұмдықтың
Аранын ашып
Құтырғанын-ай.
Опасыз мына тірліктің
Тозған арбадай
Сықырлауын-ай [12, 176 б.].

Ақынның «Мұң» атты бұл өлеңі пішіндік жақтан көк түрік жазбаларынының сөйлем құрау сарынына ұқсағанымен, алайда онда бейнеленген тәжірибе сабақ баяндау тәсілімен емес, лирикалық суреттеумен беріледі де, оқырманның ой-сезіміндетуындағаын өзгеше бір сезімдік серпін әсерімен өлеңдік құндылығын әйгілейді. Біз қанша жерден көк түрік жазбалары «тасқа қашап жазылса да өзінің көркемдік әлемін, бейнелік бояуын жоғалтпаған жазба жәдігерліктер мазмұн байлығы мен пішіндік өрнегі жағынан да поэзиялық сипатқа ие» [13, 68 б.] десек те, оның дарынды өлең емес, тіпті сарынды өлеңге де жақындамай тұрғанын ақылға салып, өлеңдік қисын ерекшелігіне жүгінсек, бірден аңғара аламыз. Бұл арада біз аталмыш өлеңнің көк түрік жазбаларынан бірден бір айырмашылығы ретінде мына түйіндерді атап өтсек те жеткілікті:

- бұл өлеңнің тарихи шындық сипаты жоқ болғандықтан, мәліметтік жағына қарағанда сезімдік әсері басым болып тұр;
- бұл өлеңде ой-сезімді суреттеу мен лирикалық бейнелеу тәсілі бастан аяқ бір-бірімен қабысып, жымдасып келгендіктен, көк түрік мәтіндеріндегідей баяндау тәсілі мүлде көзге түспейді;
- бұл өлең оқырманға сезімдік тұрғыда эстетикалық ләззат бағыштап отырғандықтан, одан ақылдық тұрғыдағы мәліметтерді алу қиын. Сондықтан аталмыш өлеңді қазақ ауыз әдебиетінің оқиғалы сипат алатын жырларынан өзгеше, дарынды өлең деп айтуға болады.

Қорытынды. Қысқасы «дидактикалық сарында айтылатын қазақ жырауларының толғау-жырлары өзінің ішкі табиғаты жағынан ежелгі мақал-мәтелдерге және шешендік сөздерге мейлінше жақын болып, сол қанатты сөздерден туындап жатады» [14, 185 б.] деген тұжырымды негіз ететін болсақ, онда көктүріктердің тасқа қашап жазған мәтіндерін жасампаздық жалынға толы дарынды өлең ретінде қарастыру ыңғайсыз. Өйткені дарынды өлең жан дүниенің айнасы секілді көркем образдың сәулесімен санада қайта жаңғыратын күрделі құбылыс. Ал салт-санаға, тұрмыс-тіршілікке байланысты ой-сезімді ұйқас негізіндегі бейнелеу тәсілімен оқырманға жеткізіп беретін сарынды өлеңдер белгілі бір уақытта, өзіне тән тарихи кезеңде қолданбалы, тұтынушылық сипатымен қазақ халқының тұрмыс-тіршілік салтымен біте қайнасып кеткен болады. Біз өлең жанрының ішкі және сыртқы пішіндік жіктелісінен шатасып, қолданбалық сипаттағы осындай сарынды өлеңдерді немесе жырларды көркем өнердің бір саласы болған дарынды өлеңдердің немесе нағыз өлеңдердің қатарына қоятын болсақ, онда көркем әдебиет әлемінің ерекше бір шығармашылық қимылдың күрделі де күрмеуі қиын туындысы екендігінен сөз ашуға дәрменсіздік байқатып аламыз.

Бұл жөнінде қытайдың әйгілі ақыны Әй Шиң былай дейді: «Барлық әдеби формалардың ішінде өлеңмен оңай араласып кететіні – жыр, өлең мен жырды бейне тауық пен үйректі бөліп тастағандай бөліп тастау керек» [15, 67 б.]. Бұл арада біз тілге тиек етіп отырған сарынды өлеңдер осы жырға өкілдік ететіндігін ерекше ескеруіміз қажет. Жыр немесе әуенге қосылатын өлең біріншіден, адамның тыңдау түйсігіне өте жақын әрі түсінікті, дәлдігімен құнды болса, екіншіден, әуеннің жеткізе алмай тұрған тілсіз ділін нақтылы мәнді түйінге жинақтап бере алуымен бағалы. Ал оның керісінше

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

дарынды өлеңнің, екінші сөзбен айтқанда, нағыз өлеңдердің ой-қиялға жүктілігі шексіз болады. Өйткені сарынды өлеңдердің төте айтқыштық қуаты өте ұшқыр болумен бірге оның хабар-ошар беру қуаты да жоғарыкеледі. Ал дарынды өлеңнің суретті қиял мен көмескі де, бүкпелі, сазды сарынға және сезімдік толғанысқатолы болып келетіндігі оның ең басты ерекшелігі. Сондықтан көне түрік жазбаларының жанырлық сипатын өлең деп жариялаудан көрі көсемсөз немесе эссе деп бағалау әлдеқайда орынды. Оның кей тұстарындағы лирикалық толғанысқа қарап, оны өлең жанырына жатқызу менің түсінігімде дұрыс емес. Өйткені Ахмет Байтұрсынұлының пайымдауынша: «көсем сөз – шешен сөз сияқты әлеуметке айтқанын істету мақсатпен шығарылатын сөз. Шешен сөзден мұның айрылатын жері – шешен сөз ауызбен айтылады, көсем сөз жазумен жазылады» [1, 102 б.]. Сондықтан біз көне түрік жазбаларының тасқа қашалып, жазумен жазылғандығын назардан тыс қалдырмағанымыз жөн. Оның үстіне «өлең – ақынның өмірден сезінген мифтік шындығының зәредей бөлшегін сергек сезім көрігінің көмейінде ой-қиял жалыны арқылы балқытып, оны төзім төсі үстінде ықшамдылық қысқышымен қысып тұрып, ойнақы да образды көркем тіл балғасымен байыпты түрде қайта-қайта балғалап, ұйқас, ырғақ, бунақ, және ішкі-сыртқы үндестік қатарлы өлшемдерге түсіру барысында көркемдіктің мөлдір бұлағына қандыра суғарып, ой елегінің өңдеу құрылғысынан қатаң түрде әлденеше рет өткізілген өмірлік тәжірибе сабақтың суретті бейнеге айналған сұлу елесі» [16, 363 б.] екендігін толық түсініп жеткен адам үшін ол өте күрделі шығармашылық қимылдың жемісі екендігі де шындық.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Байтұрсын, А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер [Текст] / А. Байтұрсын – Алматы: «Атамұра», 2003. – 208 б.

2 Сартқожаұлы, Қ. Орхон мұралары. 2-кітап. [Текст] / Қ. Сартқожаұлы – Алматы: Абзал-Ай, 2012. – 328 б.

3 Жолдасбеков, М. Асыл арналар. 1 том. Зерттеулер, мақалалар. [Текст] / М. Жолдасбеков – Астана: Күлтегін, 2012. – 344 б.

4 Хун Цзычен. Қазіргі қытай әдебиетінің тарихы [Текст] / Хун Цзычен // Аударған: Ен С. – Бишкек: 2017. – 496 б.

5 Келімбетов, Н. Ежелгі дәуір әдебиеті [Текст] / Н. Келімбетов // «Қазақ әдебиеті бастаулары»: жоғары оқу орындарының филология факультеті студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.

6 Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 35: Батырлар жыры. [Текст] // Астана: Фолиант, 2006. – 392 б.

7 Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 33: Батырлар жыры. [Текст] // Астана, Фолиант, 2006. – 364 б.

8 Мамыт, А.А. Поэзия мен батырлық эпос генезисі [Текст] / А.А. Мамыт // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2024. – No1 (131). – Б. 52-63.

9 Кенжебаев, Б. Қазақ өлеңінің құрылысы туралы [Текст] / Б. Кенжебаев – Алматы: Қазақ СССР оқу министрлігі, Мұғалімдерді сырттан оқыту жөніндегі ғылыми-методикалық кабинет, 1955. – 52 б.

10 Нәжімеденов, Ж. Толық шығармалар жинағы Т. 3: Өлеңдер мен поэмалар. [Текст] / Ж. Нәжімеденов – Алматы: Қазығұрт, 2012. – 488 б.

11 Қайыркен, Т.З. Тастағы тарих. Көне түрік ескерткіштерінің қытайша мәтіндері. Монография [Текст] / Т.З. Қайыркен – Алматы: Арда, 2024. – 384 б.

12 Медетбек, Т. Екі томдық шығармалар жинағы. 1 том. Көк түріктер сарыны. Өлеңдер мен дастандар. [Текст] / Т. Медетбек – Алматы: Жазушы, 2007. – 368 б.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

13 Ержанова, С. Ежелгі дәуір әдебиетіндегі көне түркілік сарын [Текст] / С. Ержанова – Алматы: Таймас, 2016. – 152 б.

14 Келімбетов, Н. Қазақ әдебиетінің бастаулары [Текст] / Н. Келімбетов – Алматы: Ана тілі, 1998. – 256 б.

15 Ай Шиң. Ай Шиңнің өлең туралы толғамдары [Текст] / Ай Шиң //Алтай аясы. – 1983. – № 1. – 67 б.

16 Жылқыбекұлы, Б. Өлеңнің өзегі. Монография [Текст] / Б. Жылқыбекұлы – Алматы: Үшқиян, 2022. – 384 б.

REFERENCES

1 Baitursyn, A. Adebiet tanytqysh. Zertteu men olender [Literary Theory. Research and Poems]. Almaty: Atamura, (2003): 208 p. – (In Kaz)

2 Sartqojauly, S. Orhon muralary [Orkhon Heritage]. Almaty: Abzal-Ai, (2012): Vol. 2. 28 p. – (In Kaz)

3 Joldasbekov, M. Asylarnalar. Zertteuler, maqalalar [Noble channels. Research, quotes]. Astana: Kultegin, (2012): Vol. 1, 344 p. – – (In Kaz)

4 Hun Tszychen. Qazirgi qytai adebietinin tarihy [History of modern Chinese literature]. Translated by: Yen S., Bishkek: (2017): 496 p. – (In Kaz)

5 Kelimbetov, N. Ejelgi dauir adebieti. «Qazaq adebieti bastaulary»: jogary oqu oryndarynyn filologiya fakulteti studentterine arnalgan oqulyq [Literature of ancient times. “Beginnings of Kazakh literature”: a textbook for students of philological faculties of higher education institutions]. Almaty: Atamura, (2005): 336 p. – (In Kaz)

6 Babalar sozi: Juz tomdyq. Batyrlar jyry [Words of the ancestors: One hundred volumes. Poems of heroes]. Astana: Foliant, (2006): Vol. 35, 392 p. – (In Kaz)

7 Babalar sozi: Juz tomdyq. Batyrlar jyry. [Words of the ancestors: One hundred volumes. Poems of heroes]. Astana: Foliant, (2006): Vol. 33, 364 p. – (In Kaz)

8 Mamyt, A.A. Poeziya men batyrlyq epos genezisi [Genesis of poetry and heroic epic]. Iasauı universitetinin habarshysy: (2024): No1 (131), P. 52-63. – (In Kaz)

9 Kenjebaev, B. Qazaq oleninin qurylysy turaly [On the structure of Kazakh poetry]. – Almaty: Ministry of Education of the Kazakh USSR, (1955): 52 p. – (In Kaz)

10 Najimedenov, J. Tolyq shygarmalar jinagy. Olender men poemalar [Complete Collection of Works. Poems and verses]. Almaty: Qazygurt, (2012): Vol. 3, 488 p. – (In Kaz)

11 Qaiyrken, T.Z. Tastagy tarih. Kone turik eskertkishterinin qytaisha matinderi. Managrapia [History in Stone. Chinese Texts of Ancient Turkic Monuments. Monograph]. Almaty: Arda, (2024): 384 p. – (In Kaz)

12 Medetbek, T. Eki tomdyq shygarmalar jinagy. Kok turikter saryny. Olender men dastandar [Two-volume Collection of Works. Blue Turks style. Poems and Epics.]. Almaty: Jazushy, (2007): Vol. 1, 368 p. – (In Kaz)

13 Erjanova, S. Ejelgi dauir adebietindegi kone turkilik saryn [The ancient Turkic style in the literature of ancient times]. Almaty: Taimas, (2016): 152 p. – (In Kaz)

14 Kelimbetov, N. Qazaq adebietinin bastaulary [The origins of Kazakh literature]. – Almaty: Ana tili, (1998): 256 p. – (In Kaz)

15 Ai Shin. Ai Shinning oleng turaly tolgamdary [Ai Shin's thoughts on poetry]. Altai aiasy, (1983): № 1, 67 p. – (In Kaz)

16 Jylqybekuly, B. Olennin ozegi. Monografiya [The essence of poetry. Monograph]. Almaty: Ushqiyan, (2022): 384 p. – (In Kaz)

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

Беккожа Жылкыбекулы[1]
Кандидат филологических наук, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Республика Казахстан, 020000, г. Кокшетау, bekhoja_astana@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-1225-8669

Молгаждаров Касиет Какенович[*2]
Доктор филологических наук, ассоциированный профессор, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Республика Казахстан, 020000, г. Кокшетау, kasiet_k@list.ru, ORCID ID: 0000-0002-9883-8228

ЖАНРОВЫЙ ХАРАКТЕР ПИСЬМЕННЫХ ИСТОЧНИКОВ ДРЕВНЕТЮРКСКОГО ПЕРИОДА И СОВРЕМЕННЫЕ ПРЕДСТАВЛЕНИЯ О СТИХАХ

Аннотация. Известно, что данная статья была написана с целью анализа ритмической природы письменных памятников и героических поэм сине-тюркской эпохи с научно-познавательной точки зрения теории литературы, обнаруживаются ли в этих письменных памятниках изначальная структура и художественные особенности образцов современной казахской поэзии. Исходя из этой цели, письменные памятники сине-тюркской эпохи изучаются с точки зрения ритма и ритмических законов, присущих искусству поэзии, и проводится анализ формирования понимания различных специфических черт современной казахской поэзии. На основе конкретных примеров предпосылок ритма и ритмики, которые легли в основу формирования казахской устной литературы и письменной поэзии, в данной научной работе, которая базируется на основных принципах теории поэзии, рассматривается текстовый стиль надписей сине-тюркской эпохи, и делаются научные выводы и гипотезы о его влиянии на последующую устную литературу и письменную литературу. Следует отметить, что использование метода сравнительного исследования имело в этом плане большое значение. В результате этой научной работы можно сделать вывод, что люди сначала широко использовали звучание черной поэзии для выражения своих первоначальных мыслей и чувств, а затем постепенно сформировали поэму, основанную на потребности в гармонии между жизнью и духовными потребностями и природным миром, которая была произведением ритмического искусства в форме жырау. Таким образом, в процессе применения результатов этой научной работы установлено, что сине- тюркские надписи больше напоминают черную поэзию, а ритмическая структура и гармония поэзии жырау и современной казахской поэзии более рельефны. Исходя из этого вывода, нетрудно понять, что такое поэзия как художественное явление, только тогда, когда мы рассматриваем казахскую поэзию в двух больших группах, а именно мелодичная поэзия и талантливая поэзия, из-за разницы в художественном уровне.

Ключевые слова. Поэзия, древнетюркские песнопения, прозаическая речь, эпос, устная литература, героические песни, сказитель, простая поэзия.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

Bekhoja Zhylqibekuly[1]
Candidate of philological Sciences, Kokshetau University named after sh.Ualikhanov, Republic of Kazakhstan, 020000, Kokshetau, bekhoja_astana@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-1225-8669

Molgazhdarov Kasiet Kakenovich[*2]
Doctor of philology, associate professor, Kokshetau University named after sh.Ualikhanov, Republic of Kazakhstan, 020000, Kokshetau, kasiet_k@list.ru, ORCID ID: 0000-0002-9883-8228

THE GENRE CHARACTER OF WRITTEN SOURCES OF THE OLD TURK PERIOD AND MODERN CONCEPTS OF VERSES

Abstract. It is known that this article was written with the aim of analyzing the rhythmic nature of the written monuments and heroic poems of the Blue Turkic era from the scientific and cognitive perspective of literary theory, and identifying whether the original structure and artistic features of the samples of modern Kazakh poetry are found in those written monuments, aren't they? Based on this objective, the written monuments of the Blue Turkic era are studied in terms of the rhythm and rhythmic laws inherent in the art of poetry, and an analysis is made of the formation of an understanding of the various specific features of modern Kazakh poetry. Based on exact examples of the prerequisites of rhythm and rhythmics that formed the basis for the formation of Kazakh oral literature and written poetry, this scientific work, which is based on the basic principles of poetry theory, considers textual style of the inscriptions of the Blue Turkic era, and makes scientific conclusions about its influence on subsequent oral literature and written literature. It should be noted that the use of the comparative research method was of great importance in this regard. As a result of this scientific work, it can be concluded that people first widely used the sound of black poetry to express their initial thoughts and feelings, and then gradually formed a poem based on the need for harmony between life and spiritual needs and the natural world, which was a work of rhythmic art in the form of zhyrau. Hence, in the process of applying the results of this scientific work, it is established that the Blue Turkic inscriptions are more memorable of black poetry, and the rhythmic structure and harmony of zhyrau poetry and modern Kazakh poetry are more outstanding. Based on this conclusion, it is not difficult to understand what kind of artistic phenomenon poetry is, only when we consider Kazakh poetry in two large groups, namely, melodious poetry and talented poetry, due to the difference in an artistic level.

Key words. Poetry, ancient Turkic songs, prose speech, epic, oral literature, heroic songs, narrator, simple poetry.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

ҒТАХА 17.01.33 **DOI: https://doi.org/10.62724/202520204**

Кайыров Асан Бакиевич*1
Филология ғылымдарының кандидаты, доцент, қауымдастырылған профессор, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 194, assan.kairov@mail.ru, ORCID ID: 0009-0000-0657-6770

Қ.ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЕМЛЕСІ МЕН ЖАЗУЫ ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада Қ.Жұбановтың қазақ тілінің емлесі мен жазуына, орфографиясы мен терминологиясына байланысты ғылыми көзқарастары қарастырылады.

Мақаланың негізгі мақсаты – ғалымның қазақ жазуының негізгі принциптері, үндестік заңының маңызы, латын жазуына негізделген қазақ әліпбиінің жобасы, термин сөздер мен олардың жасалуы, жазылуы туралы зерттеулерінің мәнін ашып көрсету. Жұмысты жазу барысында сипаттама, талдау, тарихи-салыстырмалы әдістер қолданылды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қ.Жұбановтың ғылыми жұмыстарының басым бөлігі XX ғасырдың 20-30 жылдары қазақ жазуының латын графикасына ауысуына орай пайда болған теориялық және практикалық мәселелермен тығыз байланысты. Әсіресе, ғалымның қазақ жазуының фонетикалық принципке негізделуін анықтауы, осыған орай қазақ тілінің жалғамалы тілдер қатарына жататыны мен қосымшалардың әртүрлі болып үндестік заңына сәйкес жалғанатыны туралы көзқарасы, латын таңбалы қазақ жазуының емле ережелері мен жазу заңдылықтарын жетілдіру туралы пікірлері, кірме сөздер мен кейбір төл сөздеріміздің жазылуына қатысты айтқан ойлары, жазу мен әліпбиге байланысты ұсыныстары, термин сөздердің анықтамасы мен ерекшеліктері, жасалуы, сөздің терминдік ұғымы, сөз ұғымы мен ғылыми ұғымның айырмашылықтары туралы тұжырымдары, термин қабылдаудың қазақ тілінің емле ережелеріне сай принциптерін жасап ұсынуы сол кезеңдегі маңызды ғылыми жаңалықтар болып табылады. Аталған мәселелерге байланысты ой-пікірлерін ғалым мысалдармен дәлелдеп, дәйектеп отырады.

Кілт сөздер. Емле, емле ережелері, жазу, жазу заңдылықтары, латын жазуы, әліпби, алфавит, орфография, үндестік заңы, дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс, қосымшалар, термин сөздер, терминжасам принциптері, т.б.

Кіріспе. Профессор Қ.Жұбанов – қазақ тіл білімінің фонетика, морфология, синтаксис, әдеби тіл, т.б. көптеген мәселелері бойынша маңызды ғылыми зерттеу еңбектер жазған көрнекті ғалым. Әсіресе, әліпби, жазу, емле, терминология, орфография, орфоэпия мәселелері Қ.Жұбановтың ғылыми қызметінің маңызды бағыттарының бірі болды. Бұл тақырыптарға деген практикалық қызығушылығы 1920–1930 жылдары оларды теориялық тұрғыдан тереңірек зерттеуіне жол ашты. А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Е.Омаров, Т.Шонанов, Қ.Кемеңгеров сынды қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдерімен қатар, Қ.Жұбанов та алғашқылардың бірі болып осы салаларға қатысты бірнеше маңызды ғылыми еңбектер жазды. Ол еңбектеріндегі ғалымның латын графикасына көшкеннен кейінгі қазақ тілінің әліпбиі мен алфавиті, жазу мен емлесі, қазақ тілі орфографиясының негізгі принциптері, термин сөздер мен

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

олардың жазылуы туралы ой-пікірлерін анықтау мақаламыздың зерттеу нысаны мен тақырыбының өзектілігін білдіреді.

Мақаланың негізгі мақсаты – Қ.Жұбановтың аталған мәселелер бойынша қазақ тіл білімі ғылымының теориясына қатысты зерттеулерін қазіргі ғылыми ой-пікірлермен салыстыра талдап, бүгінгі теориялық тұжырымдар тұрғысынан айқындау. Бұл мақсатқа жету үшін ғалым еңбектеріндегі латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі мен алфавитін жасау, оны қазақ тілінің табиғи ерекшеліктеріне сәйкестендіру, жазу емлесін жүйелеу және жетілдіру, қазақ тілінің орфографиялық және орфоэпиялық заңдылықтарына сай дыбыстардың өзіндік ерекшеліктерін айқындап, орфографияның негізгі принциптерін анықтау, тілімізге енген термин сөздердің жазылу тәртібін жүйелеу тәрізді мәселелердің шешімін бағалау міндеттері қойылды.

Зерттеу материалы мен әдістері. Мақалада Қ.Жұбановтың қазақ тілінің емлесі мен жазуы және терминологиясы мәселелеріне қатысты ой-пікірлері зерделенді. Аталған мәселелерге байланысты ғалымның қазақ жазуының принциптері, үндестік заңының ролі, латын таңбалы қазақ жазуының емле ережелері, әліпбиге байланысты ұсыныстары, термин сөздер мен олардың жасалуы, ерекшелігі, терминологиялық принциптер туралы ойлары мен тұжырымдары зерттеу материалы ретінде кеңінен сипатталды.

Мақалада талдау, жүйелеу әдістері пайдаланылып, зерттеу еңбектері турасында ғалымның өзінің ғылыми көзқарастары мен пайымдаулары негізге алынды.

Нәтижелер мен оларды талқылау. Мақалада профессор Қ.Жұбановтың қазақ тілінің емлесі мен жазуы және терминологиясына байланысты зерттеу еңбектеріндегі емле ережелері мен жазу принциптері, орфография мен алфавитке қатысты жобасындағы ұсыныстары, термин сөздердің анықтамасы мен олардың ерекшелігі жөнінде жазған тұжырымдары, қазақ әдеби тілінің принциптері туралы ойлары, физика, математика, лингвистика терминдерінің жасалуы жайында көзқарастарының ғылыми-теориялық негізі бүгінгі тіл білімі тұрғысынан айқындалып сипатталды. Ғалымның ғылыми еңбектеріндегі негізгі теориялық зерттеулері мен ой-пікірілері кеңінен қарастыруды қажет етеді.

Қ.Жұбановтың «Әліппеміз бұқарашыл болсын» еңбегі – 1929 жылы маусым айында Қызылорда қаласында болған ғылыми-орфографиялық конференцияда орыс тілінде жасаған баяндамасының қазақша стенограммасы. Ғалым бұл зерттеуінде қазақ жазуы фонетикалық принципті ұстануы керек деген пікірде болды, өйткені ол емле сол тілдің жаратылыс заңына негізделуі керек екенін, ал тіліміздің жаратылысына қарағанда, емлеміз дыбыс негізді болуы қажет екенін айтты. Автор туыс жүйелі емле жасасақ та, оның дыбыс жүйелі емледен айтарлықтай өзгеше болмайтынын алға тартады. Себебі туыс жүйелі емле негізінен сөз түбіріне сүйеніп қолданылатыны, ал бізде сөз түбірінің өзгермейтіні және ол дыбысталуға сәйкес келетіні айтылған. Жазушы жалғауларды бәрібір туыс негізінде жаза алмайтынын, өйткені жалғау мәселесінде туыстық жағынан әлі толық түсінік қалыптаспай жатқанын атап өтеді. Сондықтан ол сөз түбірінің туыстық негізде, ал жалғаулардың дыбыс жүйесімен жазылуы керек екенін, солай жасалған емленің мінсіз әрі жеңіл болатынын, себебі сөз түбірі көп жағдайда өзгеріссіз қалатынын дәлелдейді. Сол себепті мақалада дыбыс емлесі мен туыс емленің арасында үлкен айырмашылық болмайтыны және сөз тұлғасын бұзбау үшін туыс жүйелі емленің аса қажет еместігі баяндалады [1, 332-б.].

Қ.Жұбанов бұл пікірін, екінші жағынан, қазақ тілінің жалғамалы тілдер тобына жататындығымен байланыстырады. Ол біздің тіліміздің жалғамалы (агглютинативті) тіл екенін, түрікшілдердің тілімізде әлі дербес тұлғасы жоқ сөздер барын көрсетіп отырғанын айтады. Оның айтуынша, бұған зат есімнен шыққан сын есімдер айғақ бола алады, себебі олардың мағынасы сөздің соңындағы дыбысына емес, сөйлемдегі орнына

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

байланысты білінеді. Сондықтан тіл құралын тек сөз жүйесіне емес, сөйлем жүйесіне де сүйеніп құру қажет екенін аңғартады. Ол тіліміз осындай сатыда тұрғандықтан, емлені сөз жүйесіне негіздеуге болмайтынын, бізге қолайлысы дыбыс жүйесі екенін алға тартады.

Қазақ жазуы үшін қандай принципті басшылыққа алу керек деген мәселеде Қ.Жұбанов өзге түркі тілдеріндегі қосымшалардың жалғану ерекшеліктеріне де назар аударады. Ол бізде көптік жалғау -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер болып жазылатынын, ал ұйғыр әліппесінде бұл жалғаудың тек -лар түрінде, шағатай тілінде -лір түрінде берілгенін, сондай-ақ анатолы түркі мен татар тілінде де -лір түрінде жазылғанын мысал етеді. Осыған байланысты ол қазақ тілінің табиғатына сай жазу түрін таңдау керегін айтады. Оның пайымдауынша, көптік жалғаудың қазақ тілінде төрт түрі бар және олардың бәрін ысырып қойып, тек бір -лар түрін қолдануға болмайды, өйткені бұл оқыту ісін ауырлатып, сауат ашу жұмысын қиындатады. Сондықтан сауаттану жұмысы тиімді жүруі үшін жазу сөздің естілуіне жақын болуы керек деген ой білдіреді. Сонымен автордың бұл көзқарасы, бір жағынан, қазақ тілінің жалғамалы тілдер тобына жататындығымен, екінші жағынан, тіліміздің негізі - үндестік заңымен байланысты айтылса керек. Өйткені ғалым «сөз мүшелерін матастырып ұстайтын арқанның ең күштісі - түбір мен қосымша мүшелердің үндесуі, бұл заңды сингармонизм дейміз» деп жазған еді.

Қ.Жұбанов емле мәселесіне қатысты көзқарасын қазақ және орыс тілдерінде жазылып 1935 жылы «Мемлекеттік терминком бюллетенінің» №1 және №4 сандарында жарық көрген «Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы», «К пересмотру казахской орфографии» атты мақаласында баяндайды. Мақала латын графикалы қазақ жазуының емле ережелері мен жазу заңдылықтарындағы кемшіліктерді түзету мақсатында жазылған. Ғалым емле ережемізде отыз шақты ереже таза қазақша және термин сөздердің емлесіне арналғанымен, елдің сауатты жаза алмауының, емледегі олқылықтардың себеп-салдарларын ашып көрсетеді. Ол жеңіл емле ережесін жасау үшін ереже мен ережеге сәйкеспейтін қалыптардың санының аз болуы ғана емес, сондай-ақ ол қалыптардың тілде бар емлеге сәйкестеліп ереже болып шығуы шарт екенін ескертеді. Ғалым сол кезеңде жиі қолданылған «коммунист» деген кірме сөздің он алты түрлі жазылып жүргенін айтып, емледе сол сөзді дұрыс жазудың өлшемі боларлық ереженің жоғын сынға алады.

Сонымен қатар Қ.Жұбанов кірме сөздердің жазылуына қатысты кемшілік ретінде емле ережедегі бір-біріне қарама-қайшы екі пікірді атап көрсетеді. Біріншіден, автор о сықылды сөздердің тұрақты таңбасының болмауының себебі қазіргі емле ережеде шет тілден кіретін сөздер мен терминдердің жазылуы қазақ тілінің фонетикасы мен морфологиясының осы күнгі заңдарына сай болу керек деген ереже бар екенін айтады.

Екіншіден, ол термин сөздердің емлесін қазақ тілі фонетикасының заңдарына бағындыра берудің ақыры күрделі мәселеге әкеп соғатындықтан, бұл талапты жұмсартуға тырысып, «аса бір керек жерлерде болмаса, жат сөздердің түбірін бұзбай жазу керек» деген эклектік бұлтарыс қосқанын жазады.

Ғалым ондай кемшіліктердің терминдерді жазуда ғана емес, қазақ тілінің өз төл сөздерін жазуда да орын алғанын мысалдармен дәлелдеп береді. Мысалы, *асра - асыра, жамра - жамыра, Ахмет - Ахымет, Абралы - Абыралы, көбрек - көбірек, ру - ұру, рет - ірет.* Немесе, *жар қанат - жарғанат, қол ғабыс - қол қабыс - қолғабыс, жарым ес - жармес, иін ағаш - иін әғаш, аш көз - ашкөз - ашгөз, жаздың күні - жазды күні - жазды күн - жаздыгүн, бара жатыр - баражатыр – баратыр* тәрізді естілуі әртүрлі сөздер, біріккен кіріккен сөздер түрліше жазылып, бір ізге түспегенін көрсетеді (2, 340-б.).

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

Қ.Жұбанов осыған орай емле жөнінде қазақтың әдеби тілінде қолданылатын барлық сөздер дұрыс жазылып, әрқайсысының өзіне тән тұрақты таңбасы болуы керектігін, әрі сол тұрақты нұсқадан ауытқыған жазулардың бәрі қате деп танылуы тиіс екенін көрсетеді. Бірақ ол үшін әр сөздің тегін анықтап, бірін «таза қазақша», бірін «тегі жат» деп бөлудің қажеті жоқ екенін, қайдан шықса да, қазақ тіліне енген кез келген сөз қазақтың өз сөзі ретінде танылуы керек екенін айтады. Сонымен, Қ.Жұбанов емле мен терминологияның қызметі қалың еңбекшінің қолын мәдениетке жеткізу болғандықтан, емлені ең алдымен, қалың елге, еңбекші бұқараға түсінікті, жеңіл қылып шығару жағына баса назар аудару қажет деп есептеген. Сонымен қатар, тілдің ілгері басып өсуі үшін оның емлесі мен термин мәселесі дұрыс шешілуі тиіс екенін, сондықтан емле ережелері мен принциптерін белгілеуде әлеуметтік факторлармен қатар таза тілдік деректер мен дәлелдерге сүйену керек деп көрсетеді.

Қазақ жазуы латын графикасына ауысқаннан кейін Қ.Жұбанов «Қазақ тілінің жазуы мен әліпбиін өзгерту жобасы», «Қазақ әліпбиінің жобасы», «Қазақ әліпбиін реформалау жобасына», «Қазақ жазуын қайтадан қарау» атты зерттеу еңбектерін жазады. Атауларын қазақ тілінде бергенімізбен, бұл зерттеулердің барлығы кезінде орыс тілінде жазылып, «Мемтерминком бюллетені» басылымының әр санында жарияланған еді.

«Қазақ тілінің жазуы мен әліпбиін өзгерту жобасында» Қ.Жұбанов жазу мен әліпбиге байланысты бес ұсыныс жасайды.

1. Алғаш қабылданған латын графикасына негізделген қазақ әліпбиіндегі дыбыстар санын отыз үштен жиырма сегізге азайтады. Атап айтқанда, қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың тілдің қатысына қарай жуан-жіңішке болып бөлінетіні ескере отырып, жіңішке дауысты дыбыстарды арнайы таңбасыз, дәйекше белгісі арқылы ажыратып белгілеуді ұсынады. Сөйтіп, дауысты дыбыстарды дәйекше арқылы жуан, жіңішке түрінде **а** – [**а**] [**ә**]; **о** – [**о**] [**ө**]; **у** – [**ұ**] [**ү**]; **ь** – [**ы**] [**і**] бір ғана таңбамен береді. Ал «**е**» дыбысы тек жіңішке қолданылады деп көрсетеді. Дауыссыз дыбыстар санын он сегіз деп есептейді.

2. Дыбыстарды бір графемамен белгілеу туралы ұсыныс енгізеді. Ұсыныс бойынша, қосарланған дыбыстар – ұу, үу, ый, ій – бір ғана таңбамен берілуі тиіс. Яғни, ұу мен үу дыбыстары **u (y)** арқылы, ал ый мен ій дыбыстары **i (и)** таңбасымен жазылады. Мысалы: **suv** орнына **su**, **kesuv** орнына **kecy**, **oqьjdь** орнына **oqidь**, **bekijdi** орнына **bekidi**.

3. Күрделі сөздерді бірге жазу турасында біріккен сөздер егер біртұтас ұғым білдірсе, оларды бірге жазу ұсынылады. Мысалы: **cermai** – керосин (cer – жер, mai – май), **bescьldьq** – бесжылдық, **yjqoian** – қоян (үй қояны), **qolqap** – қолғап (қол – қол, қап – қап).

4. «ь» таңбасының (ы, і) қолданылуын келесі жағдайларда шектеу ұсынылады:

а) алғашқы ашық буында – **cьlan, bilek, pirijzma** тәрізді сөздер **slan, blek, prizma** түрінде жазылады. б) барлық тұйық буында: **balq, ’bork, qrman, brge, blmpaz**. в) ашық буындарда және сонор дыбыстың алдында не екі сонор арасында: **asra** (asьra емес), **azraq** (azьraq емес), **cағna** (cағьna емес), **baqla** (baqьla емес), **batraq** (batьraq емес). г) егер сөздің мағынасы өзгермесе, **«r»** дыбысының алдында «ь» жазылмайды: **ru** – «ру» мағынасында (uruv емес), **ret** – «рет» мағынасында (iret емес). Бірақ, «ь» таңбасы мағынаны нақтылау үшін қолданылуы мүмкін: **yru** – «сабау» мағынасында (ru емес), **ьret** – «тері сыпыруға мәжбүрлеу» (ret емес).

5. Сұраулық және шылау сөздерді бірге жазу туралы. Алдыңғы дыбыстардың әсеріне бағынып бөлек жазылып жүрген кейбір сұраулық және шылау сөздер бірге жазылуы керек:

barama?, barғansn, kelgesn [3, 523 б].

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

Қ.Жұбанов зерттеуіндегі бес ұсыныстың барлығы бірдей, әсіресе, төртінші, бесінші бөлімдегі қысаң **ы, і** дыбыстарының қолданылуы мен демеулік шылаулардың жазылуына байланысты тұжырымдары қабылданған жоқ. Ал **ұу, үу, ый, ій** қосынды дыбыстарын жазуда **у, и** әріптерімен таңбалау туралы айтқан ұсынысы кейін 40-жылдары қазақ жазуы кириллицаға ауысқан кезде мақұлданды. Сондай-ақ ғалымның дәйекшені сақтау туралы ұсынысы 1938 жылы кириллицаға ауысу туралы жобада назардан тыс қалды.

Негізінде, Қ.Жұбановтың қазақ әліпбиінде дәйекшенің орнын дәл бағамдап, оны сақтауға ұмтылуы қазақ жазуы мен орфографиясы мәселесінде тіліміздің айырықша қасиеті - үндестік заңын үнемі назарда ұстауымен тығыз байланысты еді. Жалпы, Қ.Жұбанов кезінде араб әліпбиіне негізделген қазақ жазуындағы дауысты дыбыстардың жуан-жіңішкелігін айыру үшін А.Байтұрсынов енгізген дәйекшенің ролін дұрыс бағалап, «что и отказ от этой системы при принятии латинского алфавита произошел по нажиму Ученого совета ВЦКНА, а не по инициативе Казахстана» деп, латын жазуына ауысу Бүкілодақтық орталық жаңа әліпби комитеті Ғылыми кеңесінің қысымы екенін ашық жазады [4, 507-б].

Қ.Жұбанов қазақ әдеби тілінің терминологиялық жүйесінің қалыптасуы мен дамуына, сондай-ақ осы саланың ғылыми тұрғыдан зерттелуіне айрықша үлес қосты. 1933 жылы Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің №508 қаулысы негізінде Мемлекеттік терминологиялық комиссия (Мемтерминком) құрылып, оның төрағасы болып Қ.Жұбанов тағайындалды. Ол комиссия жұмысын жүйелі түрде ұйымдастырып, «Мемтерминком бюллетенін» шығаруға бастамашы болды. Бюллетеньнің төрт саны жарық көріп үлгерді. Онда терминологияға қатысты ғылыми мақалалармен қатар, комиссияда қаралып, бекітілген терминдер де жарияланып отырды. Сол кезеңде қазақ тілінің латын графикасына негізделген жаңа емле жүйесін және терминологиялық қорын лингвистикалық тұрғыдан жүйелеу - аса маңызды мәселелердің бірі болды. Қ.Жұбанов басқарған комиссия бұл бағытта ауқымды жұмыстар атқарды: жаңа қоғамдық формацияға байланысты енген терминдерді сараптау, оларды түрлі ғылым салаларының мамандарының қатысуымен талқылау, көпшілік талқысына ұсынып, тілді нормалау талаптарына сай түзету, сондай-ақ ұсынылған және бекітілген терминдердің тізімін жасау ісі жолға қойылды.

Айта кету керек, Қ.Жұбановқа дейін де қазақ тіліндегі термин жасау мәселесіне назар аударған ғалымдар болған. Мәселен, А.Байтұрсынұлы «Тіл–құрал» мен «Әдебиет танытқыш» еңбектерінде қазақ тіл білімі мен әдебиеттану салаларына қатысты бірқатар терминдерді қалыптастырса, Х.Досмұхамедұлы («Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы», 1922), Ж.Аймауытұлы («Пән сөздері қалай табылады»), Ә.Ермеков («Емле мен терминологияның кейбір мәселелері»), Н.Төреқұлов («Қазақшадағы жат сөздердің өзгерілу заңы», «Ауропа сөздері», 1926), Е.Омаров («Қазақша пән сөздері»), М.Әуезов («Ғылым тілі»), І.Ахметұлы («Термин туралы») сынды ғалымдар өз еңбектерінде терминология мәселесін арнайы сөз етіп, ой-пікірлерін білдірген.

Қ.Жұбановтың терминология тақырыбына арнаған еңбектерінің саны көп болмаса да, мазмұны терең. Ол 1935 жылы «Мемтерминком бюллетенінің» №2 санында екі тілде жарық көрген «Термин сөздердің спецификасы жөнінде» («О специфике слов-терминов»), «Физика терминдері жайынан», «Математика терминдері жөнінде» атты мақалаларында термин жасаудың ғылыми негіздерін жан-жақты талдаған.

Екі тілде жазылған «Термин сөздердің спецификасы жөнінде» атты мақаласында Қ.Жұбанов тұңғыш рет термин сөздер дегеніміз не, олардың ерекшеліктері, мәні, жасалуы, сондай-ақ ғылыми ұғым мен жай сөз ұғымы арасындағы айырмашылықтарды нақты тілдік деректермен дәлелдеп сипаттайды. Ол термин сөздің басты белгісі деп оның

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

тұрақтылық қасиетін ерекше атап көрсетеді. Оның пікірінше, термин белгілі бір тарихи кезеңдегі нақты ғылыми ұғымды білдіреді және ол ұғым сол сөздің күнделікті тілдегі мағынасымен сәйкес келмеуі мүмкін. Осы пікірімен байланысты ол былай деп жазады: *«Термин сөзі белгілі бір кезеңдегі белгілі бір ғылыми ұғымды, ұғым болғанда да көбіне жай сол сөздің сөздік мағынасына жуыспайтын ұғымды білдіретін болады. Олай болса, термин сөз қашан өзінің тұрақтылығын қойып екінші бір ұғымға ауып кеткенше тұрақты болып тұрады».*

Орыс тілінде бұл ой термин сөзінің анықтамасы ретінде былай берілген: *«Термином называется специфический вид определенных словесных обозначений, передающих определенные понятия, установленные на данном этапе развития науки и практики, причем передаваемое термином терминологическое понятие может не совпадать со словарным значением, которое присуще данной словесной величине в обыденной жизни».*

Ғалым орыс тілінен енген *атом, психология, яровизация* тәрізді сөздердің мағынасын талдай келіп, тек ғылыми ұғымды білдіретін сөздер ғана аударылатынын, ұғым сол кезде ортақ болғандықтан ол аударылмай жалғыз-ақ түсіндіріліп, анықталып кететінін, сондықтан халықаралық терминдерді аударып алам деу бекершілік болып шығатынын да атап көрсетеді .

Ғалым Ж.А. Манкеева қазақ тіл білімінде тұрмыстық зат атауларының этномәдени табиғатын зерттеуге ерекше көңіл бөлді. Ол: «Тұрмыстық лексиканың дені – ұлттық материалдық мәдениеттің реликті, әрі рухани байлығымыздың түбірі» [1, 5 бет], – деп тұжырымдай отырып, бұл атаулардың тек күнделікті қолданыстағы сөздер ғана емес, сонымен қатар халықтың рухани-мәдени кодын сақтаушы тілдік таңбалар екенін дәлелдеді.

Ә. Хасенов тұрмыстық лексикаға мынадай сипаттама береді: «Бұл – халықтың күнделікті тіршілігімен, салт-дәстүрімен, өмір сүру тәсілімен тікелей байланысты, жиі қолданылатын аса маңызды сөздер қабаты. Мұндай лексика негізінен ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездесетін жалпы қолданыстағы сөздермен тығыз ұштасып жатады» [2, 129 бет]. Ғалым тұрмыстық лексиканы халық өмірінің айнасы ретінде қарастырады. Осыған байланысты ол тұрмыстық лексиканы бірнеше тақырыптық топтарға жіктейді:

- үй-жай мен баспана атаулары (жаппа, жеркепе, кереге, уық және т.б.);
- құрал-сайман атаулары (мама ағаш, қамшы, жүген, құрық және т.б.);
- киім-кешек атаулары (саптама етік, кәмшат бөрік, түлкі тымақ, күпі және т.б.);
- сондай-ақ ыдыс-аяқ атаулары (таба, табақ, жанан, тостаған, қазан және т.б.).

Қазақ тіл біліміндегі тұрмыстық лексиканы жүйелі түрде қарастырған алғашқы іргелі зерттеулердің бірі – Б. Әбдіғалиеваның «Бытовая лексика казахского языка» атты

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

ғылыми еңбегі болып табылады [3]. Бұл еңбекте халықтың күнделікті өмірінде жиі қолданылатын зат атауларына лексика-семантикалық тұрғыдан талдау жасалып, олар мазмұндық-мағыналық жағынан бірнеше топқа бөлінеді. Атап айтқанда:

1. тұрғын үй және оның құрамдас бөліктері;
2. үй ішіндегі тұрмыстық заттар мен тұрмыстық жабдықтар;
3. ыдыс-аяқ атаулары;
4. киім-кешек пен әшекей бұйымдар атаулары;
5. ат әбзелдері мен тоқыма бұйымдары.

Автор осы тақырыптық топтардың әрқайсысына терең семантикалық талдау жасап, олардың этнолингвистикалық ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Осы арқылы тұрмыстық лексика алғаш рет дербес лингвистикалық зерттеу нысаны ретінде ғылыми айналымға енгізілді.

Осы салада зерттеу жүргізген ғалымдардың тұрмыстық лексикаға берген анықтамаларын, топтастыруларын және пікірлерін зерделей келе, олардың әрқайсысының өз теориялық негізі мен практикалық дәлелдемелері бар екенін байқауға болады. Соған қарамастан, бұл зерттеуде тек күнделікті қолданыстағы сөздер ғана емес, жалпы тұрмыс қажеттілігіне қатысты барлық лексикалық бірліктерді тұрмыстық лексика ретінде қарастыруға басымдық берілді. Бұл тәсіл зерттеу шеңберінде ыдыс-аяқ атауларына қатысты тілдік бірліктерді когнитивтік, семантикалық және этномәдени тұрғыдан талдауға мүмкіндік берді.

Әрбір этнос өзіне тән өмір салты мен мәдени құндылықтарына сүйене отырып, күнделікті тіршілікке қажетті заттарды, соның ішінде ыдыс-аяқ түрлерін жасап шығарады. Бұл тұрмыстық бұйымдар адамзаттың ең көне мәдени қабаттарының бірі ретінде танылып, олардың түрі мен сыртқы пішіні тарихи үдерістерге сай өзгеруі мүмкін болғанымен, атаулары көбіне тұрақты күйінде сақталып қалады. Ыдыс атаулары арқылы халықтың қандай материалдарды қолданғанын, қандай шеберлік деңгейіне жеткенін, әр затты жасауда қандай әлеуметтік, рухани, тіпті діни қағидаларды ұстанғанын аңғаруға болады. Қазақ халқы үшін тұрмыстық заттар, әсіресе ыдыс-аяқ, тек утилитарлық мақсатта ғана емес, мәдени және ритуалдық мәнге де ие болған. Бұл заттардың жасалуы мен атауланuы көшпенді өмір салтымен тікелей байланыста дамыған, сондықтан да көптеген атаулар бүгінгі таңда көнеріп, белсенді қолданыстан шығып қалған.

Тарихи тұрғыдан алғанда, ата-бабаларымыз өз тіршілігіне лайықтап жасаған тұрмыстық бұйымдарының барлығын табиғи ортаның, әлеуметтік өмірдің талаптарына бейімдеп, соған сәйкес атаған. Көшпелі тұрмыс салты қоршаған заттарға деген ерекше қарым-қатынасты қалыптастырған. Осылайша, көптеген зат атаулары көнеріп кеткенімен, олардың бастапқы мәнін, қолданылу аясын, семантикалық жүктемесін түсіну үшін кейде архаизмдерді қамтитын түсіндірме сөздіктерге жүгінуге тура келеді. Кез келген зат атауы сол нысанды тек белгілеу ғана емес, оны тану мен түсінудің нәтижесі ретінде көрінеді.

Атаулар – халықтың тарихи жады мен рухани тәжірибесін бейнелейтін тілдік таңбалар. Бұл тұрғыдан алғанда, затқа атау беру – тек тілдік акт қана емес, ол белгілі бір ұжымның өмір салты, тәжірибесі, танымдық үлгісі мен әлеуметтік болмысы негізінде қалыптасатын күрделі когнитивтік процесс болып табылады. Зерттеу нәтижелері ыдыс-аяқ атауларының заттың пішініне, көлеміне, түсіне, атқаратын қызметіне қарай уәжделіп, халықтың затты қабылдау ерекшелігінен туындағанын дәлелдейді.

Адамның күнделікті өмірінде азық-түлік өнімдеріне деген қажеттілігін қамтамасыз ету, оларды сақтау және әртүрлі тағам мен сусын дайындау барысында қолданылатын заттық мәдениет нысандары – яғни тұрмыстық ыдыстар мен аспаптар атаулары – көптеген тілдердің сөздік құрамында ерекше орын алады. Бұл лексикалық қабатқа

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

шикізаттарды алу, оларды өңдеу, сақтау, әзірлеу және тұтыну процестерін сипаттайтын лексемалар жатады. Атап айтқанда, тағам дайындауға қатысты пісіру, қуыру, ашыту, мұздату, кептіру, сублимациялау секілді технологиялық тәсілдер мен оларды жүзеге асыруға арналған құрал-жабдықтардың атаулары осы топқа кіреді. Мұндай сөздер адамның өмір сүру процесінде қажеттілігін өтейтін ең басты құралдардың – тамақ, киім, тұрғын үй, еңбек құралдары сияқты заттардың атауларымен бір лексика-семантикалық қатарға жатады. Осы тұрғыдан алғанда, тағам дайындауға және оны тұтынуға арналған ас үй жабдықтары мен ыдыс-аяқ атаулары – тұрмыстық лексика ішінде жетекші орынды иеленетін ерекше мағыналық қабат.

Ас үйге арналған ыдыстар мен тұрмыстық ыдыс-аяқ атауларын лингвистикалық тұрғыдан зерттеу тек олардың лексика-семантикалық ерекшеліктерін, қолданылу өрісін анықтаумен шектелмейді. Бұл зерттеулер сондай-ақ халықтың материалдық мәдениетін, әлеуметтік-экономикалық тарихын, эстетикалық танымын және тұрмыс-салт ерекшеліктерін тануға да мүмкіндік береді. Себебі, ыдыс атауларында мәдени ақпарат, тарихи із, дүниетанымдық концепт және этникалық тәжірибе көрініс табады. Қазақ халқының материалдық мәдениетіне қатысты лексика – жалпы этностың тілдік санасы мен күнделікті тұрмысына тікелей қатысты болғанымен, қазіргі қазақ тіл білімінде толыққанды зерттеу нысанына әлі де айнала қоймаған сала болып отыр. Сондықтан бұл бағыттағы ізденістер тілші-ғалымдар арасында ерекше қызығушылық тудырып келеді.

Ыдыс-аяқ пен тұрмыстық ыдыстарға қатысты алғашқы лингвистикалық деректер мен шағын сипаттамалар XVIII-XIX ғасырларда Қазақстан аумағында жұмыс жасаған шетелдік саяхатшылар мен этнографтардың жазбаларында кездеседі. Бұл жинақтар көлемі жағынан шектеулі және ғылыми жағынан жетілмеген болса да, қазақ халқының заттық мәдениеті туралы алғашқы тілдік деректер ретінде маңызды болып табылады. Мәселен, П.С. Паллас (1787–1789, 1811), Г.И. Спасский (1819), П.Е. Островский (1897), Е.К. Яковлева (1900), П.И. Крылов (1902), Ф. Кон (1934) сынды ғалымдардың еңбектерінде тұрмыстық лексикаға қатысты құнды мағлұматтар жинақталған. Сонымен қатар, кәсіби лингвист М.А. Кастреннің (1860) қарағастар тіліне қатысты зерттеулері де түркітану мен этнолингвистика саласы үшін өзектілігін күні бүгінге дейін жойған жоқ [4, 6 бет].

Түркі тілдеріндегі тұрмыстық лексиканы лексикографиялық тұрғыдан алғаш толық әрі жүйелі сипаттаған еңбектердің қатарына Н.Ф. Катановтың «Опыт исследования урянхайского языка с приложением урянхайско-русского словаря» (1903) атты тува тілінің алғашқы грамматикасы мен В.В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» атты көптомдық сөздігін жатқызуға болады. Бұл еңбектер әртүрлі түркі тілдерінің диалектілік ерекшеліктерін, тарихи және семантикалық даму үрдісін ашып көрсетуге мүмкіндік беретін аса құнды тілдік мұралар болып табылады. Радловтың сөздігі (1911) — көне және қазіргі түркі тілдерінің бай фразеологиялық және лексикалық қорын қамтитын ерекше еңбек. Онда тірі тілдік элементтер мен көне қолданыстар қатар қамтылып, зерттеушілерге әртүрлі диалектілерді салыстырмалы түрде талдауға кең өріс береді [4].

Катанов өз еңбегінде тұрмыстық ыдыс-аяқ пен ас үйге қатысты құрал-жабдықтардың 50-ден астам атауын мысалға келтіреді. Аталған лексемалар қазіргі заманғы сөздіктердегі нұсқалармен салыстырғанда мағыналық жағынан елеулі өзгерістерге ұшырай қоймаған. Бұл фактілер тұрмыстық заттарға қатысты лексиканың тұрақтылығын, мәдени код ретінде ұзақ уақыт бойы сақталуын көрсетеді. Алайда, кейбір жеке сөздердің семантикалық өрісінде белгілі бір дәрежеде тарылу немесе кеңею сипатындағы өзгерістер байқалады, бұл тілдің табиғи даму заңдылықтарына сай келеді.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

Осындай іргелі еңбектердің маңыздылығы – тек бір тілдің лексикалық жүйесін көрсетуінде ғана емес, сонымен қатар олар арқылы түркі тілдерінің мәдени-тарихи сабақтастығын, тұрмыстық мәдениеттегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындауға мүмкіндік беретінімен ерекшеленеді. Радлов пен Катанов сынды зерттеушілер жинақтаған лексикалық деректер қазіргі этнолингвистикалық зерттеулер үшін құнды тілдік база бола алады.

Түркі және славян тілдеріндегі ыдыс-аяқ пен тұрмыстық заттарға қатысты лексика қазіргі этнолингвистикалық зерттеулерде маңызды орынға ие. Бұл бағытта жүргізілген бірқатар диссертациялық еңбектер осы лексикалық қабаттың ішкі құрылымын, уәжділік негіздерін, диалектілік ерекшеліктерін және лингвомәдени мазмұнын анықтауға бағытталған. Мәселен, А.Ч. Ооржак өзінің «Лексика посуды и домашней утвари в тувинском языке и его диалектах» атты кандидаттық диссертациясында тува тілінде қолданылатын ыдыс-аяқ пен үй жабдықтарының атауларын кеңінен талдап, олардың диалектілік варианттарын жүйелеп көрсетеді [4]. Зерттеуші әр атаудың мағынасы мен қолданылу ерекшелігін сипаттай отырып, олардың дәстүрлі тува мәдениетіндегі орнын ашып көрсетеді.

Орыс тіліндегі ұқсас зерттеу бағыттары да назар аударарлық. Мысалы, Л.А. Власованың «Лексика кухонной утвари и посуды в орловских говорах» атты еңбегінде Орёл облысының говорларында қолданылатын ас үй жабдықтарының атаулары жан-жақты зерттеліп, олардың диалектілік нұсқалары мен қолданылу контекстері талданған [5]. Ал И.В. Киреевaның «Лексико-семантические и лингвокультурные особенности русской кухонно-бытовой лексики» атты диссертациялық жұмысында орыс тілінің ас үй мен тұрмыс саласына қатысты лексикасы лексика-семантикалық және лингвомәдени аспектіде қарастырылады [6]. Бұл зерттеулер халықтың материалдық мәдениетінің тілдегі көрінісін танудағы маңыздылығын көрсетеді.

Орта түркі дәуіріне жататын тілдік деректер де осы бағыттағы зерттеулер үшін аса құнды. Бұл ретте Махмұд Қашқари сөздігінде жинақталған лексикалық материалдар – тұрмыстық мәдениеттің, соның ішінде ыдыс-аяқ атауларының тарихи-семантикалық дамуын зерттеуге мүмкіндік беретін бірегей дереккөз. Сөздікте кездесетін bagir (бақыр), komäč (көмеш), bičak (пышақ) сияқты сөздер қазіргі қазақ тіліндегі баламаларымен салыстырғанда дыбыстық жағынан ғана аздаған ерекшеліктерге ие. Ал čom (шөміш) сияқты сөздер морфологиялық құрылымы бойынша өзгеше көрініс тапса, kesgü (кесу құралы), könäk (су тасуға арналған ыдыс) тәрізді лексемалар қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде қолданылмайтын архаизмдер қатарына жатады [7, 38 бет].

М.Қашқари сөздігіндегі susyay (ожаудың бір түрі), tusiq (шелек), sayir (сусын дайындайтын ыдыс), könäk (мес) сынды атаулар арқылы көне түркілердің тұрмыстық мәдениетінде қолданылған заттардың атаулары мен қызметтерін тануға болады. Бұл атаулар тек номинативтік қызметпен шектелмей, олардың бірқатары терминдік мағынаға ие бола бастағанын да байқаймыз. Түркі тілдерінің даму тарихындағы осындай лексикалық қабаттарды салыстыру арқылы қазіргі тілдік бірліктердің семантикалық эволюциясын да қадағалауға болады.

Ежелгі және қазіргі түркі тілдеріндегі тұрмыстық лексикаға қатысты тағы бір құнды дереккөз – Е.В. Севортян еңбектері. Ғалым өз еңбектерінде тұрмыстық зат атауларын тарихи-мәдени, этимологиялық және салыстырмалы-типологиялық тұрғыдан зерттеп, тіл мен мәдениеттің сабақтастығын көрсетуге басымдық берген [4].

Қазақ тіл білімінде ыдыс-аяқ атауларының этнолингвистикалық сипаты арнайы зерттеу нысаны ретінде жан-жақты қарастырылмаған деуге болады. Бұл тақырып күні бүгінге дейін тілдік жүйеде дербес бағыт ретінде қалыптаспай, тек жекелеген мақалалар мен этнографиялық сипаттағы еңбектерде шолу түрінде ғана аталып өткен. Қазақ

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

халқының заттық мәдениетінің ажырамас бір бөлігі болып табылатын ыдыс-аяқ атаулары тілдік тұрғыдан кең талдауды қажет ететін маңызды этномәдени лексика қатарына жатады.

Ыдыс-аяқ атауларының метафоралық әлеуетіне қатысты алғаш рет арнайы назар аударған зерттеулердің бірі – Ө.А. Жұмағұлованың «Тұрмыстық лексиканың метафоралық сипаты (ыдыс-аяқ атауларының негізінде)» атты ғылыми мақаласы. Зерттеуші бұл еңбегінде қазақ тіліндегі тұрмыстық зат атауларының метафоралану үдерісін лингвомәдени тұрғыдан зерделеп, әрбір атаудың мағынасы халықтың танымымен, мәдениетімен тығыз байланыста қалыптасатынын дәлелдейді. Автор метафораның сөзжасамдық қызметі мен семантикалық кеңістігін нақты тілдік деректер негізінде саралап көрсетеді [8].

Ал Ж.А. Манкеева өз еңбектерінде қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық табиғатына тоқтала отырып, ұлттық ыдыс атауларына қатысты қысқаша сипаттамалар береді. Зерттеуші тұрмыстық лексиканың халықтың материалдық мәдениетінің тілдік көрінісі ретіндегі маңызын атап көрсетіп, олардың когнитивтік деңгейде ұлттық дүниетаныммен тығыз байланысты болатынын айқындайды [7].

Ыдыс-аяқ атаулары қазақ халқының рухани және материалдық мәдениетінің көрінісі ретінде халық ауыз әдебиеті үлгілерінде де кеңінен ұшырасады. Атап айтқанда, ертегілерде, батырлық және ғашықтық жырларда, мақал-мәтелдер мен жұмбақтарда бұл атаулар тек тұрмыстық зат ретінде емес, мәдени символ және поэтикалық бейне ретінде қолданылады. Мысалы, табақ, тостаған, ожау, қазан сынды лексемалар арқылы белгілі бір әлеуметтік рөл, қатынас формалары, этикалық нормалар көрініс табады.

Ғылыми зерттеулерде ыдыс-аяқ атауларының лексика-семантикалық құрылымы, уәжділігі мен этимологиясы, олардың басқа тілдермен лексикалық байланысы, сондай-ақ фразеологиялық тіркестердегі көрінісі де зерттеу объектісі ретінде қарастырылады. Аталған лексиканың құрамына енген сөздердің бір бөлігі таза түркілік қолданыстар болып табылса, енді бір бөлігі парсы, араб, орыс тілдерінен енген кірме сөздерден тұрады. Бұл лексикалық қабаттар тіл мен мәдениет арақатынасын, мәдени алмасу мен тілдік ықпал үдерістерін анықтауда құнды дерек болып табылады.

Ыдыс-аяқ атауларына байланысты фразеологиялық бірліктер мен мақал-мәтелдер де халықтың тұрмыс-тіршілігіне, наным-сеніміне, дүниетанымына қатысты мазмұндарды қамтиды. Мәселен, *«табақтас болу», «қазан-ошақтың оты өшпеу»* сияқты тіркестер адамдар арасындағы қатынасты, туыстық қатынасты білдіруде қолданылады. Мұндай тілдік бірліктер ұлттық болмысты, тұрмыс дәстүрлерін, адамгершілік ұстанымдарды тіл арқылы бейнелеуге мүмкіндік береді.

Этнолингвистикалық аспектіде ыдыс-аяқ атауларын зерттеу – белгілі бір халықтың тарихи-мәдени тәжірибесін, өмір салтын, дүниетаным жүйесін тіл деректері арқылы зерделеудің тиімді жолы. Бұл бағыттағы зерттеулерде атаулардың әлеуметтік мәні, салт-дәстүр мен наным-сенім жүйесіндегі қызметі, сондай-ақ фольклор мен көркем әдебиеттегі эстетикалық қызметі кеңінен қарастырылады. Сонымен қатар, ыдыс-аяқ атаулары тілдік бейнелеу құралы ретінде метафора, метонимия, салыстыру секілді тәсілдер арқылы көркемдік-когнитивтік деңгейде қызмет атқарады. Осы тұрғыдан алғанда, аталған лексика қазақ тілінің поэтикалық және бейнелеу мүмкіндіктерін тануға да үлес қосады.

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде ыдыс-аяқ атаулары тек күнделікті тұрмыста қолданылатын утилитарлық заттардың атауы ғана емес, сонымен қатар этномәдени рәміздердің бір көрінісі, халықтың рухани-символдық дүниетанымының маңызды элементі ретінде бағаланады. Көшпелі өмір салты жағдайында қазақ қоғамында қолданылған әрбір бұйым өзінің практикалық қызметімен қатар, белгілі бір наным-

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

сенімдер мен әдет-ғұрыптар жүйесінде мағыналық жүк арқалаған. Осы орайда ыдыс-аяқ атаулары тілде функционалдық, символдық және мәдени қабаттарды тоғыстыратын лексикалық бірліктер қатарына жатады.

Көшпенді тұрмыс талаптары ыдыс-аяқтың ықшам, көпфункционалды және жеңіл болуын қажет етті. Сонымен бірге, олардың жасалу материалы мен сыртқы түрі де халықтың дүниетанымымен, эстетикалық ұстанымдарымен және әлеуметтік қатынастарымен тығыз байланысты болды. Ыдыс-аяқ жасалатын негізгі шикізат түрлері – табиғи материалдар: ағаш, тері (былғары), саз, тастан бастап, кейіннен метал (мыс, күміс) және фарфор сияқты өңделген заттарға дейін жеткен. Шикізат таңдауындағы бұл ерекшеліктер қоғамның экономикалық деңгейі мен өзге мәдениеттермен байланысын да танытады.

Функционалдық қызметіне қарай қазақ ыдыс-аяқ атаулары бірнеше топқа бөлінеді:

1. Тағамды дайындауға және өңдеуге арналған ыдыстар мен құралдар: Бұл топқа тағамды пісіру, араластыру, турау, илеп өңдеу сияқты әрекеттерге арналған заттар жатады. Мысалы: *қазан, бақыр, бақыраш, келі, келсап, піспек, ожау, оқтау, таба, тегене, шөміш, пышақ, самаурын, сап, саба, күбі* т.б. Бұл заттар тек тағам әзірлеу құралы ғана емес, сонымен қатар қазақ дастарқанының әлеуметтік мәнін де бейнелейтін бірліктер. Мысалы, *қазан* – молшылық пен береке рәмізі ретінде қарастырылады.

2. Азық-түлікті сақтау және тасымалдауға арналған ыдыстар: Қазақ тұрмысының ерекшелігіне байланысты тағамды ұзақ мерзімге сақтау және алысқа тасымалдау маңызды рөл атқарған. Бұл топқа жататын атаулар: *абажа, абдыра, асадал, кебеже, жанторсық, мес, торсық, қобди, көнек, қарын, қалбыр, қауақ, қоржын, шаң, шелек, талыс, шанақ, шақша* т.б. Бұл заттардың кейбірі – көшпелі мал шаруашылығына тән, ерекше формалы әрі практикалық мақсаттағы ыдыстар (мысалы, *торсық* пен *мес* – сусын сақтауға арналған тері ыдыстар).

3. Ас пен сусынды ұсынуға арналған ыдыстар: Қазақ дастарқан мәдениетінде тағамды ұсыну рәсімі ерекше мәнге ие. Осы мақсатқа арналған ыдыстар: *астау, табақ, тостаған, аяқ, кесе, тегене, тегеш, қасық, саптыаяқ, шара, самар, көзе, кеспек, сауыт, сарқым, топатай, шанышқы* т.б. Бұл ыдыстардың атауынан олардың әлеуметтік контекстегі рөлі байқалады. Мысалы, *табақ тарту* – қонақ күтудің негізгі компоненті болса, *аяқ тарту* – құрмет көрсету белгісі.

Жалпы алғанда, қазақ ыдыс-аяқ атаулары халықтың дүниетанымына, салт-дәстүріне және тіршілік әрекетіне терең кірігіп кеткен. Олардың тілдегі қолданысы этнолингвистикалық бағыттағы зерттеулер үшін баға жетпес дерек көзі болып табылады. Әр атау өз бойына ұлттық мәдениеттің ізін, тарихи-әлеуметтік кодты жинақтаған.

Қазақ халқының әрбір тұрмыстық ыдысы нақты мақсатқа арналды және бұл заттар тек сол міндетіне сәйкес қолданылды. Мәселен, қымыздың емдік қасиеті мен дәмін сақтау үшін оны арнайы ағаштан немесе теріден жасалған ыдыстарға құятын болған. Енді осындай ыдыстардың кейбіріне жеке-жеке тоқталайық.

Ертеде *саба* деп аталатын, мал терісінен тігілген ыдыс қымыз бен шұбат ашытуға және іркіт пісіруге қолданылған. Алдын ала иленген тері су бүркіп жұмсартылған соң, өңі ішіне қаратыла пішіліп, сабаға лайықталған пішінде тігіледі. Саба пішіні жағынан пирамида тәріздес болады: түбі кең әрі төрт бұрышты, ал мойыны – жіңішке және тар. Мойнына піспек еркін сыйып кететіндей кеңдік беріледі, ал мойынның бүйірінен үшбұрышты баулық шығарылады.

Баулыққа өрілген жіп тағылып, ол керегенің басына ілінеді. Мұқият ысталған, жақсы күтілген сабадағы қымыздың дәмі ерекше болады. Сабаның тігісі – түйенің шуда жүнінен иірілген, берік жіппен сыртынан жөрмеліп тігіледі. Тігіс аяқталған соң сабаға

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

құм не топырақ толтырып, керіліп кептіріледі. Кепкен соң ішіндегі құм төгіліп, саба жуылады және тағы бір мәрте ысталады.

Кейін ыдыстың ішкі және сыртқы беттері қойдың құйрық майымен немесе жылқы майымен майланады, күн көзіне қойылып, май жақсы сіңіріледі. Қолданар алдында сабаны сиыр сүтімен шайып алады. Пісу кезінде сабаның бауы жоғары көтеріліп байланады, ал піскен соң босатылып, мойын жібі шешіледі. Сабаның ішіндегі сусынның дәмі бұзылмауы үшін оны айына бір рет босатып, жылы сумен шайып жуып, күнге кептіріп отыру дәстүрі сақталған.

Торсық – сүт тағамдарын (қымыз, шұбат, іркіт) құюға арналған, теріден жасалатын ыдыс. Оның бірнеше түрлері бар: шимайторсық, өркештorсық, жанторсық, мүйізторсық, т.б. Торсық жасау үшін терінің шел майы мен көк еті тазартылып, түгі тықырланып қырылып, белгілі пішінге келтіріледі, содан соң шуда жіппен жөрмеліп тігіледі. Бұл ыдыстың бүйірі дөңгелек, ал мойны ұзын және жіңішке болады. Аузына ағаш тығын тығылады, тығын жоғалмас үшін оған қайыс бау тағылады.

Торсықтардың ішіндегі ең көрнектілері – шимайторсық пен мүйізторсық. Олар қалың теріден тігіліп, сырттары өрнекпен немесе күміс әшекеймен сәнделеді. Мүйізторсықтың төменгі жағы дөңгелек, ал екі иіні қошқар мүйіз бейнесінде безендіріледі. Ал өркешторсық түйенің өркеш терісінен жасалып, пішіні сопақша болады. Сәндік безендіруден айырылған бұл түрі көбінесе айран мен іркітке арналған. Жанторсық болса, қарапайым және өрнексіз келеді. Ол көбіне жолаушылар мен малшылардың күнделікті пайдалануына ыңғайлы, әрі сүттен бөлек сусын көже сияқты тағамдарды құюға да жарайды.

Мес – сүт өнімдерін (қымыз, айран, іркіт) сақтау мен тасымалдауға арналған ыдыс. Ол көбінесе ешкі не бұзау терісінен жасалады. Терінің көк еті мен майы алынған соң, ішкі-сыртқы беті түтінге ысталады да, тері ішке қаратыла пішіліп, шуда жіппен жөрмеліп тігіледі. Месте піспек қолданылмайды, ол көбінесе жолға шыққанда ақ тағам тасуға немесе су жеткіліксіз жерлерде су тасуға қолданылады.

Көнек – бие сауға арналған ыдыс түрі, түйе терісінен жасалады. Ол әдетте геометриялық, зооморфтық немесе өсімдік тектес ірі оюлармен сәнделіп, ішіне сабан толтырылып, кептіріліп, соңынан ысталады. Кейбір көнектер бие сүтін сақтауға да арналған.

Сүйретпе де мал терісінен тігілетін, қымыз және іркітке арналған ыдыс. Ол саба немесе дөңгелек торсық пішіндес болып келеді. Ішіне құм немесе құрғақ топырақ салынып, формасы түзілген соң жуылып, қайта ысталып, майланады. Бұл ыдыс мес пен сабаның қызметін қатар атқара алады.

Бұлқыншақ – жылқы терісінен жасалатын ыдыс. Артқы сан терісі бүтін күйінде алынып, тазартылады, сан бөлігіне шүберек салып, тарамыспен немесе қылмен тігіледі. Тығыны ағаштан жасалып, ішіне күл салынып кептіріледі. Кейін ысталып, «құрымдау» процесінен өтіп, маймен өңделіп, пайдалануға беріледі. Бұлқыншақ көшпелі малшылар үшін өте қолайлы ыдыс саналған.

Піспек – қымыз немесе іркіт пісуге арналған ағаш құрал. Ол бас және сабынан тұрады. Бас бөлігі дөңгелек немесе айқыш пішінді, ортасы тесіліп, шеттері жеңілдетіліп жасалады. Сабасы ұзын, түзу болады және піспек сабаның немесе күбінің ішіне терең кіріп тұруы тиіс. Қымыз піспегі ауырлау болғаны жөн, себебі ол іртікті жақсы жазады. Піспектер әшекейленіп, үй жиһазына айналатын да жағдайлар болған.

Саптыаяқ – қатты ағаштан жасалған, қазақтың ұлттық ыдысы. Оның тұтқасы ыдыс денесінен өрнекпен ойылып шығарылады. Саптыаяқтың кей түрлері күміс және ақықпен безендіріліп жасалған.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

Шыны кеселерді көш кезінде зақымданудан сақтау мақсатында, шеберлер арнайы кесеқаптар тіккен. Олардың түрлері – «сыңар емшек», «қос емшек», «үш емшек» деп аталады. Теріден, киізден немесе қайыңның тозынан жасалған бұл бұйымдар сәндік тұрғыдан да құнды. Кесеқаптарға бірнеше кесе орналастырып, жолға алып жүруге болады. Кейбір кесеқаптар күміс сыммен өріліп, асыл тастармен көмкеріледі.

Қазақ халқының тұрмыстық мәдениетінде ыдыс-аяқ тек күнделікті қажеттілік құралы ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік қатынастар мен отбасылық құрылымды реттеуші құралдың біріне айналды. Мәселен, киіз үй ішінде қонақтарды қарсы алуда және отбасы мүшелеріне ас ұсынуда ыдыс-аяқтардың нақты функциялары болды. Жасы үлкендерге арнайы сәнделген ағаш астаулармен тағам ұсынылса, балалар мен жасы кіші мүшелерге қарапайым ыдыс қолданылған. Тамақ мөлшері мен ішімдік түрлері де осы иерархияға сай бөлініп, адам мәртебесін ыдыс түрі арқылы тануға болатын еді.

Қонақ күту дәстүрінде де ыдыс-аяқ маңызды рөл атқарды: белгілі бір әдеп ережелеріне сәйкес, үй иесі ең сыйлы қонаққа ең таңдаулы тағамды ең әдемі ыдысқа салып беруге міндетті болды. Әсіресе, ағаш пен күмістен шеберлікпен жасалған ыдыстар ерекше бағаланды. Бұл тәртіпті бұзу қонаққа деген құрметтің жоқтығын көрсетіп, тіпті рулар мен отбасылар арасындағы қатынасқа сызат түсіруі мүмкін еді.

Ыдыс-аяққа қатысты әйелдердің жауапкершілігі де ерекше болды. Әйел адамның отбасындағы іскерлігі мен ұқыптылығы оның ыдыс-аяқты таза, ұқыпты ұстауынан байқалатын. Келін болып түскен жас әйел өз құрметін дәлелдеу үшін, үйдегі бұрыннан сақталған ыдыстарды мұқият күтіп, оларды ұқыпты пайдалануға ерекше мән берді.

Көшпелі өмір салтына сай ыдыстардың пішіні мен қызметтік ерекшеліктері де әр алуан болған. Кейбір ыдыстар сүт өнімдеріне арналса (мысалы, қымыз, шұбат, айран), басқалары ет тағамдарын салуға немесе шай мен сусын ұсынуға бейімделген. Мұның барлығы қазақ халқының тағам мәдениетінің тереңдігін, өнімге деген құрметін және табиғатпен үйлесімді тіршілік ету қағидаттарын көрсетеді.

Сондай-ақ маусымдық ерекшеліктерге сай ыдыс-аяқ түрлерінің ауысуы да байқалған. Жаз айларында жайлауға шыққанда салмақсыз, тері мен ағаштан жасалған ыдыстар жиі қолданылса, қысқы тұрақтарда ауыр, берік, металл не керамикалық ыдыстар пайдаланылған. Бұл көшпелі халықтың ауа райы мен қоршаған ортаға икемді бейімделуін айғақтайды.

Ыдыс-аяқ сонымен қатар қазақ қоғамында әлеуметтік мәртебенің көрінісі ретінде де бағаланған. Бай, ауқатты отбасылар арнайы тапсырыспен алтын-күміспен көмкерілген, ұлттық ою-өрнекпен безендірілген ыдыстар жасатып отырған. Бұл заттар иесінің сән-салтанаты мен қоғамдағы орнын көрсететін белгі болған.

Сыйлық беру, мұра қалдыру салттарында да ыдыс-аяқтың орны ерекше болған. Кейбір ыдыс түрлері – ожау, астау, тегене – ұрпақтан-ұрпаққа мирас ретінде беріліп, отбасының қасиетті жәдігеріне айналған. Қыздың жасауына қосылған ыдыс-аяқ жиынтығы оның үй шаруасына жауапкершілігін бейнелеп, анадан қызға өтетін өмірлік мәні зор тәлімнің белгісі саналған.

Тәрбиелік мақсатта да ыдыс-аяқ қолданылып, балаларды күнделікті өмір дағдыларына баулу құралына айналған. Балаға алғаш рет өз ыдысы беріліп, ол арқылы ұқыптылыққа, тазалыққа және дастархан басындағы тәртіп пен әдепке үйретілген. Осы тұрғыда ас үй мен ыдыс-аяқ белгілі бір дәрежеде дәстүрлі тәрбие мектебінің рөлін атқарған.

Мерекелік дастарханда да ыдыс-аяқтың ерекше маңызы болды. Үйлену тойы, наурыз мейрамы сияқты салтанатты шараларда үй иелері ең таңдаулы тағамдармен бірге арнайы ыдыстарды қолданған. Күнделікті өмірде қолданылмайтын бұл ыдыстар сол сәттің салтанаттылығын арттырып, отбасының мәртебесін көрсетудің бір жолы болған.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

Ақырында, ыдыс-аяқтар этникалық болмыстың да көрінісі ретінде ерекшеленді. Олардың формасы, қолданылатын материалы, безендірілу тәсілі – барлығы қазақ этносының өзіндік мәдени кодын айқындады. Бұл ерекшеліктер басқа мәдениеттермен араласу барысында да қазақтардың ұлттық болмысын сақтап қалуға ықпал етті. Ыдыс-аяқ осылайша тек тұрмыстық зат емес, рухани әрі мәдени мұраның бір бөлігіне айналды.

Көшпелі қазақ халқының дүниетанымында ыдыс-аяқтар тек тұрмыстық құрал ретінде ғана емес, сонымен қатар материалдық игіліктің, тоқшылық пен молшылықтың, береке-ырыстың белгісі ретінде бағаланған. Ежелгі сенімдер бойынша, аузы жоғары қараған, іші қуыс ыдысқа Тәңір несібе құйып береді деген наным кең таралған. Мұндай ыдыс тек ас құятын құрал емес, киелі кеңістіктің символы ретінде де қабылданған. Сонымен қатар, ыдыс-аяқ «дәм-тұз» ұғымымен тікелей байланысты – бұл адамдар арасындағы достық пен сыйластықтың дәнекері ретінде қабылданған. Себебі көшпелі әдеп-ғұрыпқа сәйкес, бір табақтан ас ішкен адамдардың арасында реніш пен жаманшылық болмауы тиіс, ондай әрекет кешірілмес күнәға баланған.

Дәстүрлі отбасылық және неке салттарында да ыдыс-аяқ маңызды ритуалдық және тәрбиелік рөл атқарған. Мәселен, қыз жасауына салынатын, шешесі өз қолымен тапсырған ыдыс-аяқтар – келіннің тәрбиесі мен көргенділігінің белгісі. Бұл – халқымыздың «*Шешесін көріп, қызын ал, аяғын көріп, асын іш*» деген ұлағатты сөзімен үйлесіп жатқан таным. Сондай-ақ, кейбір ыдыстарға халық арасында тылсым магиялық күш те телінген. Олар емдік мақсатта қолданылып, түрлі ырым-тыйымдардың орындалу нысанына айналған.

Ыдыс-аяққа қатысты көптеген тыйымдар мен наным-сенімдер бүгінгі күнге дейін жеткен. Мысалы, сынған немесе кетік ыдысты үйде сақтамайды – «ырыс кетеді» деп есептеген. Егер ыдыс абайсызда сынған болса, оны отбасындағы барлық адамның басынан айналдырып, бақытсыздық пен дау-жанжал осы затпен бірге кетсін деген сеніммен сыртқа лақтырған. Түнгі уақытта бос тұрған ыдыстың аузын ашық қалдыру да дұрыс емес – «жын-шайтан аралап кетуі мүмкін» деп сақтанған. Қонаққа кетік кесемен ас ұсыну – үлкен әдепсіздік саналатын. Тағам жеген ыдысты төңкеріп қою – «несібенің тоқтауы» дегенге меңзеп, жаман ырым саналған. Көрші ас әкелсе, ыдысты бос қайтару да сөлекет көрініп, тәрбиесіздік белгісі ретінде қабылданған.

Ыдыс-аяқ қазақ ұғымында үміт пен өмірдің үзілмеуінің нышаны ретінде де қарастырылады. Бұл сенім бабаларымыздың «Өлмеген құл алтын аяқтан ас ішеді» деген мақалында да көрініс табады. Яғни, қазақтар үшін ыдыс-аяқ тек тұрмыстық құрал ғана емес, рухани мәні терең, символдық жүк арқалаған құндылық болған. «Асын ішіп, аяғын теппе» деген халық даналығы да – дастарқан басындағы тағам ғана емес, сол тағаммен бірге ұсынылған құрмет пен қарым-қатынасты бағалаудың көрінісі.

Қазақ халқы өз тұрмыс-тіршілігінде ыдыс-аяқ түрлерін орынды әрі мақсатқа сай қолдана білген. Солардың ішінде *ошақ* – тек ас әзірлеу орны ғана емес, отбасылық өмірдің мағыналық өзегін білдіретін қасиетті ұғым ретінде ерекше құрметке ие. Ол – үй ішінің берекесі мен әл-ауқатының көрінісі, әрі дәстүрлі наным бойынша Тәңірмен байланыс орнататын орын. Қазақ халқының үйлену рәсімдеріндегі «отқа май құю» ғұрпы осының айғағы: жас келін алғаш рет күйеуінің шаңырағына кіргенде, ошақтағы отқа ерітілген май құйып, жиналған әйелдер «От-ана, Май-ана, жарылқа» деп тілек айтатын болған. Ошаққа деген осындай құрмет халық санасындағы отты киелеудің көрінісі болса керек.

Қазақ мәдениетінде *ошақ* пен *қазан* – тек тұрмыстық құрал емес, тұтас бір символдық жүйенің өзегі. «*Қара қазан, сары бала қамы үшін*» деп жырлаған Махамбет те қазан мен отбасы ұғымын бір-бірінен ажыратпайды. *Қазан* – береке мен бірліктің белгісі ретінде қарастырылған. Көшпелі тіршілікке бейімделген бұл ыдыс әртүрлі

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

көлемде жасалып, жорық кезінде де, бейбіт өмірде де қолайлы болған. *Қазанға* байланысты көптеген наным-сенімдер де сақталған. Мәселен, кейбір зираттарда қабір басына төңкерілген қазан қойылғанын кездестіруге болады. Мұндай рәсім «әулеттің түтіні сөнді» немесе «ұрпағы қалмады» деген мағына береді. Қазақта үлкендер «*қазанды төңкерме*» деп ескертуінің астарында осы сенім жатқан.

Қазанға қатысты салт-дәстүрлер де әр алуан. Қазақ халқы қыз балаға қазан беруді жаман ырымға балап, «ырысым басқа үйге кетіп қалады» деп сақтанған. Сондай-ақ, суға кеткен адамның мәйітін табу үшін сол үйдің қазанын суға төңкеріп, оның қай жерге барып тоқтайтынына қарап іздеу жүргізу де кең тараған ырымдардың бірі болған.

Қазақ халқында қазанға қатысты бата мен қарғыстардың да орны ерекше. *«Қазаның толы болсын», «Қазаның оттан түспесін»* – халықтың береке тілеуінен туған алғыстар болса, «*Қазаның қайнамасын*» – ең ауыр қарғыс түріне жатады. Келін босану үстінде жарыстыра қазан асу рәсімі – «*Жарыс қазан*» деп аталып, ол да бір жағынан толғақтың жеңіл өтуіне ырымдалған. Қонаққа келген туыс-туғандар кейде «*қазан шегелей келдік*» деп әзіл-қалжыңмен ниетін білдіруі – осы қара қазанның қазақ өміріндегі орнын көрсетеді.

«*Қазан шайқалса, ырыс шамданады*» деген халық даналығына үңілсек, бір елдің тыныштығы мен бірлігінің қарапайым ғана ас үй бұйымымен байланыстырылатынын байқаймыз. Бұл сөз ысырап пен немқұрайлылыққа жол бермеу, тіршіліктің құндылығын бағалау идеясының көрінісі іспетті. Қарапайым қара қазан арқылы тұтас ұлттың рухани-мәдени құндылықтары, өмір салты мен дүние танымы бейнеленген.

Қорытынды. Қазақ халқының дәстүрлі ыдыс-аяқ атаулары – ұлттық тіл мен мәдениеттің тұтас көрінісі. Бұл атаулар тек тұрмыстық қажеттілікті сипаттап қана қоймай, халықтың дүниетанымы, әдет-ғұрпы, сенім-нанымы мен эстетикалық талғамының айқын айғағы ретінде танылады. Зерттеу барысында ыдыс-аяқ атауларының лексикалық, семантикалық, этнолингвистикалық, фразеологиялық, танымдық ерекшеліктері жан-жақты сараланып, олардың халық тұрмысындағы қызметі мен маңызын ашуға баса назар аударылды.

Қазақ халқы ыдыс-аяқты тек практикалық тұрғыда қолданған жоқ, оны әлеуметтік мәртебенің, отбасылық беделдің, конақжайлылық мәдениетінің белгісі ретінде де қабылдады. Мысалы, *саба, торсық, көнек, мес, сүйретпе* сияқты ыдыстардың жасалу тәсілі, қолданылуы мен киелі мәні ұлттық болмыстың ажырамас бөлшегі екенін көрсетті. Ыдыс-аяқтарға байланысты ырым-тыйымдар мен фразеологизмдер олардың символдық және сакралдық қызметін дәлелдейді.

Сонымен қатар, ыдыс-аяқтардың әлеуметтік қатынастарды реттеудегі, отбасы мен ру ішіндегі иерархияны айқындаудағы, бала тәрбиесіндегі, сыйластық пен ынтымақты сақтаудағы орны айрықша. Қазан, ошақ сияқты ұғымдар тек аспаздық тұрғыда емес, бүкіл отбасының бірлігі мен ырысының нышаны ретінде қарастырылады.

Осылайша, қазақ тіліндегі ыдыс-аяқ атаулары – этнолингвистикалық тұрғыдан аса құнды мәдени-тілдік мұра. Бұл атауларды зерттеу тек тіл білімін байытып қоймай, ұлттың рухани дүниесін, тарихи тәжірибесін, өмір сүру салтын түсінуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Манкеева, Ж.А. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы. ф.ғ.д. ... дисс. [Текст] / – Алматы, 1997. – 281 б.

2 Хасенов, Ә. Тіл білімінің теориялық және практикалық мәселелері [Текст] / Ә. Хасенов. – Алматы, 1995. – 220 б.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

3 Абдигалиева, Б. Бытовая лексика казахского языка. Дисс. к.ф.н. [Текст] / Б. Абдигалиева – Алма-Ата, 1985. – 200 с.

4 Ооржак, А.Ч. Лексика посуды и домашней утвари в тувинском языке и его диалектах. Дисс. ... к.ф.н. [Текст] / А.Ч. Ооржак – Кызыл, 2022. – 274 с.

5 Власова, Л.А. Лексика кухонной утвари и посуды в орловских говорах. Дисс. ... к.ф.н. [Текст] / Л.А. Власова – Орел, 2002. – 269 с.

6 Киреева, И.В. Лексико-семантические и лингвокультурные особенности русской кухонно-бытовой лексики. Дисс. ... к.ф.н. [Текст] / И.В. Киреева – Кранодар, 2015. – 163 с.

7 Манкеева, Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері [Текст] / Ж.А. Манкеева – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2008. – 356 б.

8 Жұмағұлова, Ө.А. Тұрмыстық лексиканың метафоралық сипаты (ыдыс-аяқ атауларының негізінде) [Текст] / Ө.А. Жұмағұлова // Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – №3, 2015. – 70-79-бб.

REFERENCES

1 Mankeeva, Zh.A. Kazakh tilinin zattyk madeniet leksikasy. f.g.d. ... diss. [Lexicon of material culture of the Kazakh language. doctor of philology... diss.]. Almaty, (1997): – 281 b. – (In Kaz)

2 Hasenov, A. Til biliminin teorijalyk zhane praktikalyk maseleleri [Heoretical and practical problems of linguistics]. Almaty, (1995): 220 b. – (In Kaz)

3 Abdigalieva, B. Bytovaja leksika kazakhskogo jazyka. Diss. k.f.n. [Bytovaya vocabulary of the Kazakh language. Diss. k.f.n]. Alma-Ata, (1985): 200 c. – (In Rus)

4 Oorzhak, A.Ch. Leksika posudy i domashnej utvari v tuvinskom jazyke i ego dialektah. Diss. ... k.f.n. [vocabulary and home utvari in tuvinsky language and its dialects. Diss. ... k.f.n.]. Kyzyl, (2022): 274 s. – (In Rus)

5 Vlasova, L.A. Leksika kuhonnoj utvari i posudy v orlovskih govorah. Diss. ... k.f.n. [Vocabulary of culinary utvari and posu in orlovskiy govorakh. Diss. ... k.f.n.]. Orel, (2002): 269 s. – (In Rus)

6 Kireeva, I.V. Leksiko-semanticheskie i lingvokul'turnye osobennosti russkoj kuhonno-bytovoj leksiki. Diss. ... k.f.n. [Lexico-semanticheskiy and linguocultural identity of the Russian Cook-Cook vocabulary. Diss. ... k.f.n.]. Kranodar, (2015): 163 s. – (In Rus)

7 Mankeeva, Zh.A. Kazakh tilindegi jetnomadeni ataulardyn tanymdyk negizderi [Cognitive foundations of ethnocultural names in the Kazakh language]. Almaty: «Zhibek zholy» baspa uji, (2008): 356 b. – (In Kaz)

8 Zhumagulova, O.A. Turmystyk leksikanyn metaforalyk sipaty (ydys-ajak ataularynyn negizinde) [Metaphorical character of household vocabulary (based on the names of dishes)]. Sh.Ualihanov atyndagy Kokshetau memlekettik universitetinin Habarshysy. Filologija serijasy. – №3, (2015): 70-79-bb. – (In Kaz)

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

Раманова Айгул Абибуллаевна[*1]
Кандидат филологических наук, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Республика Казахстан, 090006, г. Уральск, проспект Н. Назарбаева, 208, ramanova2008@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-2226-3704

Абужалитова Акбаршын Талгатовна[2]
Магистр казахского языка и литературы, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Республика Казахстан, 090006, г. Уральск, проспект Н. Назарбаева, 208, akbarshyn@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-6251-7203

ЭТНОЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА НАЗВАНИЙ ПОСУДЫ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

Аннотация. В данной статье всесторонне рассматривается этнолингвистическая природа названий посуды, являющейся неотъемлемой частью бытовой культуры казахского народа. Основная цель исследования – раскрыть не только утилитарные функции посуды в традиционном казахском обществе, но и ее культурно-символическое, социальное и ритуальное значение. В процессе работы использован комплекс описательного, сравнительного и аналитического методов. Автор, опираясь на историко-культурные данные, фольклорные тексты и лингвистические подходы, проанализировал особенности образования, семантические пласты и сферы употребления названий посуды.

Результаты исследования показывают, что казахская посуда представляет собой не просто предмет для приема пищи, но и важный элемент, отражающий социальную иерархию, нормы гостеприимства, статус женщины в хозяйстве. Материалы, формы и способы использования посуды наглядно иллюстрируют особенности кочевого образа жизни и мировоззрения. Также доказана тесная связь названий посуды с сакральными понятиями, народными верованиями и традиционными обрядами. Результаты могут быть использованы в этнолингвистике, культурологии, истории языка, фольклористике и методике преподавания языка.

Кроме того, в статье рассмотрено культурное содержание фразеологических оборотов и устойчивых выражений, связанных с названиями посуды. Автор, анализируя лексические единицы, тесно связанные с народным мировосприятием, раскрывает их когнитивные и символические функции в языке. Собранный материал может стать основой для пополнения национального лексического фонда и разработки методических рекомендаций, основанных на традиционной культуре.

Ключевые слова. Этнолингвистика, названия посуды, бытовая лексика, культурный код, ритуальная функция, казахское мировоззрение, фразеология, материальная культура.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

Ramanova Aigul Abibullaevna[*1]
Candidate of philological Sciences, West Kazakhstan innovation and Technology University, Republic of Kazakhstan, 090006, Uralsk, N. Nazarbayev Ave., 208, ramanova2008@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-2226-3704

Abuzhalitova Akbarshyn Talgatovna[2]
Master of Kazakh language and literature, West Kazakhstan innovation and Technology University, Republic of Kazakhstan, 090006, Uralsk, N. Nazarbayev Ave., 208, akbarshyn@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-6251-7203

ETHNOLINGUISTIC CHARACTERISTICS OF UTENSIL NAMES IN THE KAZAKH LANGUAGE

Abstract. This article provides a comprehensive examination of the ethnolinguistic nature of dishware terminology, which constitutes an integral part of the material and domestic culture of the Kazakh people. The main objective of the research is to uncover not only the utilitarian functions of dishware in traditional Kazakh society but also its cultural-symbolic, social, and ritual significance. A set of descriptive, comparative, and analytical methods was employed in the study. Drawing on historical-cultural sources, folklore texts, and linguistic approaches, the author analyzed the formation patterns, semantic layers, and areas of use of dishware terms.

The results demonstrate that traditional Kazakh dishware is not merely a tool for food consumption but a meaningful cultural element reflecting social hierarchy, norms of hospitality, and the woman's status in household life. The materials, forms, and usage of dishware vividly illustrate the peculiarities of the nomadic lifestyle and worldview. The study also confirms the close relationship between dishware names and sacred concepts, folk beliefs, and traditional rituals. The research findings may be applied in the fields of ethnolinguistics, cultural studies, historical linguistics, folklore studies, and language teaching methodologies.

Moreover, the article explores the cultural content of phraseological units and fixed expressions related to dishware terminology. By analyzing lexical units deeply rooted in folk consciousness, the author reveals their cognitive and symbolic functions within the language. The collected data can serve as a foundation for enriching the national lexicon and developing teaching guidelines based on traditional cultural values.

***Key words*.** Ethnolinguistics, dishware terminology, domestic vocabulary, cultural code, ritual function, Kazakh worldview, phraseology, material culture.

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

ҒТАХА 16.21.33 **DOI: https://doi.org/10.62724/202520207**

Саматова Жанар Мендигереевна[1]
Магистр педагогических наук,ЧВПОУ «Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет», Республика Казахстан, г.Уральск 090006, проспект Н.Назарбаева, 194
zhanar.samatova80@mail.ru, ORCID ID: 0009-0003-8848-0618
Какимова Данекер Медетовна[*2]
Магистр педагогических наук, Западно-Казахстанский инновационно-технологический университет, Республика Казахстан, г.Уральск 090006, проспект Н.Назарбаева, 194
daneker.kakimova@mail.ru, ORCID ID: 0009-0000-1393-322X

ЛИНГВИСТИЧЕСКОЕ СОПОСТАВЛЕНИЕ КАЗАХСКОГО И РУССКОГО ЯЗЫКОВ

Аннотация. Статья посвящена сравнительному анализу лексико-грамматических характеристик казахского и русского языков в контексте билингвального образования.

Целью исследования является выявление структурных особенностей каждого языка, а также определение сходств и различий, оказывающих влияние на процесс усвоения языков в двуязычной образовательной среде.

Методологической основой исследования стали методы сравнительно-сопоставительного и структурного анализа, а также элементы описательного подхода. Такой подход позволил провести систематизированное изучение лексических единиц, морфологических форм и синтаксических конструкций двух языков.

В ходе анализа были выявлены типологические различия, связанные с принадлежностью языков к разным языковым семьям. Казахский язык относится к кыпчакской группе тюркской языковой семьи, тогда как русский — к восточнославянской подгруппе индоевропейской языковой семьи.

Особое внимание в работе уделено трудностям, с которыми сталкиваются преподаватели и обучающиеся при переходе между языками с различной грамматической структурой.

Научная новизна исследования заключается в комплексном подходе к сравнительному анализу, ориентированному на педагогическую практику. Результаты работы могут быть использованы при разработке учебных программ, создании методических материалов и формировании билингвальной компетенции у педагогов.

Ключевые слова. сопоставительный анализ, фонетика, морфология, сингармонизм, билингвальное обучение

Введение. В процессе становления независимого государства одной из приоритетных задач становится модернизация системы образования. Это предопределяет необходимость внедрения инновационных педагогических технологий в учебный процесс. Одной из эффективных методик, применяемых в практике преподавания, является технология сравнительного обучения, основная цель которой — формирование у студентов осознанного и глубокого понимания изучаемого материала.

Решение задач преподавания и обучения возможно лишь при условии комплексного подхода к организации практических занятий, включающего выбор адекватных методов, приёмов и форм организации учебной деятельности. Существенное значение в повышении мотивации обучающихся к изучению казахского языка имеет

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

использование разнообразных наглядных пособий — в частности, магнитных лент, фонохрестоматий, а также применение творческих и вариативных подходов со стороны преподавателя.

Педагог, ведущий занятия как на русском, так и на казахском языках, должен обладать всесторонними знаниями о грамматическом строе обоих языков, понимать их фонетические и лексические особенности, а также уметь выявлять и объяснять как различия, так и элементы сходства. Недостаточное владение этими аспектами существенно снижает эффективность учебного процесса.

В связи с этим преподавателям, работающим в условиях русскоязычной аудитории, необходимо учитывать типологические особенности казахского и русского языков. Знание лингвистических сходств и различий между ними выступает важной составляющей профессиональной компетентности педагога и способствует более успешной реализации целей билингвального образования. Учитывая актуальность данной проблемы в педагогической практике, представляется целесообразным обратиться к более подробному анализу лингвистических характеристик этих двух языков.

Фонетика представляет собой раздел лингвистики, изучающий звуковую сторону языка, включая особенности звукообразования, их артикуляцию, классификацию и функционирование. Как справедливо указывает В. П. Горелов, «фонетическая система любого языка есть организация звуков, строго детерминированная артикуляторными и акустическими свойствами; её исследование крайне важно для понимания механизмов речи» [1, с. 12]. Одним из ключевых элементов фонетической системы является алфавит — совокупность графических символов, обозначающих звуки речи. В казахском языке алфавит состоит из 42 букв, которые охватывают 37 гласных и 25 согласных фонем.

Гласные звуки казахского языка классифицируются по ряду фонетических признаков, в том числе: **по положению языка** — на твердого (заднего) и мягкого (переднего) ряда:

твердые гласные: а, о, ұ, ы, (у); *мягкие гласные*: ә, ө, і, е, ү, и, (у); **по степени открытости рта** — на открытые (а, ә, о, ө, е, э) и закрытые (ы, і, и, ү, ұ, у); **по лабиализации (участию губ в артикуляции)** — на огубленные (о, ө, ү, ұ, у) и неогубленные (а, ә, е, э, ы, і, и).

Особенность звука **«у»** заключается в его вариативности: он может реализовываться как в твердой, так и в мягкой артикуляции, в зависимости от фонетического контекста (например, *табу* — найти; *теру* — собирать).

Казахская фонетическая система содержит ряд уникальных звуков, отсутствующих в русском языке. Среди них — шесть гласных (ә, ө, ұ, ү, і, ы) и четыре согласных (ң, һ, ғ, қ). Кроме того, в казахском языке распространены дифтонги и двугласные сочетания, что нехарактерно для русской фонологии, за исключением отдельных заимствованных слов.

Важнейшей фонологической особенностью казахского языка является **закон сингармонизма**, или гармония гласных, согласно которому в исконных казахских словах все гласные согласуются по признаку твердости/мягкости. Этот закон оказывает влияние на всю морфологическую систему языка, в том числе на словообразование и формообразование. В отличие от русского языка, где фонологическую нагрузку в основном несёт ударение, в казахском языке эту функцию выполняет сингармонизм. Таким образом, различие между словами определяется не только фонемным составом, но и типом гармонии гласных.

В отличие от русского языка, где **ударение** выполняет главную фонологическую функцию различения слов, в казахском основной дистинктивной нагрузкой наделён

ISSN 2706-6266
ISSN 3007-1062
ISSN 3007-1070

сингармонизм. Как отмечали В. Радлов [3, с. 9], И. А. Бодуэн де Куртенэ [4, с. 43] и Л. В. Щерба[5, с.33] «… в рамках одной и той же языковой системы два явления не могут нести идентичную функцию различения одновременно». Современные исследования казахского языка подтверждают, что в данной системе сингармонизм выполняет основную дифференцирующую функцию. Он устраняет возможность редукции безударных гласных (типичного для русского языка явления) и определяет интонационные характеристики казахской речи.

Согласная система казахского языка включает 25 звуков, классифицируемых следующим образом: **глухие**: п, ф, к, қ, т, с, щ, х, ц, ч; **звонкие**: б, в, г, ғ, з, ж, h; **сонорные**: р, л, й, у, м, н, ң. Следует подчеркнуть, что в казахском языке ни один согласный звук не образует самостоятельного слога, в отличие от некоторых слоговых структур других языков. Слоговая структура характеризуется чередованием гласных и согласных, например: *а-ға, а-па, а-та, төрт-тік*. Кроме того, казахский язык включает ряд букв и звуков, не представленных в русском языке: ә, ө, ұ, ү, і, ғ, қ, ң, h. В русском языке также имеется противопоставление глухих и звонких согласных: б–п, в–ф, г–к, д–т, ж–ш, з–с, при этом х, ц, ч, щ являются непарными глухими.

Таким образом, анализ фонетических систем казахского и русского языков демонстрирует как типологические различия, так и особенности, обусловленные принадлежностью к разным языковым семьям. Казахская система организована преимущественно на основе гармонии гласных, в то время как в русском языке ключевую роль играют ударение и редукция, что обуславливает различия в интонационной, морфологической и фонетической структуре языков.

